Әр адамның қабілеттерін, кәсіби акмеологиялық әлеуетін дамыту арқылы қоғамдық мәні бар мәселелерді шешу қолынан келетін тұлғаларды қалыптастыру мемлекеттің дамуын ілгерілетін фактор ретінде танылады. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Белгілі орыс ғалымы К.Д.Ушинский: "Мұғалім- өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқан кезде оның мұғалімдігі де жойылады" деп жоғарыдағы ойымызды түйіндеп отыр. Ғалымдардың «үздіксіз білім беру – ол адамның бүкіл ғұмыр жолында жеке тұлға ретінде дамып отыруы» деген, сонымен қатар ол – адамға білімнің белгілі бір көлемін беруге бағытталған білім түріне ауысу болып табылады. Үздіксіз білім беру жүйесі бойынша, педагогтың алдында жай ғана білім беру емес, болашақ көшіне жол бастайтын, саналы да білімді ұрпақты тәрбиелеу міндеті тұр. Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби әлеуетін, кәсіби әрекетте және өмірдің басқа да салаларында кәсібилік шыңына жетуді мақсат ететін тұлғаны қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылууда. Бұл жолда мұғалімнің кәсіби әлеуетін дамыту, біліктілігін арттыру сияқты түрлі мәселелер мектеп пен қоғам алдында тұрған жауапты іс болмақ. Мұғалімнің кәсіби даму әлеуеті алған дипломнан кейін әрі қарай тоқтап қалмауы тиіс. Себебі, қазіргі дамыған заманда мұғалім жаһандану көшінен қалып қоймай, заман ағымына ілесіп отыруы керек. Кез келген тұлға өз ісінің шебері, қайталанбас субъектісі болуға тиіс. Маманның кәсіби тұрғыда жетіліп шыңға шығуы бірден қалыптаса салмайды. Оған адамның алған білімдері мен жинаған тәжірибелері, түйген кәсіби ойлары септігін тигізеді. Бұл ретте кешенді ғылым ретінде акмеологияның қосар үлесі зор. Белгілі ғалымдар (А.А.Деркач [3], Б.Г.Ананьевтің [4], Н.В.Кузьмина [5] т.б.) «акмеология» ұғымын кемелденген адамның дамуы жөніндегі ғылым ретінде еңгізіп және өз еңбектерінде акмеологияны тұлғаның ашылмаған әлеуетін дамыту арқылы қарастырады. *Акмеология* - кәсіби шеберлік шыңына жетудің жолдарын, оның заңдылықтарын зерттейтін ғылым. «Акме» ұғымы кәсібиліктің шыңына шығу сол арқылы өмірде табыстарға жету, шығармашылық әлеуеттің дамуы мен адамның шығармашылық әрекет жағдайында ұзақ болуымен түсіндіріледі [6].

Педагогикалық акмеология педагог тұлғасы жетілуінің деңгейлері мен кезеңдерін, сонымен бірге «әлеует» деңгейін анықтайды. *Әлеует (Потенциал*; лат. *potentia* - күш) - қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар. Осы тұрғыда анықтама беріп өтсек, *педагогтардың акмеологиялық әлеуеті* - кәсіби және тұлғалық сапалар жиынтығымен сипатталатын, өзін-өзі жетілдіру, педагогикалық шеберліктің шыңына жетуі және өзін кәсіби тұрғыда дамытуға итермелейтін іргетасы деп қарастырдық.

Үздіксіз білім беру жүйесінде мұғалімдердің кәсіби акмеологиялық әлеуетін, қабілеттерін дамыту жолдары көптеген зерттеулерде ерекше зейінге алынған. Зерттеушілер біріншіден, психологиялық-педагогикалық білім беру мәселесіне жан-жақты көңіл бөлсе де,



екіншіден, мұғалімдердің кәсіби-акмеологиялық дамуын жетілдіруге әрекеттенеді де, осы күнге дейін болашақ мұғалімдерді дайындау іс-әрекеті, олардың акмеологиялық кәсіби қызметін жетілдіру, акмеологиялық ойлау қабілетін дамыту, акмеологиялық әлеуетін даралау мәселелері теориялық, әдістемелік, деңгейде жеткілікті дәрежеде дайындалмағаны байқалады. Акмеологиялық әлеуетті қалыптастыру арқылы кәсіби маманның шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттау арқылы, күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Педагогтың ең маңызды кәсіби акмеологиялық әлеуетінің сипаты – көшбасшылық қабілетінде. Кәсіби акмеологиялық әлеуеті бар педагог деп жаңашыл педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқылы шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл, әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлғаны айтуға болады. Осы қасиеттердің барлығы болашақта шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімнің бойынан табылуы тиіс. «Педагогикалық акмеология» және «педагогикалық шеберлік» ұғымдарын талдай отырып, М.М.Поташник олардың мағыналары жағынан ұқсастығын атап көрсетеді [7].

Тұлғаның акме жағдайға жетуіне ықпал ететін психологиялық құрамаларды төменгі суретте (сурет 1) көрсетуге тырыстық.



Сурет 1 - Акме жағдайға жетуге ықпал ететін құрамалар

Сонымен, «акме», «акмеологиялық әлеует», «кәсіби әлеует», «үздіксіз білім беру» категориялары өзара байланысты және тәуелді бола отырып, педагог мамандардың акмеологиялық дайындығының құрылымдық компоненттері болып табылады. Мұғалімдердің кәсіби акмеологиялық әлеуеті сонымен қатар олардың жалпы кәсіби іс-әрекетке дайындығының арнайы түрі, психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін акмеологиялық бағыттылығының көрінісі деп айтуға да әбден болады. Акмеологиялық дайындық іс-әрекет субъектілерінің акмеологиялық деңгейімен, оның тиімді іс-әрекетке, өнімді тұлғалық-кәсібилік дамуға бағыттылығын көрсетеді [8].

Акме шыңға қол жеткізу деп шеберлікті ғана емес, сонымен бірге аса маңызды тұлғалық-кәсіби қасиеттерді (мақсатқа талпынушылық, бастамашылық, ұйымшылдық және басқалары), мінездік ерекшеліктерін (табандылық, жауапкершілік және басқалары), интеллектуалдық қасиеттерді дамыту және шығармашылық әлеуетін ашуды да түсінеді. Нағыз кәсіби маманның қалыптасуы әрқашан маманның тұлғалық-кәсіби дамуымен байланысты, сондықтан біз акмеологиялық әлеуетті кәсібиліктің негізгі қыры болып саналатын ең жоғары деңгейі ретінде қарастырамыз.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. «Егемен Қазақстан». - 10 шілде 2012.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 18.08.2010. - ҚР БҒМ № 454 бұйрығы.
3. Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионала. – М.: Изд-во Воронеж: ИПО «МОДЭК», 2004. - 752 с.
4. Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания. - МОДЭК, 2005. - 320 с.
5. Кузьмина Н.В. Предмет акмеологии. – СПб.: Политехника, 2002. – 189 с.
6. Тұрғынбаева Б.А. Педагогикалық акмеология. – Алматы. - 2017. - 165 б.
7. Руководство и лидерство // Сб. науч. тр. - Л.: ЛГУ, 1973.
8. Кузьмина Н.В. Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования. - М., 2001. - С.11.

ӘОЖ 37.0 (075.8)

*К.Ж.Бұзаубақова*

## **ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЕНДІРУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КҮЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Қазақстан, Тараз*

*Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,*

### *Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасында дуалды оқыту жүйесінде жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагог кадрларды дайындаудың мазмұны ашылып, басым бағыттары зерделенеді. Сондай-ақ, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде жаратылыстану бағытындағы мамандықтарды дуалды оқытуды жүйесіне көшіруде Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің инновациялық тәжірибесі сараланады. Бұл мақала АР05134826 «Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясында жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру және жүзеге асыру жолдары» гранттық жоба аясында жарияланады.

*Түйінді сөздер:* Дуалды оқыту, дуалды оқыту базасы, дуалды білім беру бағдарламасы, дуалды білім беру траекториясы, үштілді болашақ педагог.

### *Аннотация*

В статье раскрывается содержание подготовки трехязычных педагогических кадров, способных к глобальному конкурентоспособному обучению в системе дуального обучения в Республике Казахстан, также изучаются их приоритетные направления. Кроме того, в системе высшего педагогического образования будет проанализирован инновационный опыт Таразского государственного педагогического университета по переходу специальностей естественно-научного направления на систему дуального обучения. Данная статья публикуется в рамках грантового финансирования по проекту АР05134826 «Совершенствование системы высшего педагогического образования в рамках третьей модернизации Казахстана: пути внедрения и реализации системы дуального обучения в подготовке трехязычных педагогических кадров глобальной конкурентоспособности в Республике Казахстан».

*Ключевые слова:* дуальное обучение, база дуального обучения, программа дуального образования, траектория дуального образования, будущий трехязычный педагог.

### *Abstract*

The article reveals the content of training trilingual teaching staff capable of global competitive training in the system of dual training in the Republic of Kazakhstan, also studied their priority areas. In addition, the system of higher pedagogical education will analyze the innovative experience of Taraz state pedagogical University in the transition of specialties of natural science to the system of dual training. This article is published in the framework of grant funding for the project АР05134826 "Improvement of the system of higher pedagogical education in the framework of the third modernization of Kazakhstan: ways of introduction and implementation of the system of dual training in the preparation of trilingual teaching staff of global competitiveness in the Republic of Kazakhstan".

*Keywords:* dual education, the base of the dual training, dual education, the trajectory of the dual education, the future of trilingual teacher.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында өсудің, дамудың негізгі қозғаушы күші жаңа технологиялар болары айқын. Әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылу үшін халқымыз тез өзгермелі жағдайларға бейімделіп, өндірістің барлық салаларына цифрлы технологияларды енгізуі бүгінгі күннің қажеттілігінен туындап отыр [1].

XXI ғасырда білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс, білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыруымыз қажет. Оқыту бағдарламасын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру және жүзеге асырудың қажеттілігі туындауда: болашақ педагог мамандар оқытудың тұлғаға бағдарланған инновациялық технологияларын тек теориялық тұрғыдан емес өндірістік оқыту базасында тәжірибеден сынақтан өткізе отырып, кәсіби біліктіліктің жоғары деңгейін меңгеруі тиіс.

Білім берудің дуалдық жүйесі деп білім алушылар тандаған мамандықтары бойынша білімді екі білім беру мекемесінде алатын, яғни білім беруге екі мекеме атсалысатын жүйені атайды. Бір жағынан ол кәсіби мектеп, ал екінші жағынан оқытатындай өндіріс орны. Екі мекеме бір-біріне тәуелсіз серіктестер болып табылады.

Шын мәнінде өндіріс орындарындағы кәсіптік оқыту (кәсіптік білім беруді жалпылама негіздерін мемлекет анықтайды) кәсіпкерлердің бақылауы негізінде жүзеге асырылады. Бұл кәсіптік оқытудың дуалды формасында оқу уақытының басым бөлігі тікелей жұмыс орнында өтетіндігімен ерекшеленеді.

Оқу процесі төмендегідей ұйымдастырылады: жоғары оқу орындарында, колледжде немесе басқа кәсіби білім беру мекемелерінде (жалпыбілімдік дайындық) студенттер күнделікті сабақтармен қатар нақты кәсіпорынға немесе фирмаларға барады, практикалық тәжірибе жинақтайды (кәсіби дайындық).

Ең маңыздысы, білімді өндірістік қызметпен ұштастырған студенттер сол өндіріс орнында жұмыс істеуге қалады. Білім беру мекемелері жұмыс берушілермен міндетті түрде ынтымақтастық орнатуы қажет.

Дуалды оқытудың практикалық (өндірістік) бөлігі шамамен оқу уақытының үштен екі бөлігін, ал кәсіптік теориялық бөлігі шамамен оқу уақытының үштен бір бөлігін құрайды. Бұл жүйе Германияда ғана емес, сондай-ақ Австрия мен Швейцарияда тәжірибеге енген.

Жұмыс күшінің сапа мониторингі Халықаралық институтының (Швейцария) бағалауы бойынша Германияның кәсіптік білім беру жүйесі кадрлардың біліктілік деңгейі бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады.

Шетелдік ғалымдар – W.Greinert, F.Kuebert, A.Lipsmeier, H.Puetz, A.Schelten, H.Schmidt, K.Stratmann өндірістегі кәсіптік оқытудың экономикалық рентабельділігін және кәсіптік мектеп пен өндірістің өзара ынтымақтастығының тиімділігін зерттеді [2].

Дуалды оқытудың мақсаты – студенттердің теориялық және практикалық құзыреттілігін қалыптастыру, оған танымдық және кәсіби іс-әрекетте оны белсенді қолдана алатындай етіп көмектесу.

Дуалды білім берудің негізгі міндеттері:

- болашақ педагогтың сапалы білім алу үшін өзін-өзі кәсіби іске асыруда теориялық білімін эксперименталдық алаңда тәжірибелік сынақтан өткізе алуы;

- болашақ педагогтың жалпы орта білім беретін мекемелерде (өндіріс орындарында) тәжірибелі мамандардың сабақтарына қатысып, педагогикалық мониторинг жүргізуі;

- болашақ педагогтың жалпы орта білім беретін мекемелерде (өндіріс орындарында) ғалым-педагогтармен, тәжірибелі мамандармен, жаңашыл педагогтармен бірлесе отырып инновациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне тиімді ендіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуі;

- болашақ педагогтың жалпы орта білім беретін мекемелерде (өндіріс орындарында) ғалым-педагогтар, тәжірибелі мамандар, жаңашыл педагогтармен бірлесе ұйымдастырылатын инновациялық теориялық, практикалық және әдістемелік семинар, конференцияларға қатысып, кәсіби білімдерін шыңдауы;

- болашақ педагогтың өз бетінше білім алу әрекетін тиімді жоспарлай және ұйымдастыра алуы, білімді игеру қызметіне талдау және педагогикалық рефлексия жасай алуы болып табылады [3].

Қазақстанның жоғары мектебі әлемдік білім деңгейіне жетуге және бірыңғай білім беру кеңістігіне еруге ұмтылуы керек. Жоғары педагогикалық оқу орындарында инновациялық білім мен технологияны меңгерген, ақпараттық-коммуникативтік күзiреттiлiгi қалыптасқан, кәсiби-педагогикалық бiлiктiлiк деңгейi, шығармашылық ойлау қабiлетi жоғары, рухани тұрғыдан дамыған, бiлiм беру саласындағы инновациялық процестердi жүзеге асыруға қабiлеттi креативтi үштiлдi педагог даярлау мәселесiне жаңа тұрғыдан қарауды талап етедi.

Педагогикалық жоғары оқу орына дуалды оқыту жүйесін ендiрудiң алғашқы қадамдары жасалуда.

2015-2016 оқу жылында Тараз мемлекеттiк педагогикалық институтында дуалды оқыту жүйесiне эксперименттiк режим тұрғысынан төмендегiдей мамандықтар көшiрiлдi: Мектепке дейiнгi оқыту және тәрбиелеу; Дефектология; Дене шынықтыру және спорт; Кәсiптiк оқыту.

Студенттердi кәсiби дайындаудың практикалық бөлiгi (кәсiби пәндердi оқыту әдiстемесi) «Тараз-Арена» жаңа спорт сарайында, «Аспара» колледжiнде, «Асыл Дизайн» сән үйiнде, балалардың шығармашылық даму орталығында және № 33 «Айсәуле» балабақшасы, № 35 «Ертөстiк» инновациялық бала бақшаларында және Тараз қаласында Назарбаев Зияткерлiк мектебiнде өткiзiлуде.

2018 жылдан бастап Тараз мемлекеттiк педагогикалық университетiнде «Қазақстанның үшiншi жаңғыруы аясында жоғары педагогикалық бiлiм беру жүйесiн жетiлдiру: Қазақстан Республикасында жаһандық бәсекеге қабiлеттi үштiлдi педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесiн ендiру және жүзеге асыру жолдары» қанатқақты жобаны жүзеге асыруда.

Жобаның мақсаты - Қазақстанның үшiншi жаңғыруы аясында жоғары педагогикалық бiлiм беру жүйесiн жетiлдiруде Қазақстандық және Еуропалық бiлiм беру интеграциясы аясында ТарМПИ мен Германияның Лейпциг университетiнiң инновациялық ынтымақтастық серiктестiгi негiзiнде жаһандық бәсекеге қабiлеттi үштiлдi педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесiн ендiру және жүзеге асырудың теориялық негiздерiн айқындау, жолдарын анықтау, әдiстемесiн жасау.

2018-2019 оқу жылынан бастап Тараз мемлекеттiк педагогикалық университетiнде 5B011200 - Химия мамандығы эксперименттiк негiзде дуалды оқыту жүйесiне көшiрiлмекшi. Қазiрдiң өзiнде дуалды оқыту базаларымен және серiктес шетелдiк жоғары оқу орнымен келiсiм-шарттар жасалынды.

Дуалды бiлiм беруде оқу-тәрбие процесiнiң мiндеттi компонентi түйiндi құзыреттiлiктердi қалыптастыруға ықпал ететiн болашақ педагогтардың жобалау, зерттеу қызметтерi болып табылады. Оқу жылы бойы болашақ педагогтар жеке-дара немесе топтың құрамында тұлғалық-мәнi бар авторлық жобаны (пән аралық және пәндiк мазмұн базасында) әзiрлейдi және жүзеге асырады.

Дуалды бiлiм беру оқу жоспарының инвариантты бөлiгiндегi оқу пәндерi бойынша оқулықтар мен оқу-әдiстемелiк кешендер дуалды бiлiм беретiн жоғары педагогикалық бiлiм беретiн оқу орындарының оқу бағдарламаларына қатаң сәйкестiкте әзiрленуi керек.

Дуалды бiлiм беру траекториясының iске асыру барысында болашақ педагогтың оқу жетiстiктерiнiң нәтижелерiн бағалау үшiн әдiстемелiк және технологиялық дайындығы анықталады және белгiлi бiр оқу кезеңi үшiн мақсатқа бағытталған, жүйелi және үздiксiз бағалау мен өзiндiк бағалау нысаны ретiнде әдiстемелiк портфолио даярланады: педагогикалық мониторинг, диагностикалау.

Болашақ педагогтың даярлығының сапасына қойылатын дуалды бiлiм берудiң оқу бағдарламаларының мiндеттi мазмұнын айқындайды.

Педагогикалық бiлiм беру жүйесiн жетiлдiру, елiмiздiң үздiксiз бiлiм беру жүйесiндегi озық әлемдiк тәжiрибеге сай келетiн үштiлдi болашақ педагогтың креативтi сапаларын

дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында педагогикалық жоғарғы оқу орнына дуалды оқыту жүйесін ендіру қажеттілігі туындауда.

Педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру, еліміздің үздіксіз білім беру жүйесіндегі озық әлемдік тәжірибеге сай келетін үштілді болашақ педагогтың креативті сапаларын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында педагогикалық жоғарғы оқу орнына дуалды оқыту жүйесін ендіру қажеттілігі туындауда.

Дуалды оқыту бағдарламасы әрқайсысы нақты мамандыққа сәйкес келетін екі бағдарламаның комбинация болып табылады. Барлық мамандықтар бойынша оқыту бағдарламасының негізін екі пәндер тобы құрайды: міндетті пәндер және таңдау пәндері. Міндетті пәндер тиісті мамандарды жалпы теориялық дайындаудың негізі болып табылады және кез келген бағдарламаның инвариантты өзегін құрайды.

Олар бағдарламаның негізгі бөлігі болып табылады және мазмұны қатаң анықталған. Бағдарламаның элективті бөлігі білім беру бағдарламасының аймағымен тікелей байланысты және студенттердің алған білімін тереңдете және кеңейте алатындай пәндер жиынтығын құрайды. Дуалды бағдарламаны жүзеге асыруды қамтамасыз етудің қажетті шарты және оқытуды жекелендіру процесі болып табылады. Дуалды бағдарламасын таңдаған болашақ мұғалім үшін білім беру траекториясын дараландыру тұрғысында дәстүрлі бағдарламаны оқуға сай құрастыру қажет.

Оқыту процесін дараландыру жағдайында дуалды бағдарламасын таңдаған болашақ педагогтың білім беру траекториясы жай бағдарлама бойынша оқытуды таңдағандардыкімен бірдей болып түзіледі.

Алайда дуалды бағдарламаларды жүзеге асыру тетіктерін құру кезінде қазақстандық ЖОО-да оқыту процесін ұйымдастыруда әрбір студент үшін жеке білім беру траекториясын дайындайтындай жекелендіру бағыты мүлдем дамымағандығын ескеру қажет.

Дуалды бағдарламаны жүзеге асыруда осы кеңесші қолайлы және икемді білім беру траекториясын нақты студентке бейімдейді. Дуалды білім беру бағдарламаларына көшу оқу уақытының төмендеуімен бірге қарқындылығын, яғни студенттің жауапкершілігін арттырады.

Осылайша, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде дуалды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру шарттарын анықтауға болады. Оларды қамтитындар:

- міндетті және элективті пәндерді ажырататындай бағдарламаларды құрылымдау;
- әр студентке дуалды бағдарламаның өз нұсқасын таңдауға мүмкіндік беретіндей оқыту процесін дараландыру;
- материалды-техникалық және құжаттамалық (каталог, перспективалық жоспар және т.б.);
- оқу процесінде дуалды бағдарламаны қолдану.

Дуалды бағдарлама әртүрлі білім беру траекториясын жүзеге асыру арқылы жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, сұраныстары мен дара қабілеттерін ескеретіндей білім берудің вариативтілік мүмкіндіктерін арттырады.

Дуалды бағдарлама өзінің екіжақтылығымен біріктірілетін бағдарламалардың қасиеттерін үйлестіру негізінде әртараптандырудың жаңа факторларын дамытуды қамтамасыз етеді.

Дуалды білім беру бағдарламалары:

- өндіріс жағдайында, «шынайы өмір» жағдайында болашақ мұғалімдерді дайындаудың тиімділігін арттыруға қосымша мүмкіндіктер ашады;
- әртүрлі кәсіби бағдарламаларды көйбейтуді қамтамасыз етеді;
- оқушылармен қатар болашақ мұғалімдердің де неғұрлым жан-жақты кәсіби дамуына жағдай жасайды;
- әртүрлі жүйелердің (ғылым және білім, ғылым және өндіріс және т.б.) өзара байланысы, өзара сіңісуі, өзара әсерлесуін қамтамасыз ететіндей білім беру мекемелері мен өндіріс арасындағы өзара тиімді қарым-қатынастарды дамыту кәсіптік оқытуда сапалық өзгерістерге әкеледі;

- білім беру мекемелері мен өндірісте оқытуды ұдайы алмастыру білім алушылардың жақсы ынталануына ықпал етеді;

- зертханалар мен оқу-өндірістік шеберханаларда ғана емес, өндірістерде де оқытудың тәжірибелік бөліктерін өткізуге мүмкіндік туғызады. Өндірісте білім алушылар іс жүзінде алған білімдерін қолдана алады;

- жұмыс берушілер «шығуда» өндірістің (мекеменің) жұмыс ерекшеліктерімен жете таныс, сонда алғашқы кәсіптік бейімделуден өткен дайын мамандарды алуға мүмкіншілік туады.

Дуалды оқыту болашақ мамандарды кәсіби және әлеуметтік бейімдеу бойынша білім беру мекемелері мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз ынтымақтастықтың нәтижесі болып табылады.

Білім алушы оқытудың алғашқы кезеңінде кәсіпорынның жұмысшысы ретінде өндірістік процеске қатысады, функционалдық міндеттеріне сәйкес бөлінген ресурстарды қолданады, қызметтік жауапкершілікті арқалайды, кейбір жағдайларда жалақы алады .

Өртүрлі елдердегі еңбек ресурстарын дайындауды талдау кәсіпкер немесе жұмысшының әлеуметтік рөліне өндірістік технологиялар мәселелері бойынша құзыретті және кәсіби ортамен өзара әрекеттесе алатын, кәсіпкерлік пен ішкіфирмалық менеджмент дағдыларын меңгерген білім алушыларды маман ретінде дайындау, таңдаған мамандығы аясында жаңа идеяларды жүзеге асыруға қабілетті креативті тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық жоғары оқу орнында дуалды білім беру жүйесін іске асыру және дуалды базалармен ынтымақтастық байланыс орнатады. Жоғары оқу орнының базасында «Дуалды білім беру орталығы» ашылады және 2+2 типінде «Жоғары оқу орнындағы дуалды оқыту жүйесі» білім беру бағдарламасы әзірленеді. Болашақ мұғалімдер 1 және 2 курста теориялық білім алады, ал 3-ші және 4-ші курстар практикаға арналады.

Қазіргі қоғамның ең маңызды қағидаттарының бірі индустриялық-инновациялық экономика және жоғары білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіру, дамыту болып табылады. Педагогикалық жоғары оқу орындары еңбек нарығындағы жұмыс берушілер мен бәсекеге қабілетті заманауи талаптарын қанағаттандыратын мамандар шығарады.

Болашақ педагогтың даярлығының сапасына қойылатын дуалды білім берудің оқу бағдарламаларының міндетті мазмұнын айқындайды.

Дуалды білім беруде базалық пәндер циклінің мақсаты – кәсіби білімнің іргетасы ретінде психологиялық-педагогикалық және арнайы сипаттағы базалық білімді қамтамасыз ету; психологиялық-педагогикалық пәндер және оқу пәндерінің пәндік-теориялық негіздері бойынша білім жүйесін меңгеру; дербес әдістемелік пәндерді оқуда игерген білімдерін және осы негізде қалыптасқан түйінді пәндік құзыреттерін өндіріс базасында ғылыми-педагогикалық зерттеу жүргізу және практикалық қызметінде қолдану біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Дуалды білім беруде кәсіптендіру пәндер циклінің мақсаты–кәсіби білімді және тәжірибелік дағдыларды қамтамасыз ету; оқыту теориясы мен технологиясын терең меңгеру; педагогикалық процестегі, оқу пәндерінен алған білімдерін практикада қолдану арқылы болашақ педагогтың пәндік, түйінді құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Дуалды білім беру бойынша жаңа үлгідегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер болашақ педагогтардың оқу материалдарын интерактивті режимде өз бетінше игеруіне бағытталуы тиіс.

Болашақ педагогтың даярлығының сапасына қойылатын дуалды білім берудің оқу бағдарламаларының міндетті мазмұнын айқындайды.

### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі***

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2018.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

3. Бұзаубақова К.Ж. Жоғары оқу орындарындағы дуалды білім беру жүйесінің ерекшеліктері: Қазақстан және Германия, Ресей тәжірибелері: Монография. - Тараз: ИП Бейсенбекова А., 2016. - 156 б.

ОӘЖ 37.01

*Ш.И.Джанзакова*

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДА ЭТНОПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

*Қазақстан, Атырау*

*Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті*

*Аңдатпа*

Мақалада рухани жаңғыру идеясын іске асыруда этнопедагогика ғылымының маңызы туралы қарастырылады. Қазақтың халықтық педагогикасының даму кезеңдерін, қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде туып, қалыптасып даму кезеңдеріне тоқталады. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен халық тарихының, мәдениетінің, дәстүрлерінің ғылыми негізделуі және этнопедагогика жеке оқу пәні болып қалыптасуының тарихи шарттары қамтылады.

*Түйінді сөздер:* Этнопедагогика, этникалық білім, әлеуметтік танымдық тәжірибе, этнос, этномәдениет, этнопедагогикалық мәдениет.

*Аннотация*

В статье рассматривается важность этнопедагогической науки в реализации идеи духовного возрождения. Рассматривает этапы развития казахской народной педагогики, этапы развития и формирования казахской этнопедагогической науки. Также рассмотрены научное формирование истории, культуры, традиций народа с получением независимости Казахстана и формирование этнопедагогической науки как отдельной дисциплины.

*Ключевые слова:* Этнопедагогика, этническое образование, социальная когнитивная практика, этнос, этническая культура, этнопедагогическая культура.

*Annotation*

The article considers the importance of ethnopedagogical science in the realization of the idea of spiritual renewal. It considers the development stages of Kazakh folk pedagogy, stages of development and formation of Kazakh ethno-pedagogy as a science. Also, the scientific formation of the history, culture, traditions of the people with the independence of Kazakhstan, and the formation of ethno-pedagogy as a separate discipline will be considered.

*Keywords:* Ethnopedagogy, ethnic education, social cognitive practice, ethnos, ethnic culture, ethno-pedagogical culture.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа Жолдауында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», дей келе тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыттарын атап көрсетеді: қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгерту, жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттыру, табысқа жетуге мүмкіндік, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді деп нақтылайды [1].

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты адамдардың өз халқының тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне деген қызығушылығы тереңдей түсті. Осыған орай халықтың сарқылмас парасатының бейнесі этнопедагогикалық білімдерге ерекше көңіл аударылуда. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде, зерттеулерде этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері жасалып, жоғары оқу орындарында этнопедагогика зертханалары мен кафедралары, орталықтары құрылуда, этнопедагогика курсы оқытылуда. Этнопедагогика, салыстырмалы этнопедагогика мәселелері Қазақстанның көптеген ғалымдарының ғылыми зерттеулерінің пәніне айналды. Жалпы білім беретін мектептер үшін ұлттық тәрбиенің теориялық негіздері жасалуда. Бұл ұмтылыстар біздің республикада этнопедагогикалық білім берудің белгілі бір жүйесін жасауға мүмкіндік туғызды. Бұл жүйені жіктеу және нақтылау керек. Қазіргі уақытта этнопедагогика жеке оқу пәні болып қалыптасты. Ғылыми-педагогикалық әдебиетте оқу пәні білімдер жүйесі, оқу әрекеті түрлерінің жүйесі, оқу жоспарлары құрамының элементі ретінде анықталды. Оқу пәнінің білімдер жүйесінің компоненттеріне түсініктік аппарат, теориялық тұжырымдар мен түсіндірулер, зерделенген үрдістер мен құбылыстар жатады. Осыған байланысты этнопедагогикалық білімдердің қалыптасу көздерін зерделеу және талдау қажеттілігі туындайды. Бүгінгі күні этнопедагогикалық білімнің мол қоры жинақталған.

Этнопедагогикалық білім дегеніміз – нақты этностың педагогикалық мәдениеті үшін танымдық және тәрбиелік мәні бар білім, бұл жеке тұлғаның санасындағы әлемнің этникалық бейнесінің мазмұны К.Ж.Қожахметованың еңбегінде негізгі орын алады [2]. Этникалық білім – этникалық құбылысқа тікелей қатысты білім. Біз зерттеуімізде білімді педагогиканың категориясы ретінде қарастырған В.И.Гинецинскийдің тұжырымдамасын, философтардың білімдерді тәжірибелік, рухани-тәжірибелік және теориялық деп жіктеуін басшылыққа алдық [3]. Демек, этнопедагогика оқу пәні құралына енетін алты бөліктердегі білімдерді осылайша тәжірибелік, рухани- тәжірибелік және теориялық деп қарастырылды. Этнопедагогиканың осы күнге дейінгі даму үрдісі оның теориялық деңгейдегі білімі жақын уақыттан бері қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Этнопедагогиканың практикалық білімі әртүрлі тәжірибе аясында қызмет етеді. Рухани-тәжірибелік білімге қарым-қатынас туралы білім, культтік, реттеуші, көркемдік білімдер жатады. Рухани білім әлеуметтік танымдық тәжірибені жинақтайды, өндейді және таратады, тікелей материалдық өндірістен алшақ жатады. Бұл білімнің бір ғана объектісі бар, ол адами әрекет пен қарым-қатынас үрдісі және нәтижесі. Рухани-тәжірибелік білім тәжірибелік білімнен ерекшеленеді де, практикадан бөлінеді. Рухани- тәжірибелік білімді қолдану өлшемі оның қоғамдық қатынастар жүйесімен келісілуі.

Егер тәжірибелік білім табиғи және әлеуметтік әлемді қайта құру жолын көрсетсе, ал рухани-тәжірибелік білім әлем бейнесін адамның қажеттіліктері мен қызығушылықтарынан туындататын, адамға өзіне және басқа адамдарға қалай қарау керектігін үйрететін білім. Рухани-тәжірибелік білімнің танымдық мазмұны көптүрлі және маңызы жоғары, адами үміттер, ұмтылыстар, бағалаулар және қызығушылықтарды және рухани дамудың жәйі мен болашағы сипатталады. Демек, халықтық тәрбие мен халықтық педагогиканың құрылымында негізінен практикалық және рухани-практикалық білімдерді көруге болады, ал этностық педагогикада тұтас алғанда рухани-практикалық білімнің жетілген түрлері мен теориялық білімдер дамиды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде зерттеушілер қазақтың халықтық педагогикасының даму кезеңдерін, қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде туып, қалыптасып даму кезеңдерін С.Қ.Қалиев, Қазақстандағы этнопедагогикалық ойлар тарихын Ә.Табылдыев, халықтың тәрбиесі мен педагогикалық ойлар Т.М.Әлсатов Қ.Б.Жарықбаев Т.Н.Петрова зерделеді, сондай-ақ, этнопедагогиканың ғылым ретіндегі мәртебесін анықтау бағытындағы зерттеулердің Г.Н.Волков, қазақ философиясы аясында халықтық тәрбие мен этнопедагогика мәселелерінің ой елегінен өтуі, этнопедагогиканың этнопсихологиямен байланысының, этнопсихологияның негіздерін О.Аймағамбетова, Н.Елікбаев, Н.Жанділдин, Қ.Жарықбаев, К.Жүкеш, К.Оразбекова, Т.Тәжібаев, жеке тарихи тұлғалар, қайраткерлер,



ағартушылар, ойшылдар, ғалымдардың еңбектеріндегі этнопедагогикалық ойлар мен тұжырымдамаларының жүйеленуі, этнопедагогикалық оқу-тәрбие материалдарының білімдік әлеуетінің анықталуы, этнопедагогиканың этнологиялық, этнопсихологиялық, этномәдени, этнофилософиялық, этнографиялық бастауларының қарастырылуы, ұлттық дүниетаным, ұлттық мектеп, этнопедагогика білім беру мәселелерінің тұжырымдалануы, этнопедагогикадан оқу бағдарламаларының, оқу құралдарының жасалуы, этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық және практикалық мәселелері бойынша халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарындағы көп қырлы идеялардың жиынтығы этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құруға қажет *ақпараттық-мәселелік-мәндік* саладағы зерттеу нәтижелерінің жиынтығын құрастырады.

Әлеуметтік-философиялық және тарихи-педагогикалық тұрғыдан ең басты алғашқы білімдер «этнос», «халықтық», «этникалық», «этникалық сәйкестік», «этномәдениет», «этнопедагогика», «этнопедагогикалық мәдениет» сияқты түсініктердің анықтамалары мен жіктемелері болып табылады.

Этнология мен этнографияның арақатынасын зерттеушілер, *этнография* – ғылымның эмпирикалық деңгейі, *этнология* – теориялық деңгейі деп түсіндіреді. Сондықтан, этнология пәні деп этникалық ұжымдардың мінез-құлқы деп түсініледі. Пәннің анықтамасынан түсінікті болғандай, этнологияны ғылым ретінде, алдымен этностардың өмір сүру феномендерін (тууы және қызмет етуі), сонымен бірге, олар өздерін қалай түсінуі (этникалық өзіндік сана), олар мәдениетте қалай дамиды, өзін қалай қалыптастырады (этнопедагогика) – сияқты мәселелік сұрақтар үнемі қызықтырады. Этнопсихология мен этнопедагогика – ХХ ғасырдың туындылары және олардың пайда болуы заңды: адамзаттың әлеуметтік дамуы жақсы зерттелген, ал этностар туралы мәселе – ашық күйде тұр. Дегенмен де этностан тыс жер бетінде бірде бір адам жоқ, әрбір адам өзінің этносқа жататынын сезінеді, яғни этникалық сана (этникалық ұқсастық, этникалыққа «жатқызу») – объективті және нағыз құбылыс, «Мен кімін?», - деген сұраққа жауап.

«Этнос – адамдардың белгілі бір территорияда тарихи қалыптасқан тұрақты жиынтығы, олар мәдениеті және психологиялық мүсіні, сондай-ақ, өзінің бірлігі мен басқалардан айырмасын сезінуінің жалпы белгілері мен тұрақты ерекшеліктерін білдіреді» [4].

Этнограф ғалым А.Сейдімбек «Этнос» терминіне ғылыми талдау жасап, «этнос» термині байырғы грек тілінде сөз орайына байланысты «үйір», «топ», «тайпа», «халық» мағынасында қолданылғанымен, ғылыми әдебиет жүзінде ХҮІІІ ғасырдан бергі кезеңде көріне бастағанын дәлелді келтірген. Автор «этнос» сөзінің ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әр салалы этнологиялық зерттеулердегі терең мәнін, яғни этностардың тарихи типологиясын, этникалық сана-сезімді, этностың биологиялық даралығы, этностың мәдени ерекшелігі, этностың территориялық және экономикалық байланысы, этносаралық кірігу т.б. тақырып өрістерінен «этнос» сөзінің мән-мағынасының тереңдегенін көрсетті. «Этнос» ұғымының қазіргі ғылыми айналымдағы мән-мағынасын былайша тұжырымдайды: белгілі бір мекенде тарихи өсіп-өнген, психикасына сәйкес ортақ және орныққан тілі, мәдениеті бар, сондай-ақ, өздерінің әрі біртұтастығын, әрі өзгелерден ерекшелігін сезінетін сана-сезімі қалыптасқан, өзіндік атауға ие адамдар қауымын «этнос» дейді [5].

Халықтың тәрбие тәжірибесінен әлеуметтік-тарихи құбылыс ретінде тарихи дамудың барлық кезеңдеріндегі жайын оқып-үйрену бұрынғы және қазіргі педагогтардың ғылыми қызығушылықтарының қатарына енді.

Сонымен, «халық педагогикасы» және «этностық педагогика» түсініктерінің анықтамалары мазмұнын жүйелеу және қорыту мынадай тұжырымдар жасауға әкелді: көптеген зерттеушілер, бәрі дерлік, «халық» және «этникалық» деген сөздерден кейін «педагогика» сөзінің тұрғанына көңіл бөлмейді. Әрине бұл жерде «педагогика» ұғымының болуы халық педагогикасы мазмұнына білімдер, іскерліктер, дағдылар, тәжірибе, эмпирикалық деңгейдегі тәрбиеге қатысты практикалық әрекетті енгізуге мүмкіндік туғызады. Кестеде көрсетілгендей, авторлар халық педагогикасының мәнін дұрыс анықтай келе, олар белгілі бірегейлікке жол береді (хронологиялық жағынан алғанда, бұл ғалымдар

өзінен алдыңғы анықтамаларға сүйенеді), мәселенің танымдық жағына баса көңіл аударатырып, олар халықтың және оның тәрбиесі туралы халық жинақтаған. Г.Н.Волков халық педагогикасы дегеніміз – «тәрбие мәселесі бойынша эмпирикалық мәліметтер мен білімдер жиынтығы; бұл білімдер мен мәліметтер әдетте ауызша таратылады да өзінің құрамына еңбекшілердің өскелең ұрпақты тәрбиелейтін практикалық әрекеті енеді» [6].

Этнопедагогика - бұқараның өскелең ұрпақты тәрбиелеу туралы педагогикалық пікірлері, тұрмыс педагогикасы, отбасы, ру, тайпа, ұлыс пен ұлт педагогикасы туралы ғылым. Этникалық педагогика ұлттық мінездің тарихи жағдайлардың әсерімен қалыптасу ерекшеліктерін зерттейді [6].

Этнопедагогикалық білімнің сарқылмайтын бұлағы ретінде Қ.Б.Жарықбаев пен С.Қ.Қалиев құрастырған Қазақстандағы педагогикалық ойлардың қалыптасу және даму тарихы жүйелі баяндалатын, қазақ этнопедагогикасының өзіндік ерекшелігі ашылатын «Қазақстандағы педагогикалық ойлар Антологиясы» қызмет атқара алады. Бұл Антология «Этнопедагогика» оқу пәнінің қалыптасуына қосылған құнды еңбек деп есептейміз [7].

Этнопедагогикалық білімнің қайнар көзінің бірі «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік деңгейде мәдени мұраның саралануы этнопедагогиканың даму тарихына үлкен үлес қоспақ [8].

Сонымен біз, этнопедагогиканың ғылыми ұғымдары мен оның нысанасы болып табылатын халықтық педагогиканың даму эволюциясын этнопедагогиканың даму тарихының негізгі мәні деп қарастырдық.

Этномәдени білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздерін терең зерттеген Ж.Ж.Наурызбай. Оның «Оқушыларға этномәдени білім берудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясында «этномәдени білім», «оқушының этномәдени білімі» ұғымдары, мазмұны анықталды, Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің әдіснамалық және теориялық негіздері, мақсаты, құрылымы, ұстанымдары және шарттары берілген:

- Қазақстан Республикасының тіл саясаты мен құрылысының тұжырымдамасы;
- оқыту мен тәрбиенің ұлттық жүйесін жасауға бағытталған этномәдени білім беру тұжырымдамасы;
- монография, дәрістер курсы, арнайы курстар бағдарламасы, ұсыныстар;
- Қазақстанның білім беру жүйесін оқушылардың этномәдени қызығушылықтарын іске асыруды қайта бағыттау жолдары;
- саяси мәдениетті және көп тілді тұлғаны қалыптастырудың мәні, құрылымдық бөліктері, кезеңдері ұсынылды [9].

Этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негізі К.Ж.Қожахметованың іргелі зерттеуінде жан-жақты талқыланды және жазылып даярланды. Осы зерттеуде әдіснамалық білімнің белгілері негізінде қазақ этнопедагогикасының деңгейіне сай - жеке ғылым саласына, пәндік мазмұнына орай – қазақ этнопедагогикасы туралы білімге, сипатына қарай – қазақ этнопедагогикасының ұғымдары мен түсініктері қатарын анықтау әдіснамасына жатады да, педагогика ғылымындағы, сондай-ақ ол этнология, этнопсихология, фольклористика, мәдениет теориясындағы жалпы тұғырларды қабылдап, басшылыққа алады.

С.А.Ұзақбаеваның және К.Ж.Қожахметованың негізгі бес бөлімнен тұратын этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасымына 5 бөлімнен тұрады:

1. Этнопедагогикалық білім – болашақ мұғалімдерді дайындауды ізгілендіру негізі.
2. Этнопедагогикалық білім мазмұны.

Этнопедагогикалық пәндерді саралап оқытудың тәсілдер.

Этнопедагогикалық білім тұжырымдамасын іске асыру шарттары.

Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдерін дамыту .

Тұжырымдама авторлары педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына негізгі бейіндік оқу пәні ретінде «Қазақ этнопедагогикасы» және мемлекеттің жергілікті этностың педагогикасы ретінде «Қазақ этнопедагогикасы тарихын», сондай-ақ, қазақ

этнопедагогикасының мүмкіндіктерін тереңірек меңгеру мақсатымен таңдаулары бойынша факультативтер мен арнайы курстар енгізуді ұсынды.

Жоғарыда ғалымдардың еңбектерінде этнопедагогика ғылым ретінде, пән ретінде көкейкесті, өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Этнопедагогика пәні өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойындағы рухани – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға, болашаққа бағдар рухани жаңғыру идеясын іске асыруда этнопедагогика ғылымы негіз болады.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Айқын. - 13 сәуір, 2013. - Қожахметова К.Ж. Қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері. - Алматы, 1998.
2. Гинецинский В.И. Знание как категория педагогики. – М.: Педагогика, 1983. – 144 с.
3. Краткий словарь по социологии. - М., 1998.
4. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
5. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары, 1974. – 376 с.
6. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
7. Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы: – 1996.
8. Наурызбай Ж.Ж. Концепция этнокультурного образования // Казахстанская правда. - 1996. - 7 августа.

ОӘЖ 377.2

*С.Т.Иманбаева*

## **ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ІРГЕ ТАСЫ**

*Қазақстан, Алматы*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

*Аңдатпа*

Мақалада интеллектуалды тұлға қалыптастыру, студенттерге ұлттық тәрбие беру - рухани жаңғырудың ірге тасы тұрғысынан мәңгілік ел идеясын іске асырудағы негізгі ұстаным болып табылатыны қамтылады. Дәстүр мен мәдениетті ұлттың генетикалық коды тұрғысынан қарастыра келе, интеллектуалды ұлт қалыптастыру, тұлғаның интеллектуалды әлеуетті арттыру – негізгі стратегиялық міндет болып табылатындықтан жоғары оқу орындарында атқарылып отырған іс - шараларға жан - жақты тоқталады. Ұлттық идеяларды әлемдік идеялармен өзара сабақтастыра жүргізілген жоғары оқу орнында оқу - тәрбие үдерісінде мазмұны ашылған.

*Түйінді сөздер:* ұлттық тәрбие, рухани жаңғыру, мәңгілік ел идеясы, дәстүр, мәдениет, ұлттың генетикалық код, интеллектуалды ұлт, интеллектуалды әлеует.

*Аннотация*

В статье рассматриваются вопросы формирования интеллектуальной личности, воспитания на основе духовного возрождения как фундаментального принципа в реализации идеи «Мәңгілік ел». Традиция и культура рассматривается как генетический код нации. Развитие интеллектуального потенциала личности в высших учебных заведениях является стратегической задачей в формировании интеллектуальной нации. Содержание учебно-воспитательного процесса в высших учебных заведениях раскрыто в контексте национальной идеи в соответствии с мировыми идеями.

*Ключевые слова:* национальное воспитание, духовное возрождение, идеи Мәңгілік ел, традиция, культура, генетический код нации, интеллектуальная нация, интеллектуальный социум.

*Abstract*

The formation problems of the intellectual personality, education on the basis of spiritual revival as a fundamental principle in the realization of the idea of "Mogilik El". Are considered in the article. Tradition and culture

are given as the genetic code of a nation. The development of the intellectual potential of the individuals in higher educational institutions is a strategic objective in the formation of an intellectual nation. The content of the educational process in higher education institutions is disclosed in the context of the national idea with world ideas respectively.

*Keywords:* national education, spiritual revival, ideas Мәңгілік ел, tradition, culture, genetic code of the nation, intellectual nation, intellectual society.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. ...саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», - деп ұсынылып отырған идеяның рухы асқақ, намысы биік ел, қазақ елінің қалыптасуындағы мызғымас берік идеологиялық негізі, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие т.б. мәңгілік ел идеясын іске асырудағы негізгі ұстанымы болып табылатыны көреміз. Қазақстанда әлемнің алпауыт та алып елдерінің көшіне ілесуде интеллектуалды ұлт қалыптастыру, интеллектуалды әлеуетті арттыру – негізгі стратегиялық міндет болып табылатындықтан қоғамның алдында тұрған негізгі міндет - рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға - өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адамды қалыптастыру көзделеді.

1 Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. ... ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды», - деп атап көрсетілуі де ұлттық тарихымыз, ұлттық тәрбиеміз, ұлттық мәдениетіміздің дамуына аса көрегендікпен мән берілгенін байқауға болады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына әр жылғы жолдауларында, «Интеллектуалды ұлт -2020» жобасында ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім жүйесімен кіріктіру, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы, білім беру жүйесін жаңашылдық тұрғыда дамыту, білім беру жүйесін, жалпы қоғамды ақпараттандыру, тұлғаның, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани - адамгершілік тәрбие беру кеңістігін құру негізгі стратегиялық бағыттары болып отыр. «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық мұра мен ұлттық байлығымыз екені дау туғызбайды», - деп атап көрсетуінен қазіргі таңда республикадағы жоғары оқу орындарында оқушы - жастардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға негізделген іс-шаралар белсенді ойлау қызметінің дамуын, негізгі құндылықтарды және осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту аса жоғары деңгейде іске асып отырғанын көруге болады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы негізгі бағыттардың бірі тұлғаның рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру бағыты бойынша атқарылып отырған іс-шараларға - бүгінгі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті аясында атқарылып отырған жұмыстар негіз бола алады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 28 мамырдағы № 230 «Педагогикалық қызметтегі шетелдік мамандарды тарту және 2018 жылға арналған

бюджеттің бөлінуін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне 2018 жылға шетелдік профессорларды тарту, университеттің әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орнына трансформациялануы, әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орындарын құру әрекеттері, шетелдік және отандық жоғары оқу орындарының рейтингісі, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті жоғары оқу орындарын құруға бағытталған стратегиялар мен тәсілдердің анықталуы т.б. атқарылып жатқан іс-шаралар ұжым алдына үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Атқарылып отырған іс-шаралар еліміздегі рухани жаңғырудың негізгі көрсеткіші болып табылады. Университетте жүргізіліп отырған интеллектуалды ұлтты қалыптастыру, студенттерге ұлттық тәрбие беру - рухани жаңғырудың ірге тасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен 2009 жылы Үздіксіз білім беру жүйесінде *ұлттық тәрбие* беруге байланысты университетте Республикалық үйлестіру кеңесі құрылды.

Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үрдісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен өзара сабақтастыру жағдайында, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттер қатарынан көрінуі тұтас педагогикалық процестен күрделі, түбірлі өзгерісті талап етеді.

«Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», - деген негізгі қағидасының бір айғағы ретінде университеттің оқу - тәрбие үдерісіне «Ұлттық тәрбие негіздері» пәні енгізілді. Пәннің негізгі мақсаты – ұлттық сана-сезімі, мәдениеті жоғары деңгейде дамыған, өз ұлтын сүйетін, оның салт-дәстүрін, тілін, ділін, дінін, мәдениетін қастерлейтін, еліміздің қазіргі мәдени-әлеуметтік жағдайында жоғары сұранысқа ие болатын нағыз ұлтжанды мамандар даярлау. Жаһандану кезеңінде халқымыздың осындай асыл қасиеттерін білім беру үрдісіне енгізу арқылы жастардың ұлттық қасиетін, ұлттық дүниетанымын сақтап қаларымыз анық. «Ұлттық тәрбие» пәнін оқу үдерісіне енгізу арқылы біз ұлттық құндылықтарды, мәдениетіміз бен тарихымызды, дәстүрлерімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра отырып, қазақ елінің болашақ жастарын жаңаша тәрбиелеуді бастадық.

«Ұлттық тәрбие негіздері» атты элективті курсына қамтылған мазмұнның ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2012 -2020 жылға дайындалып жатқан мемлекеттік кешенді бағдарламада көрініс беруі *үлкен нәтиже* деп бағалауға болады. Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие беру әлеуметтік - педагогикалық тұрғысынан қарастыратын болсақ - қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, ұлттық пен өркениеттік мәдениетті менгерген, интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын патриот - азаматты қалыптастыруға бағытталады.

толкование включает в себя как вопросы материально-технического обеспечения учебного процесса, так и институциональные условия функционирования системы образования. Интересным, по содержанию затронутой проблематики, есть мнение Р.А.Кубанова относительно необходимости принятия во внимание как качества процесса образования, так и качества его результата. По мнению ученого, именно качество учебно-воспитательного процесса является наиболее значимой характеристикой содержания рассматриваемой категории [7, С.31]. Несмотря на тот факт, что ученый наполняет содержание качества учебно-воспитательного процесса через призму сравнительно большого количества детерминант (программно-прикладное обеспечение учебно-воспитательного процесса, использование определенных форм, методов и средств обучения, инновационных педагогических технологий; содержательное наполнение учебных программ и планов), которые безусловно имеют свою долю в толковании категориального содержания качества высшего образования, мы не можем принять такую точку зрения в полном объеме. Такая наша позиция может быть объяснена фактом одновременного пребывания проблематики качества высшего образования в плоскости «как результата, как процесса, так и образовательной системы» [1, С.11] причем, скорее всего, без возможности акцентирования внимания на приоритетность каждого из них. Интересно, что в пределах своей другой публикации Р.А.Кубанов настаивает на необходимости рассмотрения феномена качества образования в пределах двух аспектов, а именно: «внешний аспект: качество результата образовательного процесса - соответствие уровня подготовки выпускников на спрос работодателей (требованиям стандартов), внутренний аспект: характеристики системы обеспечения этого качества - содержание образования, уровень подготовки абитуриентов, студентов, преподавательских кадров, информационно-методическое сопровождение, материально-техническое обеспечение качества подготовки, используемые учебные технологии, научная деятельность и т.д.» [8, С.29-30]. Такая позиция ученого, безусловно, является более содержательной и такой, которая более полно раскрывает сущность соответствующего феномена. Существенным недостатком, сформулированного Р.А.Кубановым определения, по нашему мнению, является то, что по замечанию исследователя остался факт диалектики единства содержания феномена качества высшего образования с отдельными элементами ее системы, например с качеством: процессов функционирования системы высшего образования; содержания и практики использования целей, требований и т.д.; трудового потенциала системы высшего образования; системы управления качеством высшего образования; институциональных условий и внешней среды; теоретико-методологической основы по развитию высшего образования. Наша точка зрения относительно необходимости принятия во внимание приведенные выше составляющих при толковании содержания категории качества высшего образования, может быть рассмотрена на уровне конкретизации (дополнение или развития) научных взглядов А.И.Ляшенко. По мнению ученого качество образования является многомерным методологическим понятием, «которое равносторонне отражает общественную жизнь - социальные, экономические, политические, педагогические, демографические и другие жизненно важные для развития человека стороны жизни. Как системный объект ее характеризуют качество цели, качество педагогического процесса и качество результата» [9, С.7]. По мнению В.С.Добряк под качеством высшего образования следует понимать «уровень полученных лицом знаний, умений и профессиональных навыков в соответствии с плановыми целями высшего учебного заведения. Результатом диагностики является качественная и количественная оценка достигнутого уровня соответствующих образовательно-профессиональных характеристик специалиста» [10, С.69]. Согласно научных взглядов Г.П.Поляковой, феномен качества образования должен рассматриваться на уровне многомерного понятия, которое характеризуется качеством образовательных целей, условий(ресурсов), процессов, обеспечивающих качество результатов [11, С.273].

Сложность проблематики классификации содержания феномена качества высшего образования заключается в существовании по крайней мере трех принципиально различных

по своему содержанию подходов к его толкованию: 1) рассмотрение качества высшего образования через соответствие профессиональных знаний, навыков, умений выпускника вуза установленным требованиям; 2) понимание качества высшего образования в контексте проблематики качества составляющих ее системы (абитуриенты, преподаватели, администрация вуза, материально-техническое обеспечение, инфраструктура и т.д.); 3) представление качества высшего образования через призму качества норм, требований и стандартов, которые формулируются субъектом управления системой высшим образованием. Несмотря на сравнительную сложность в формулировке содержания качества высшего образования, достаточно лаконичное по своему содержанию определение этой категории подается авторами Национального образовательного глоссария, а именно - «качество высшего образования - это характеристика высшего образования, отражающая соответствие результатов обучения, образовательных процессов и институциональных условий актуальным целям развития личности и общества» [12, С.66].

Принимая во внимание, выше сказанное, можем сформулировать следующие выводы.

Во-первых, сложность и многогранность проявления содержания категории качества высшего образования определяется следующими основными факторами: многоуровневость результатов (качество знаний, умений, навыков и ценностных ориентаций выпускников вузов) и многокритериальность в оценке как же качества, так и ее характеристик (составляющих); багатосубъектность в персонализации экспертов по качеству высшего образования (абитуриенты и их родители; студенты и вузы; работодатели и их союзы; государство и общество; национальные и международные экспертные агентства) полисинхронность оценивания (изменение содержания и технологии оценки, как в зависимости от эксперта, так и в контексте времени и условий проведения мониторинга) и его субъективизм (отсутствие объективных критериев); многоаспектность проявления объектов оценки (учебные программы, образовательные технологии; механизмы управления и администрирования, результаты обучения и т.д.), а также их сменяемость и управляемость.

Во-вторых, в узком смысле под качеством высшего образования мы можем понимать сбалансированную характеристику состояния развития профессиональных и общечеловеческих качеств в контексте их соответствия заранее определенным и согласованным между основными акторами процесса получения высшего образования и потребителями ее результатов, целей, норм, требований и стандартов. В широком смысле, под качеством высшего образования следует понимать сбалансированную характеристику системы высшего образования по ее способности обеспечивать эффективную подготовку конкурентоспособных специалистов, уровень реальных профессиональных и общечеловеческих качеств которых соответствует, с одной стороны нормативным требованиям национальных и международных стандартов, а с другой, обеспечивает удовлетворение личности, государства и общества полученным результатом, как в контексте экономической составляющей, так и учитывая социальную значимость.

Среди перспективных направлений в организации научных изысканий по затронутой проблематике, следует обратить внимание на те из них, которые связаны с анализом содержания научных взглядов зарубежных ученых относительно феномена качества высшего образования, а также определением его основных детерминант.

#### ***Список использованной литературы***

1. Селезнева Н.А. Качество высшего образования как объект системного исследования: лекция-доклад / Н.А. Селезнева. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2003. – 95 с.
2. Мороз В.М. Система трудового потенциалу країни: теоретичні основи формування дефініції / В.М.Мороз // Економіка та держава. – 2009. – № 2. – С.107–109.
3. Управление качеством в высшем образовании: монография / (О.А.Ганжа, О.Г.Кулик, Н.А.Рогозин, О.В.Чмак) – Волгоград: ВолгГАСУ, 2014. – 152 с.



4. Мороз С.А. Державне управління розвитком трудового потенціалу ВНЗ: компетенція людини, університету та держави [Електронний ресурс] / С.А.Мороз // Державне управління: удосконалення та розвиток: електронне наукове фаховевидання Академії муніципального управління. – 2016. – № 4. – Режим доступу до журн. <http://www.dy.nayka.com.ua/?op=1&z=967>.

5. Мороз С.А. Оцінювання рівня розвитку нематеріальних ресурсів трудового потенціалу ВНЗ, як елемент адміністративно-організаційного механізму державного управління [Електронний ресурс] / С.А.Мороз // Теорія та практика державного управління і місцевого самоврядування: електронне наукове фаховевидання ХНТУ. – 2016. – №1. – Режим доступу до журн.: [http://el-zbirn-du.at.ua/2016\\_1/10.pdf](http://el-zbirn-du.at.ua/2016_1/10.pdf)

6. Данилова И.Ю. Многоуровневая модель организации научно-исследовательской работы студентов как средство обеспечения качества образования в вузе: дис. кандидата пед. наук : 13.00.08 / Ирина Юрьевна Данилова. – Рязань, 2010. – 174 с.

7. Кубанов Р.А. Якість вищої освіти: порівняльний аналіз погляді в зарубіжних і вітчизняних науковців / Р.А.Кубанов // Порівняльно-педагогічні студії – 2014. – № 6(20). – С.27–32.

8. Кубанов Р.А. Якість освіти: суть поняття та особливо стіоцінювання / Р.А.Кубанов // Вісник ЛНУ імені Тараса Шевченка – 2013. – № 13 (272), Ч. II. – С.25–31.

9. Ляшенко О.І. Якість освіти як основа функціонування й розвитку сучасних систем освіти / О.І. Ляшенко // Педагогіка і психологія. – 2005. – № 1(46). – С.5–12.

10. Оценка качества высшего образования в Украине / В.С.Добряк, М.С.Мазорчук, Н.С.Бакуменко // Якість технологій та освіти. – 2013. – № 4. – С.67–73.

11. Полякова Г.П. Показники якості освіти та освітнього середовища вищого навчального закладу в контексті компетентнісного підходу / Г.П. Полякова // Гуманітарний вісник ДВНЗ «Переяслав-Хмельницький державний педагогічний університет імені Г.С. Сковороди». – 2013. – №28(2). – С.271–277.

12. Національний освітній глосарій: вища освіта / (авт.-уклад. : І.І. Бабин, Я.Я. Болюбаш, А.А. Гармаш та ін. ; за ред. Д.В. Табачника і В.Г. Кременя). – К. : Плеяди, 2011. – 100 с.

ӘӘЖ 378.1

<sup>1</sup>Р.Б.Абдрахманова, <sup>2</sup>М.А.Абсатова, <sup>3</sup>Т.Б.Нурпеисова

## АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

<sup>1-2</sup>Қазақстан, Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

<sup>3</sup>Қазақстан, Алматы, Қазақ автомобиль-жолдар академиясы

### Аңдатпа

Мақалада адамгершілік мәдениет үздіксіз білім беру жағдайында болашақ педагогтың кәсіби қалыптасуының негізі ретінде қарастырылады. Авторлар психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «адамгершілік мәдениет» ұғымының мәнін анықтауға тырысқан.

*Түйінді сөздер:* үздіксіз білім беру, адамгершілік, адамгершілік мәдениет, кәсіби қалыптасу.

### Аннотация

В статье нравственная культура рассматривается как основа профессионального формирования будущего педагога в условиях непрерывного образования. Авторы на основе анализа психолого-педагогической литературы попытались раскрыть сущность понятия «нравственная культура».

*Ключевые слова:* непрерывное образование, нравственность, нравственная культура, профессиональное становление.

### Abstract

In the article, the moral culture is considered as the basis of professional formation of the future teacher in the conditions of continuous education. The authors tried to reveal the essence of the concept of "moral culture", based on the analysis of psychological and pedagogical literature.

*Keywords:* continuing education, morality, moral culture, professional development.

Адамзат алғаш пайда болған күннен бастап осы уақытқа дейін қоғам алдындағы ең басты міндет – қоғам мүшелерінің адамгершілік, парасаттылық қасиеттерін тәрбиелеу болып келді. Бұл тәрбие әр адамды ар-ұятты, әділетті, адал, кішіпейіл, қамқоршыл, көпшіл, басқа адамдарға тек қана жақсылық тілеуші, мейірімшіл еңбеккер болу сияқты қоғамға пайдалы сипатты қасиеттерге ие болуға баулиды.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде адамгершілік руханилықтан бөлек қарастырылып, қағидаларды, ережелер мен талаптарды орындаумен байланысты сананың, дағдылардың, әдеттердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Адамгершілік – жеке тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қатысты қоғам моралімен белгіленген нақты бір қатынастардың көрініс табуы. Зерттеушілер руханилықты жеке тұлғаның дамуының ең жоғарғы деңгейі деп есептегендіктен, біз, осы орайда, адамгершілікті руханилықтың компоненті, құрамдас бөлігі деп қарастырамыз.

Ғалымдардың адамгершілікке деген көзқарасын ескере отырып, педагогика адамгершілік тәрбиені ұйымдастырылған сан қилы оқу, оқудан тыс іс-әрекет жүйесіндегі және осының нәтижесінде жеке тұлғаның қасиеттерінің пайда болуындағы оң моралдық қатынастардың қалыптасуының мақсатты үрдісі ретінде қарастырады.

Адамгершілік адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты ізгілік ұстанымдарын бейнелейтін моральдық қасиет. Мұнда адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттер қамтылған.

Енді біздің зерттеуіміздің негізгі категориясы «мәдениет» деген ұғым болғандықтан, осы терминнің мағынасын ашуды жөн көрдік. Мәдениет латын тіліндегі «Cultura» сөзінен алынған. Ол өңдеу, игеру, әдемілеу, тәрбиелеу, білім алу сияқты мағыналарды білдіреді. Ғылыми әлеуметтану мәдениетті, оның алуан түрлерін адамның қолымен істелген және ақыл-ой санасымен өңделіп, жасалған еңбегінің жемісі ретінде қарастырады.

Біз төменде кесте шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріндегі «мәдениет» ұғымын жан-жақты қарастырдық (кесте 1).

Кесте 1 - Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріндегі «мәдениет» ұғымының контент-талдауы (2000-2016)

№	Авторы	Анықтамасы	Әдебиеттер
1.	Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариев А.	Мәдениет- белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы. Мәдениет-адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті және т.б.)	Мәдениеттану негіздері. – Алматы, 2000. - 180 б. - 6-Б.
2	«Мен – Адаммын» қоғамдық қоры	Мәдениет – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті және т.б.)	Адамгершілік сабақтары: Жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту бағытындағы авторлық бағдарламалар мен оқу-тәрбие іс-шараларының үлгілері. – Алматы: Мен Адаммын, 2001. - 10 бет
3	Игенбаева Б.Қ.	Мәдениетті адам- ұлттық сана-сезімі ояңған, (ана тілін, төл мәдениетін, тарихын, ана дәстүрін игерген) рухани биік, имандылық, табиғилық, еңбекқорлық, еңбекқорлық және т.б. ізгі	Адамгершілік сабақтары. – Алматы, 2001. - 173 бет. -23-Б.

		қасиеттер тән адам	
4	Төребаева К.Ж.	Мәдениет – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің жиынтығы, өмір сүру бейнесі мен өміршеңдігі. Сондықтан мәдениеттің негізі қалыптасу, даму, өсу сатыларына байланысты	Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негізі: п.ғ.к. дисс.... - Алматы, 2002. - 112 б. - Б.10
5	Қоянбаев Р.М.	Мәдениет – адамды жасампаз, белсенді тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал жасайтын қоғамдық-тарихи барыстың мазмұны, азамат тарихында жасалған және дамытылған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы	Қысқаша педагогикалық сөздік. - Алматы, 2003. - 32 бет
6	Ұлттық энциклопедия	Мәдениеттілік – адамның тұлғалық асыл қасиеттерінің көрінісі	Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. - 416 бет
7	Современная энциклопедия	Культура – совокупность материальных и духовных ценностей, созданных и создаваемых человечеством в процессе общественно-исторической практики и характеризующих исторически достигнутую ступень в развитии общества	Педагогика: Современная энциклопедия. – Минск: Современная школа, 2004. - 271 бет
8	Есенғұлова М.Н.	Мәдениет – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің, тәлімі мен тәрбиесінің, өмір сүру бейнесінің жиынтығы	Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын пайдаланудың педагогикалық шарттары: п.ғ.к. дисс... - Түркістан, 2007. - 125 б. - Б.8
9	Капаков Ғ.Х.	Мәдениет - әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады	Мәдениет және бейнелеу өнері арқылы жастардың эстетикалық-танымдық көзқарасын қалыптастыру // Тәрбие мәселелері. - Орал, 2015. – Б.123-126
10	Беркімбаев Қ.М., Құдабаева П.А.	Мәдениет дегеніміз адамның қоғамдық тіршілік иесі ретінде дамуына тікелей қатысты адамдардың материалды және рухани өндіріс процестерінде жасаған құндылықтарының жүйесі	Болашақ мамандарды дайындау жүйесінде мәдениетаралық құзырлықты қалыптастырудың кейбір мәселелері / Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. Педагогика ғылымдары сериясы. – Алматы, 2015. - № 3-47
11	Ұзақбаева С.А.	Мәдениет ол жеке бір тұлғаның, сондай-ақ бүкіл адамзаттың дамыған рухани және материалдық құндылықтарының синонимі ретінде адамның өзіне тән шынайы адамгершілік қасиеттерін танытуының көрінісі ретінде қабылданады	Студенттердің құндылық бағдарын қалыптастырудағы қазақ ұлттық мәдениетінің функционалдық мүмкіндіктері / Педагогика және психология. – № 1(26). - Алматы, 2016. – Б.154-159
12	Дарменова Р.А.	Мәдениет-жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, аданың өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы	Ұрпақ тәрбиесін халықтық құндылықтар негізінде жетілдіру // Вестник КазНПУ им Абая. – № 3(51). - 2016
13	А.К.Усенова, Ш.Ш.Рахатов	Культура - высокий уровень чего-нибудь, высокое развитие умения	Информационно-коммуникативная культура как основа профессионально-личностного развития молодежи // Педагогика және психология журналы. - №3(28). - 2016, 29 б.

Сонымен жоғарыдағыны қорытындыласақ, біреулер мәдениетті қоғамдағы құндылықтарды адамдардың жете ұғынуы, саналы түрде меңгеріп алуы десе, екіншілері-қоғамдағы адамдардың білім мен тәрбие алу процестерінде пайда болған адамның сапалы ақыл-ойы, мінезі, оның ойлау қабілеті, сезімі ретінде қарайды.

Зерттеуіміздің негізгі ұғымы «адамгершілік» ұғымын да жан-жақты қарастыруға тырыстық (кесте 2).

Кесте 2 - Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріндегі «адамгершілік» ұғымының контент-талдауы (1988-2009)

№	Авторы	Анықтамасы	Әдебиеттер
1	Б.Аманғалиев, Е.Әбділдина. Т.Жанаев	Адамгершілікке тәрбиелеу баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы болып табылады, ол оның ата-анаға, айналадағыларға, коллективке, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына қатынасын қалыптастыру көздейді	Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. – Алматы, 1988. – 345 б. - 4-Б
2	Р.Қ.Төлеубекова	Адамгершілік- адамның рухани байлығы. Ғасырлар бойы адамдар арасындағы қарым-қатынасты суреттеу, сол арқылы жастарға өнегелі тәрбие беру, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру- ауыз әдебиетінің негізгі принциптері	Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 1991. - 30 Б. - 20 бет
3	А.А.Бейсенбаева	рухани бай және жан-жақты дамыған тұлғаның қасиетінің бірі. Бұл жеке тұлғаның емес, бұл қоғамдағы адамның адами көрінісінің жүйесі. Гуманист-Адам – ол адамсүйгіштігімен, теңдік және әділдік принциптері құрметпен қарайтындығымен ерекшеленеді	Теория и практики гуманизации школьного образования: Монография. – Алматы: Ғылым, 1998. – 255 с.
4	Ө.А.Асыллов, Н.С.Ахтаева, Қ.Қ.Аюбай	Адамгершілік- адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдік қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кең пейілділік, басқалар мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық та адамгершілікке жатады	Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі // Педагогика және психология. – Алматы, 2002. – 251 б.
5	А.А.Наукунова, Р.М.Шокатова	Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады	Тәрбиешіге көмек. – Ақтөбе, 2002. - 85-88 б.
6	Түсіндірме сөздік	Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет	Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктері: Топтама. – Алматы: Мектеп, 2002. - 12 бет
7	Беркімбаева Ш.К., Құсайынов А.Қ.	<i>Нравственное воспитание</i> – одна из форм воспроизводства наледования нравственности в обществе	Педагогика: Русский толковый терминологический словарь. – Алматы: ЖЕНПИ, 2007. - 206 бет
8	А.С.Макаренко	Адамгершілік немесе моральдық саласында қызмет ететін және моральдық қатынасты бейнелейтін дәстүрлер	Абрамова М.А. Специфика гуманитарной подготовки в контексте стандартизации профессионального образования // Философия образования. - 2006. – № 2. - С.70–77
9	В.Соловьев	Адамгершілік бір адамнан екінші адамға сыйлай салатын зат емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы жететін адамның ішкі жағдайы, - адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған	Абрамова М.А. Специфика гуманитарной подготовки в контексте стандартизации профессионального образования // Философия образования. - 2006. – № 2. - С.70–77.
10	Таутенбаева А.А.	Адамгершілік құндылық – әрбір адамға	Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие

	тән барлық игі қасиеттер және ол жеке тұлғаның ортамен қарым-қатынасқа түскен кезде шынайы көрініс беруі арқылы айқындалады	үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (қазақ және ағылшын халықтарының мәдени құндылықтарын салыстыра пайдалану мысалында): п.ғ.к. дисс... - Алматы, 2009. - 120 б. - Б.5
--	---	--

Ғалымдардың ойларын тұжырымдай келе, жалпы адамгершілік мәселесі қоғамның әрбір даму сытысында ең маңызды мәселе болғанын көре аламыз.

Келесі кезекте біздің ең негізгі ұғымымыз «адамгершілік мәдениет» ұғымының контент-талдауын төмендегі кестеде ұсынамыз (кесте 3).

Кесте 3 - Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріндегі «адамгершілік мәдениет» ұғымының контент-талдауы (2012-2016)

№	Авторы	Анықтамасы	Әдебиеттер
1	Мардахаев Л.В., Беркімбаева Ш.К	Адамгершілік мәдениет – белгілі әлеуметтік ортада танылған және қалыптасқан, меңгерілген және күнделікті көрінетін мінез құлық қарым-қатынас тәжірибесі	Әлеуметтік педагогика - Алматы: Полиграфия-сервис, 2012. – 340 б. - Б.298-299
2	Игнатъева Т.С.	Нравственная культура является важнейшей составляющей процесса становления будущего специалиста-профессионала, ибо профессия и нравственность - это органически взаимосвязанные феномены	Педагогические условия развития нравственной культуры будущих учителей - Москва, 2013. – 222 с.
3	О.Б.Шарипова, А.Ш. Танирбергенова	Адамгершілік мәдениет Қазіргі езде жаһандану және ұлттық дамудың әсерлігі мен ынтымақтастығы, ұлттық қасиетімізді қастерлеу барысында адамның адамгершілік қасиеттерін сапаланырып, ұлттық құндылықтарды, ар-намысын шыңдау барысында қалыптасады	ЖОО студенттерінің адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері // Л.Н.Гумилев атындағы «Хабаршы». – 2014. – 406 б.
4	А.Ә.Булатпаева, Л.Ибрагимова	Адамгершілік мәдениет - Қазақ халқының ұлағатты өнегесі арқылы тұлғаны рухани адамгершілік мәдениетіне қалыптастыру	Тұлғаның рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы «өзін-өзі тану» пәнінің рөлі // Педагогика және психология. - № 1(22). - 2015. – 150 б.
5	А.Қойшыбайқызы	Адамгершілік мәдениет Қалыптастырудың басты бағыттары – адамгершіліксана сезім, мінез-құлық, ізгі мұраттарды танып-білу бағытында өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.	Адамгершілік мәдениетінің бастаулары // Ізденіс. – 2016. -298 б.
6	Г.Абдигалиева	Нравственная культура Направления, помогающие сохранить моральные ценности и роблемы, возникшие с падением морали в эпоху глобализации и индивидуализации	Модернизация ценностных приоритетов общества в условиях глобализации // Мирас. – 2016. - № 4(40). - 43 б.

Жалпы алғанда, мәдени салалардағы осы зерттеулердің басты мақсаты - ол еңбекші бұқара халықтың әлеуметтік белсенділігін, олардың адамдық факторларының белсенділігін арттыру және ойлау, іс-әрекет, қызмет жасауды қалыптастыру көзделген.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған болашақ маманның адамгершілік сапаларының сипаттамасы келесідей тұжырым жасауға негіз болды. Біздің пікірімізше:

*Мәдениет* - адамдардың іс-әрекет, қимылдарының, еңбегінің, іс-қызмет, жұмысының, тәжірибесінің негізінде жинақталған және адамгершілік қасиеттерінің, ғылымының,

білімінің, тәрбиенің, әдет-ғұрып, салттардың бағалы ережелердің, нұсқаулардың, т.б. мұраттардың жиынтығы.

*Адамгершілік* - өзінің тәжірибесі арқылы адамгершілік құндылығына, нормасына жететін тұлғаның ішкі жағдайы.

Адамгершілікті мәдениетті тәрбиелеудің мәні оның «пайдалылығында», «тәжірибеде пайдалану» мүмкіндігінде ғана емес, сонымен қатар онымен танысушы адамда дәл сондай рухани тұлғалық мағыналардың үйлесуі жүзеге асырылатын дербестіктің мәнін бейнелеуге ұмтылу болып табылады.

*Болашақ тәрбиешілердің адамгершілік мәдениеті - түрлі жағдаяттарда адамгершілік таңдау мен адамгершілік іс-әрекетте көрсете алатын адамгершілік құндылықтар, уәждемелер, білімдер, біліктер, сезімдер, қабілеттердің даму деңгейін сипаттайтын күрделі интегративті – тұлғалық құрылым.*

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Безродная Г.В. Формирование профессионально-нравственной культуры будущего врача: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / Г.В.Безродная. - М., 1990. -15 с.

2. Богданов Е.Н. Формирование и развитие профессионально-нравственной культуры будущего учителя: дис. ... д-ра психолог. наук: 19.00.13 / Е.Н.Богданов. - М., 1995. - 438 с.

3. Гулиева С.А. Педагогические формы и технологии, формирования профессионально-педагогической культуры студентов - будущих учителей начальных классов: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / С.А.Гулиев. - Владикавказ, 2002. – 151 с.

ӘҚЖ 35.022

***Н.М.Иргебаева***

## **ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫ – КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІҢ ШАРТЫ**

*«Тұран-Астана» Университеті*

*Аңдатпа*

Мақала білім берудегі инновациялық процесстер және реформалар кезеңіндегі жоғары оқу орындары оқытушыларының тұлғалық әлеуетінің дамуына, өз білімін және кәсіби әлеуетін жетілдіруіне арналған.

*Түйінді сөздер:* жоғары оқу орындары оқытушылары, кәсіби құзырлылық, инновациялар, өзін-өзі дамыту, интерактивті әдістер, оқыту технологиялары.

*Аннотация*

Статья посвящена проблемам особенностей развития личностных качеств преподавателей высшей школы в контексте реформирования и усиления инновационных процессов в образовании.

*Ключевые слова:* преподаватели вуза, профессиональная компетенция, саморазвития, инновации, интерактивные методы, технологии обучения.

*Abstract*

The article is devoted to the problems of the development of personality characteristics of teachers of higher education in the context of reforming and enhancing innovative processes in education.

*Keywords:* university teachers, professional competence, self-development, innovations, interactive methods, learning technologies.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының жаңа инновациялық даму, үздіксіз білім алу моделіне өтуі білім берудің мақсаты мен міндеттеріне өзгеріс енгізді. Білім берудегі инновациялық моделінің жаңа мақсаты мен міндетін шешуде оқытушылар корпусының орны ерекше. Өзгерістің қажеттілік екенін түсінуде, болашақ кәсіби білікті мамандарды дайындауда ең алдымен оқытушылардың өздерінен инновациялық іс-әрекет талап етіледі.

Оқытушылардың кәсіби күзiретiндегi инновация алдымен олардың инновацияға «ынтасымен», «инновациялық сапаларымен» байланысты. Бізiң ойымызша бұл инновацияны қабылдауға бейiм, немесе даяр креативтi тұлғаның сапалық көрсеткiшi.

Ақпараттық қоғам немесе «бiлiм қоғамының» қалыптасу жағдайында бiлiмнің құндылығы арта түсуде. Бiлiм прагматикалық көзқарас бойынша еңбек нарығында тек адамның бәсекеге қабiлеттiлiктiң әдiстерiн меңгеруiне баса назар аударылса, қазiргi кезде әр адамның жеке тұлғалық сапаларының жылдам әрi өз денсаулығына зиянын тигiзбей қарқынды өзгерiп отырған заман жағдайына психикасының тез бейiмделiп, өзiн-өзi жетiлдiрiп, өзiн-өзi танытуына, жаңаны тудыруына мүмкiндiк бередi.

Студенттiң тұлғалық әлеуетiнiң дамуы оқытушының тұлғалық сапалары: жоғары бiлiмдiлiктiлiк, бiлiк және iскерлiгi, қабiлеттiлiгiмен тығыз байланысты. Бұның негiзiгi шартының бiрi оқытушының өзiнiң тұлғалық әлеуетiн дамытуы болып табылады.

Жоғары оқу орны мен оның оқытушы профессорлар құрамының жұмысы сапасының басты көрсеткiштерi: жоғары оқу орны түлектерiнiң кәсiби iс-әрекет саласындағы сұранысқа ие болуы, олардың кәсiби бейiмделуi, күрделi кәсiби мiндеттердi өзбетiмен шеше алуы, iскер және сындарлы келiссөздердi жүргiзуi және ұжымда бiрлесiп жұмыс жасай алуымен бағаланады. Жоғары оқу орнының маман дайындаудағы сапалық көрсеткiштерiн өлшеуде әлеуметтiк серiктестердiң, жұмыс берушiлердiң талаптары ескерiледi.

Жоғары оқу орнының бiлiм беруi күрделi құрылымнан тұрады. Шектi көрсеткiшi бұқаралық және элитарлық бiлiм беру. Бiлiм беру ортасы кәсiби iс - әрекетке жағымды мотивациясы бар, соған бағытталған мәндi тұлғалық сапалары бар студенттердi анықтау.

Л.С.Выгоскийдiң мәдени тарихи тұжырымдамасы [1] бойынша оқытушы профессорлар студенттердiң өзектi даму аймағына негiздей отырып, олардың келешек маман және тұлға ретiнде бәсекеге қабiлеттiлiгiн дамыту бағытында қызмет етедi. Қазiргi таңдағы студенттердiң электрондық құрылғылар жүйесiмен жұмыс жасау мүмкiндiктерi, ақпараттар ағынын кеңiнен пайдалануы бiлiм беру саласын жетiлдiруде, нәтижеге бағытталған сапаға қол жеткiзуде оқытушылардың ғылыми шығармашылық iзденiстерiн барынша жетiлдiрудi талап етуде. Сондықтан оқытушыкәсiптi меңгеруде жоғары деңгейге көтерiле алатын, кәсiби контексте шығармашылық дамуын жүзеге асыра алатын, жаңа идеялардың қозғаушысы және инновацияны жасап, жүзеге асыратын креативтi, қабiлеттi студенттердi байқап, оларға жоғары деңгейде сапалы бiлiм беруге мiндеттi.

Маман үшiн маңызды сапа- қарқынды ақпараттар ағынында мәндi ақпараттарды iрiктеп, бағалай алу, бiлiм беру процесiнде ақпараттар технологиясын жедел және белсендi пайдалану қабiлетiнiң жоғарылығы. Уақыт пен ақпараттың шектеулiлiгiне қарамастан дұрыс шешiм қабылдап, мақсат қойып оның тиiмдi нәтижеге жетуiн жоспарлап, өз iс-әрекетiнiң тиiмдiлiгiн бағалай бiлуге, өздiгiнен кәсiби еңбектену iскерлiгiне деген талап артуда. Студенттерде бұл сапаларды тәрбиелеу оқытушыларда осы сапалар деңгейiнiң жоғары болуымен байланысты. Яғни маман iс-әрекетiнде ойлаудың қарапайым деңгейiнен (түсiнiк, ұғым, қолдану) күрделi сатысына (нақтылау, жалпылау, абстракциялау) қол жеткiзуi тиiс.

Маман кездесетiн ақпараттың көп бөлiгiн саналы түрде түсiнiп, қабылдап, тұлғалық сапасына айналдырады деу артық болар. Бiрақ ақпаратты тұлғалық сапасына айналдыру үшiн студенттердiң қабiлеттерi мен интеллектуалдық iс-әрекетi интенсивтi дамуы тиiс. Оқи алу икемдiлiгi [2] тұлғаның iскерлiгi, қабiлеттерi сияқты танымға деген мотивациясымен, өзiн-өзi жетiлдiруiмен, дамуымен басқарылады.

Инновациялық бiлiм беруге өту бiрiне бiрi қарама қарсы болып көрiнетiн екi тенденцияны алдыға қояды. Бiрiншiден мәнi оқыту процесiн типтеу, стандарттау болып табылатын технологияландыру (мұндай негiзсiз сапаға қол жеткiзу мүмкiн емес), ал екiншiден – дифференциация, индивидуализация, бiлiм алушылардың тұлғалық әлеуетiн ескеру (онсыз барлық жүйе конвейер тәрiздi, орта деңгейдегi студентке жұмыс жасайды).

Бұл қарама қарсылық ғылыми негiзделген жаңа оқыту технологиялары есебiнен шешiлiп, ол технологиялар оқытушының негiзiгi құралы болуы қажет.

Жоғары оқу орнының оқытушысы жүйеленген білімді берумен қатар (қазіргі кездегі ғылымның даму деңгейіне жауап беретін) студенттердің өзбеттерімен білімді іздеу, алған білімдерін практикалық мәселелерді шешуде пайдалану, оперативтік ақпараттар ағынынан білімді таба білуге үйретіп, олардың ары қарай кәсіби және тұлғалық дамуын мотивтеуге жағдай жасауы тиіс. Мотив әрекетке итермелейтін саналанған, заттандырылған қажеттілік.

Оқу орындарында білім берудің қазіргі технологиясымен қаруланған мультимедиялық қорлармен телекоммуникациялық құралдарды кеңінен пайдаланып, мәселелік дәрістер, семинарлар мен ролдік ойындарды өткізе алатын оқытушылар корпусы қалыптасуда.

Мұндай оқытушылар терең білімінің арқасында және өзекті ақпараттармен студенттердің түйсініп, қабылдап, есте сақтап, ойлау әрекеттерін дамытады (ақыл - ой және сналау әрекеттері) тануға, білуге деген құштарлықтарын арттырады.

Кейбір зерттеулерге қарағанда оқытушылардың басым бөлігі (сауалнамалар бойынша 50%) өз іс-әрекетінің басты мақсаты келешек ұрпаққа білім беру деп есептейді, тек үш бөлігі ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыру деп санайды. Бұл кейбір оқытушылардың жаңа білім беру парадигмасын қабылдамайтынын, немесе шығармашыл әрекетке даяр еместігін көрсетеді.

ММУ респонденттерінің 70% өздері сабақ беретін пән қазіргі білім беруге қойылатын талап деңгейіне сай деп санайды (мұндай жауапты бергендер 60 жастан жоғарылар) [3, С.54].

Жоғары оқу орындарының оқытушыларының басым көпшілігінің педагогикалық білімі жоқ, өздері сабақ беретін пән саласының ғана маманы болып табылады. Бұл жағдай оқытушылардың жаңа келістер мен технологияларды, оқыту әдістерін оқыту процесіне енгізуге өз дәрежесінде мән бермейтіндігін көрсетеді.

ММУ әлеуметтік зерттеулер орталығының мәліметі бойынша оқытушылардың 17% (негізінен 25-40 жас аралығындағы жас оқытушылар) оқытудың жаңа әдістерін енгізу, оқу пәндерінің мазмұнын жаңартуды шешу керек деп санайтынын анықтаған [3, С.64].

Бұл жағдай жоғары білім беру саласындағы өзгерістерді және білімінің жеткіліксіздігін сезінумен жаңа жағдай мен талапқа сай өз іс- әрекетін құру қажеттігінен туындауда. Жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру саласының тәжірибесіне қарағанда оқытушылардың өз әрекетіндегі қиындықтарды жасыруға тырысатынын, оларды талқылап, қорытынды шығаруға даяр еместігін көрсетеді.

Оқытушыларға жеке пән бойынша тақырыптардан сабақты құру жеңіл. Олар тұтас пәнді жобалауды мақсатын нақты тұжырымдап, мазмұнын анықтап, оқыту құралдары мен мақсатының жетістіктерін тексеруге қиналады. Бұл әрекеттегі қиналыстар эмоциялық қысымдар, тұрақсыздық, стрестер, фрустрация, түңілу көңілсіз ортаны туғызады.

Сондай-ақ Қазан қаласында гуманитарлық емес жоғары оқу орындарына жүргізілген сұрақ оқытушылардың өздері білім беретін сала бойынша білімдерімен қатар педагогика және психология саласынан да білімдерінің жетіспейтіндігіен көрсеткен.

Сауалнамаға қатынасқан оқытушылар өздері қажет ететін білімдерді былайша жіктеген:

- 1) өз пәнін білуі;
- 2) оқытуда белсенді әдістерді қолдану;
- 3) өзі сабақ беретін пәннің оқыту әдістері;
- 4) компьютерлік технологиялар;
- 5) іскерлік қарым- қатынас психологиясы;
- 6) аудиторияны басқару әдістері;
- 7) ұйымдастырушылық іскерлігі;
- 8) оқу процесін ұйымдастыруға инновациялық келіс;
- 9) құқықтық білім;
- 10) психология;
- 11) тұлғааралық қатынастар;
- 12) шетел тілі;
- 13) экономика және басқару;



- 14) өзін-өзі ұйымдастыру;
- 15) жасерекшеліктері психологиясы;
- 16) оқытудың шетелдік әдістері. (авторлар жауаптар нұсқасын оқытушылардың өздерінің ұсысы бойынша алып, нәтижені өңдеуде ұқсастықтарына қарай топтастырғанын айтады.)

Практикада оқытушылардың өзін-өзі ұйымдастыру жағынан білімдерінің жетіспеуін бағалай алмауын байқау қиын емес. Бірақ оқытушылардың үштен екі бөлігі кәсіби-педагогикалық іс-әрекетіндігі қиындықтарды «жұмыс бастылықтан», «уақыттың жетіспеуінен» деп санайды.

Сөйткенмен сұраққа қатынасқан оқытушылардың 54% өз біліктіліктерін дәстүрлі курстар арқылы көтеруді қаласа, 22% - пайызы тәлімгерлердің болғанын қалайтынын (негізінен оқытушылықты жаңа бастағандар). Жалпы оқытушылардың 76% өздерін оқытқанды қалайтындарын, тек 28% өздігінен оқуды қолдаса, 6% интернет арқылы қашықтықтан қосымша білім алуды қалаған. Бұл зерттеуден байқайтынымыз оқытушылардың үш бөлігі ғана өз біліктілігін көтеріп, жаңа білім алып, құзырлығын дамытуда белсенді түрде өз мәселесін анықтап, мақсат қойып, оны шешу жолдарын тауып, оқуын өздері ұйымдастырып, оның нәтижесін өз жауапкершілігіне алатынын көрсетеді.

Сауалнамаға қатынасқан оқытушылардың үнемі ақпарат көздерін пайдаланып, интернет желісінен жаңа ақпараттарды іздеумен айналысатындары 37% болса, 33% эпизотты түрде, 5% пайдаланбайтынын көрсеткен. Сөйткенмен, 14% Интернет арқылы кітаптар, дискілерді пайдаланатын болса, тек 1% Интернеттен оқитынын жазған [4].

Бұл сауалнаманың нәтижесіне қарағанда оқытушылар арасында әлі де болса кейбіреулерінің өзін кісіби субъект ролінде сезіне алмайтынын, жаңа жағдайда жұмыс істеуге дайындығына сын көзбен қарамай, сыртқы әсерден жағымды жағдай болатынына үміттеніп, өзбетімен білімін жетілдіруге даярлығының аздығын көрсетеді.

Әрине, ең негізгісі - оқытушының белгілі бір шамада кәсіби дәрежесі мен әлеуметтік мәнді сапаларының қалыптасу деңгейіне сын көзбен қарап, өзін-өзі адекватты бағалауы.

Өзін-өзі бағалау қарым-қатынаста, тұлғааралық қатынаста, іс-әрекет барысында қалыптасады. Кей жағдайларда зерттеу саласының мәніне терең бойламай, сын тұғысынан ойламау педагогика туралы жаңсақ «ғылым емес» деген пікірлерді де туғызады.

Техникалық және басқа да гуманитарлық емес пәндер саласының оқытушылары педагогикаға, педагогикалық білімге қатысты мынадай: «Педагогикада математикалық формулалар жоқ, сандық тәуелділіктер пайдаланылмайды, бір алынған нәтиже бойынша эксперименттер бірнеше рет қайталанбайды, нақты қисындық құрылым жоқ және т.б.» дәлелдерді алға тартады [5]. Бұл жерде табиғи объектілерді зерттейтін жаратылыстану немесе жасанды объектілерді зерттейтін техникалық саланың нақты зерттеу әдістерін адамды зерттеуде пайдаланудың айырмашылығына мән берілмейді.

Өзі үшін жаңа іс-әрекетті игеретін адам (жаңа педагогикалық іс-әрекетті бастайтын оқытушылар үшін әрине жаңа) кафедрада қалыптасқан әдіс тәсілдерді жасап көріп, қателесіп барып меңгереді, кей жағдайда ол әрекетінің тиімділігі шамалы болуы да мүмкін. Бұған қаншама күш, уақыт жұмсап, жүйкесі жұқарады. Тиімсіз тәсілдерді меңгергенде оқытушы қатты күйзеледі, қиналысы артады, қорқыныш туады, ақыр соңында түніліп, оқытушы мамандығынан бас тартуы да мүмкін. Яғни оқытушылық кәсіпке дайындығының төмен болуына байланысты мамандыққа бейімделе алмайды.

Педагогикалық іс-әрекетке дайындықтан өткен оқытушы өз әрекетінде салыстырмалы түрде аз қателеседі, орынсыз қысылмайды, өзінің іс-әрекетіне дайындығын міндетті талап деңгейімен салыстыра алады, өзіне сенімді болады сөйтіп, нәтижелі келістерді және технологияны пайдаланады.

Ғылыми-педагог кадрларды дайындауда жоғары оқу орындарының оқытушыларына қойылатын жаңа талаптар: білім алушылардың жеке тұлғалық және кәсіби дайындығын; тұлғалық сапаларын, жас шамасын ескеру; сабақта ересектерінің белсенді қатысуын ескеру; оқу процесінің барлық кезеңдерінде олардың шешім қабылдауға қатысуын;

мәдениетті тасушы ретінде ересектердің сапалары мен кәсіби мәдениетін пайдалану арқылы оқу барысында сөйлеуіне жағдай жасау. Ғылыми - педагог кадрларға қойылатын басты талап ұтқырлық. Ал ұтқырлық тек әлеуметтік мәселелерін шешумен ғана шектелмей үнемі жаңа идеялар мен технологияларды (өндірістік және әлеуметтік) тәсілдер мен әдістерді және оқыту әдістерін яғни инновацияны іздеумен сипатталады.

Интерактивті оқыту процесінің мақсаты оқытушы мінезінің моделін тиімділікке бұру. Интерактивті процес топтық рефлексиямен қорытылады. Жоғары оқу орнының бәсекеге қабілетті тұлғегі сыртқы ортаның жылдам өзгеру жағдайында тұлғалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін өзіндік менеджмент жүйесін білуі қажет. Осының барлығы да жоғары оқу орнындағы білімді, тәжірибелі инновацияға икем оқытушы профессорлардың құзырлығының көрінісімен сипатталады. Жоғары оқу орындарында кәсіби мамандарды заман талабына сай, сапалы дайындау тікелей оқытушылардың ішкі мәдениетімен, ізденісімен, біліктілігімен, тұлғалық әлеуетімен байланысты.

#### **Қорытынды**

Білім беруді реформалау процесі, оқытушы - профессорлардың іс- әрекетінің нәтижесіне қойылатын жаңа талаптар жоғары мектепте оқытушыларды және ғылыми - педагог кадрларды дайындауды жетілдіріп, олардың кәсіби біліктілігін көтеруді талап етуде. Оқытушының тұрақты кәсіби құзыреттілігінің негізі оның тұлғалық әлеуеті. Жоғары оқу орнынан кейінгі сатыдағы білім беру жағдайында білім беру технологияларын жетілдіру, оқытушылардың тұлғалық әлеуетін дамытудың негізгі шарттары оқытушының өзін - өзі жетілдіруі, тұлғалық әлеуетінің жоғарылығы, мәдениетінің, үлгі өнегесінің молдығы. Жоғары оқу орындары оқытушыларының басты міндеті әл-Фарабидің «Рухани тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген даналығына негізделген саналы тұлғаны, алған білімі мен құзыретін тек қана ізгілікке пайдалануға тәрбиелеу [6] арқылы азаматтық қоғамның зиялы қауымын қалыптастыруға қызмет жасау.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология / Лев Выготский: под ред. В.В. Давыдова. - М.: АСТ Астрель Хранитель, 2008. – 671 с.
2. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М.: ИНТОР, 1996. – 541 с.
3. Мясоедова Т.Г. Проблема повышения квалификации преподавателей вузов в условиях реализации концепции непрерывного образования / Т.Г. Мясоедова, С.В. Казакова // Интеграция образования. – 2004. - № 2. – С.57-64.
4. Гурье Л.И. Моделирование системы педагогических компетенций научно-педагогических кадров высшей профессиональной школы / Л.И. Гурье. – Казань: РИЦ Школа, 2009. – 186 с.
5. Гурье Л.И. Последипломное образование преподавателей вузов в условиях инновационных процессов / Л.И. Гурье. – Казань: РИЦ Школа, 2008. – 244 с.
6. Абу Насраль-Фараби: НАН РК, Ин-т философии. - Алматы: Ғылым, 1994. – 445 с., III с. Аль Фараби Таңдамалы трактаты Алматы, 1994... Таңдамалы трактаттары / Әбу Насыр әл-Фараби; [кұраст. Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев].

ОӘЖ 377.2

***Қ.Құспанова***

### **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫНЫҢ БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

*Қазақстан, Атырау, Атырау мұнай және газ университеті*

#### *Аңдатпа*

Мақалада рухани жаңғыру идеясының болашақ маманның әлеуетін қалыптастырудың маңызына тоқталады. Қоғамдағы рухани жаңғыру ұлттық құндылықтармен, тілді менгерумен тікелей байланыстылығын көрсетеді.

*Түйінді сөздер:* рухани жаңғыру, мәдениет, болашақ маман, әлеует, қалыптастыру.

#### *Аннотация*

В статье рассматривается значение идеи духовного возрождения при формирования потенциала будущего специалиста. Духовная модернизация общества отражает непосредственную связь с национальными ценностями, языковым менталитетом.

*Ключевые слова:* духовная модернизация, культура, будущий специалист, потенциал, формирование.

#### *Abstract*

The article discusses the importance of the idea of spiritual revival in the formation of the potential of the future specialist. Spiritual modernization of society reflects a direct connection with national values, language mentality.

*Keywords:* spiritual modernization, culture, future specialist, potential, formation.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында», - деп атап көрсете отырып, рухани жаңғыру идеясының болашақ маманның әлеуетін, рухани құндылықтарын қалыптастырудың маңызы жан - жақты ашылып берілген.

Шығыстың ғұлама ойшылы әл-Фараби «Адамға ең бірінші тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне және қоғамға үлкен апат әкеледі», - деген тұжырымы қоғам алдына үлкен жауапкершілікті мақсат етіп қояды [2]. ХХІ ғасырдың сұранысы әлемдік білім көшіне ілесе алатын, құзыретті тұлғаның қалыптастыруға бағытталған. «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» тәрбиенің мақсаты: ата-анасын қадірлеп, қастерлейтін, туған жерін, Отаны Қазақстанды сүйетін, қазақ тілін, мәдениетін, тарихын менгерген және ардақтайтын, толерантты, халықтар достығын, ел бірлігін сақтайтын, дені сау, жан дүниесі бай, еңбекке бейім, ана тілін және шетел тілдерін еркін менгерген, сапалы білім алған, құзыретті, дарынды, өзінің болашақ кәсібін таңдай алатын азамат тәрбиелеу мәселесі қоғам алдына қойылып отыр.

Қазақстан Республикасы бүкіләлемдік білім кеңістігіне енуді мақсат етуіне орай, үздіксіз білім беру жүйесінде түбегейлі өзгеріске түсуі тұлғаның тәрбиелік, мәдени деңгейін әлемдік жетістіктер деңгейіне көтеруді, жаңаша парадигманы қажет етеді. *Тәрбие парадигмасы* қоғамның дамуына байланысты, мақсат, міндеттеріне сәйкес өзгеріп отыратын жаңашыл әдіс тәсілдерді, ұстанымдарды, тұғырларды қажет ететін зерттеу әрекеттерін қалыптастырады. Білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуі де тәрбиеге жаңаша көзқарасты - жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарастыруды көздеп отыр.

Демократия құрып жатқан Қазақстан Республикасы үшін, оның ішінде құқықтық реформаның басты субъектісі болып отырған қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрлі құқықтық құндылықтардың ұлт менталитетінде алатын орны ерекше.

Қазіргі кезде философиялық әдебиеттерде құқықтың мазмұны мен табиғатын ашуға тұрақты екі көзқарас қалыптасқан. Бірінші, тиым салу, немесе дәстүрлі құқық. Екіншісі, либералдық, яғни адамның табиғи құқы мен бостандығын паш ететін көзқарас. Дәстүрлі көзқараста құқық пен заң бір деп қарастырылады және олардың арасында айырмашылық жоқ. Құқық адамдардың мінез-құлқын реттейтін, мемлекет тарапынан үнемі қолдау тауып отыратын жүйе. Бұл жүйені бұзғандар жауапқа тартылып жазасын алады. Бір ауыз сөзбен айтсақ «рұқсат етілмегендердің бәріне тиым салынады». Екінші көзқарас ХVІІІ ғасырда ағартушылық философия шеңберінде пайда болды. Бұл бағыттың өкілдері И.Кант, Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, Ч.Беккариа т.б.

Олардың ойынша, құқықта бірінші тиым салу немесе жазалау, адамның іс-әрекетін шектеу емес, керісінше адамның еркіндікке, бостандыққа деген құқығы. Құқық ұғымының алғашқы мәні: адамның өмір сүруге, меншікке, қауіпсіздікке, ар бостандығына, сөзге, көшіп-қонуға құқылы деді. Табиғи қарапайым құқыққа мемлекет ешқандай шек қоймауы керек.

Сонымен құқық мәселесіне екі методологиялық көзқарас пайда болды, біріншісі, адамдардың іс-әрекетіне, мінез-құлқына тиым салу арқылы қоғамда тыныштық пен тәртіп сақтау, екіншісі, жеке бастың еркіндікке құқы. Әрине бұл екі көзқарастар бірімен-бірі тығыз байланысты, дегенмен де, бүгінде құқықтық мемлекет құру либералдық құндылықтар негізінде жүргізілуде. Қазақ менталитетіне либералдық құқық жақын екенін айтуға болады, оның тамыры тереңде жатыр. Олардың мазмұны мен ауқымы мемлекеттік құқыққа қарағанда әлде қайда кең. Егер мемлекеттік құқық мемлекетпен бірге бір мезгілде пайда болса, жеке бастың құқығы мемлекет пайда болғанға дейін өмір сүрген. Ол мәдениеттің ажырамас бір бөлігін құрай отырып, халық даналығы негізінде, моральдық-этикалық қағида, салт-дәстүр, әдет арқылы реттеліп отырған. Сондықтанда құқықтық құндылықтардың жеке тұлғалық мағынасы адам мен дүние қатынасын қамтыса, мемлекеттік құқық, адам мен мемлекет институттарының ара - қатынасынан туындайды. Бірінші қатынас биресми, қалыпсыз, қалыпқа келе бермейтін немесе өте қиын келетін болса, екіншісі қалыпты сақтауға үнемі ынта танытып отыратын құбылыс. Әрине жеке бастың құқықтық құндылықтары мен мемлекеттік құқық ұғымы арасында үнемі қайшылықтар болып тұрады. Бұл заңды құбылыс.

Құқықтық мәдениетті ұлт менталитетінің темірқазығына айналдыру дегеніміз – ұлттық сана-сезімнің құқықтық беріктігін күшейту, агрессиялық пиғылдағы ойлар мен іс-әрекеттерге заң жүзінде тойтарыс берудің рухани қамалын жасау. Халық болып Ата заңды қорғау, оны бұлжытпай орындау құқықтық мәдениеттің көзі болады.

Елбасының мақаласындағы «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту, - деген тұжырымынан ділге, діне деген құрмет, рухани сананы, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға аса мән берілген [1].

Кез келген халықтың рухани-адамгершілік өмірінде *халықтық педагогика* бай және сан-алуан, өйткені ол түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Халықтық дәстүрлер әрқашан адамзаттық дамудың барысында, өзін этикалық халықтық сананың табиғи құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Соған қарамастан дәстүрдің ескісі мен жаңасы да өзгеріске ұшырауда. Бірақ олардағы басты нәрсе - өтіп бара жатқан ұрпақ пен келер ұрпақтың арасындағы жанды байланыс болып сақталып келеді. Сондықтанда осы заманғы тәрбиенің мәні - халықтардың озық ізгілік дәстүрлерін қайта жандандыру арқылы ұрпақтардың адамгершілігін нығайту болып табылады.

*Ұлттық мәдени құндылықтарды тәрбиелеу жүйесінде қолдану.* Еліміздегі бейбітшілік пен ұлтаралық бірлік, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, соның ішінде ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру мәселесі негізгі орын алады. Сондықтанда, біздің алдымызда тұрған негізгі міндет ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру. ХХІ ғасырағы мына лайықты тұлға – өз ана тілін білетін, басқа тілі құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адам [4].

Бүгінгі ХХІ ғасыр жастарына тәрбие беруде халықтық тәлімдік мұраларға тоқталмай кетуіміз мүмкіне мес. Ұлттық тәрбие көне түркі тектес халықтар дәуірінен бастау алады дейтін болсақ, тәрбиенің негізгі көзіне – көне тастағы жазбалар, халық ауыз әдебиеті мұралары, этнографиялық материалдар, халықтық салт-дәстүрлер, отбасы тәрбиесі жатады.

Ұлттық тәрбиенің мақсатына тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Мәселен, философияда құндылық қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың адаммен қоғам үшін, қоғамдық өмірмен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін (игілік, жақсылық пен жаманшылық, әсем және көріксіздік) түсіндіру үшін қолданылады.

Мәдени-тарихи тәжірибе дәлелдегендей жалпы әлемдік құндылық болып саналатын: қайырымдылық, сүйіспеншілік, еркінділік дегендерді педагогикада адамгершілік өлшемдердің көрсеткіші деп санайды.

Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпы әлемдік құндылықтардың бірі – тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Әр адамның тағдыры әрқашан әлемдік дүниемен, адамдармен, ұжыммен байланысты. Сондықтан демократияландыру, адамның құқығы мен бостандығын сақтау жағдайларында ұжымдағы қарым-қатынас мәселелері бұл күнде ерекше маңызға ие болуда.

«Құндылық» философия, психология, педагогика ғылымдарындағы негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Мысалы, философияда құндылық дүниедегі объектілердің ерекшеліктерін адам мен қоғамға, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін көрсететү (игілік, жақсылық пен жаманшылық, әсемдік пен көріксіздік) үшін қолданылады.

Сондай-ақ, құндылықты құбылысты қоғамдық сана түрінде (әділеттілік немесе әділетсіздік) сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге оларға баға береді, оларды мақұлдайды немесе айыптайды және олардың жүзеге асуын талап етеді немесе кемшілікті жоюдың өлшемі болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтардың арасында философтар мен прогресшіл ойшылдар мен педагогтар әрқашан бірінші *орында адамның құқығын, оның бостандығын және соған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп қарастырған.*

Кез келген халықтың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижелері болып табылады. Адам құқығының адамгершілік мүмкіндігі басқа жалпыадамзаттық құндылықтар сияқты ғасырлар бойы жинақталып, жаңа үлгінің негізінде адамның мінез-құлқын реттеуші ретінде қызмет етеді.

Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда, оларға адамзат баласының қол жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесімен қатар, қоғамдық-этикалық қалыптар мен ізгілікті-адамгершілікті игеруге болатынын тәжірибеден көруге болады. Жалпыадамзаттық құндылықтар халықтық дәстүрлерде, адамгершілік принциптерде, діни мәдениетте нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың озық белгілері, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталған күйде, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Ғалым-педагогтар осы заманғы педагогиканың алдында басты екі міндет тұр деп көрсетеді. Біріншіден, педагогиканы жалпыәлемдік құндылық (педагогикада адамды жақсы көру және адам бостандығын қамтамасыз ету) деңгейіне көтеруге әрекет жасаған жөн. Екіншіден, барынша жетілген адамзаттық идеалды құру. Осы екі міндетті кіріктіріп адами мұрат жасауда бостандық пен сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды да ескеру қажет.

*Жалпы әлемдік құндылықтар* – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс. Сол себепті де ол жалпыадамзаттық деп аталады. XX ғасырдың соңында Халықаралық топ алғаш рет дүниежүзілік тарихта адамның құқықтары туралы халықаралық негізге алынатын құжаттар жасады. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы», «Баланың құқықтары туралы конвенция» және т.б., оларда тәрбиенің әдіснамасы мен теориясы, жаңартылған мақсат пен мүдделер қарастырылған. Онда халықтардың рухани құндылықтарын дамытуда жаңа көзқарастарға негізделген халықаралық стандарт болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтар - адамның құқықтары мен бостандығы көрсетілген.

Қазақстан Республикасы аталған құжаттардың басты идеяларын білім саласында негізге алды. Мектептегі тәрбие жұмысын жалпы әлемдік құндылықтарға негіздей отырып, жаңа құндылықтар жасауға талпыныс жасау көзделуде. Оның мәні жас ұрпақты басқаларда

бар нәрсені бағалай білуге үйрету, жалпыадамзаттық дамуға үлес қосуға, халықтардың күш-жігерімен жасалған құндылықтарды құрметтеуге және қорғай білуге тәрбиелеу.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды игерудегі - маңызды құрал ана тілі. Тіл арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады. Өз ұлтының тілін, музыкасын, әдет-ғұрпын, ауыз-әдебиетін, мақал-мәтелдерін білмеу, ол өз халқынан, өскен ортасынан, ұлттық менталитетінен жұрдай болып, қол ұзу болып табылады. Өз халқымен рухани байланысы жоқ адам, тамырсыз өскен өсімдік, қуыс кеуде болып қалады. Ондай адамды космополит деп атайды. Өз халқының тілін, мәдениетін білмейтін адам өз халқының тарихын, әдет-ғұрпын мақтан ете алмайды. Тіл – ол тек ұлттардың қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сонымен қатар оның бейнесі, мәні, дүниетанымының шегі. Адамның сөйлеу мәнерінде ұлттық ерекшелік көрініп тұрады. Әр жеке тұлға өз ұлтының рухымен сомдалуы тиіс [4].

Елбасының «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деген тұжырымы болашақ маманның әлеуетін қалыптастырудың негізі болып табылады.

### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Айқын. – 2013. - 13 сәуір.
2. әл-Фарабидің философиялық трактаттары. – Алматы, 1973. – 318 б.
3. Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – 07.06.1999. - № 389-І. - 1999 жылғы 22 қарашадағы № 484-І, 2001 жылғы 11 шілдедегі № 20-ІІ Заңдармен енгізілген 2001 жылғы 24 желтоқсандағы № 276-ІІ Заңдармен енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама.
4. Иманбаева С.Т., Майғанова Ш. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. – Алматы: ОНОН, 2017. - 343 б.

УДК 37.01

*Е.М.Тілеубергенов*

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰЛТТЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ**

*Қазақстан, Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

### *Аңдатпа*

«Рухани жаңғыру - ұлттың жаңғыруы» атты мақалада Елбасының ұлттың жаңғыруын халықтың, қоғамның алдына негізгі миссия ретінде, ұлттық сананың жаңғыруына негіз болатынына тоқталады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жобадағы бағыттардың қазіргі таңда орындалу жолдарына тоқталған. Елбасының ұсынып отырған ағылшын тілінің менгеру әлемдік білімдік кеңістіктің талап етіп отырғанын, еліміздің азаматтары ағылшын тіліне деген ынтасының өскені де жобадағы ұсыныстың көкейкестілігін ашып көрсеткен. Бүгінгі таңда болашақ маманды даярлау жоғары мектеп жағдайында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру мәселесіне тоқталған. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Интеллектуалды ұлт -2020» ұлттық жобаларының өзара сабақтастығына талдау жасалған.

*Түйінді сөздер:* Рухани жаңғыру, рухани құндылықтар, ұлттық сана, әлемдік білім беру жүйесі, интеллектуалды ұлт.

### *Аннотация*

В статье «Духовное обновление – обновление нации» Глава государства указывает, что национальное обновление является основной миссией, стоящей перед народом и обществом, которая должна стать основой для обновления национального самосознания. Он подробно останавливается на путях выполнения направлений проекта «Ориентир на будущее: духовное обновление» в современных условиях. Глава государства подчеркивает, что предлагаемый проект по овладению английским языком требует мировым образовательным пространством, повышение интереса граждан нашей страны к изучению английского языка подтверждает актуальность проекта. Также он останавливается подробно на вопросе формирования интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы по подготовке будущих специалистов.

Проводит анализ преемственности национальных проектов «Ориентир на будущее: духовное обновление» и «Интеллектуальная нация-2020».

*Ключевые слова:* Духовное обновление, духовные ценности, национальное сознание, мировая образовательная система, интеллектуальная нация.

#### *Abstract*

In the article “Spiritual renewal – the renewal of the nation” the Head of the state indicates that national renewal is the main mission facing the people and society, which should become the basis for the renewal of national self-awareness. He focuses in detail on the ways of accomplishing the directions of the project “Reference point for the future: spiritual renewal” in today’s conditions. The head of the state emphasizes that the proposed project on mastering the English language is required by the world educational space, increase in the interest of citizens of our country to learning English confirms the relevance of the project. He also focuses in detail on the issue of the formation of the nation’s intellectual potential in the conditions of a higher school for training of future specialists. He conducts an analysis of the continuity of national projects “Reference point for the future: spiritual renewal” and “Intellectual Nation-2020”.

*Keywords:* spiritual renewal, spiritual values, national consciousness, world educational system, intellectual nation.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа жолдауында ұлттың жаңғыруын халықтың, қоғамның алдына негізгі миссия ретінде ұсынып отыр. Елбасы «Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», - деп атап көрсетуі ұлттық сананың жаңғыруына негіз болады деп ойлаймыз [1].

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жобадағы қамтылған мәселелер өз шешімін тапты:

Бірінші, отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

Екінші, ол бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениет болуға тиіс.

Үшінші, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек. Мәдени өнімдеріміз тек кітап түрінде емес, әртүрлі мультимедиалық тәсілдермен де шыққаны абзал.

Төртінші, бұған ауқымды мемлекеттік қолдау жасалуы қажет. Сыртқы істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйелі түрде, қоян-қолтық жұмыс істеуі керек.

Бесінші, бұл жұмыста шығармашылық зиялы қауым, оның ішінде Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы, университеттер мен қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқаруға тиіс. Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек. Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз. 2017 жыл жер жүзіне мәдениет саласындағы қай жетістіктерімізді көрсете алатынымызды айқындап алу тұрғысынан шешуші жыл болмақ. Содан соң бірегей бағдарламаны 5-7 жылда тыңғылықты жүзеге асырамыз. Осылайша, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады.

Алтыншыдан, ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн [1].

Отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт тұрғысынан алатын болсақ, орта және кәсіптік білім беру жүйесінде, жоғары оқу орындарында үш тілді білім беру мәселесі іске асты деп айта аламыз. Себебі, өзім қызмет атқарып отырған қара шаңырақ,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жылдан - жылға ағылшын тілінде білім беру жақсы жолға қойылып, профессор-оқытушылар мен студенттер тарапынан сұраныстар жоғарылап отыр.

Елбасы ұсынып отырған ағылшын тілің менгеру әлемдік білім жүйесі талап етіп отырғанын көрегендікпен айқындап беріп отыр. Әр заттың басында өзіндік қиыншылығы болады, кейін осы ұсыныстың жақсы нәтижесін көреміз. Әлемдік тіл ағылшын тілі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері халқымыз еркін әлемдік кеңістікке кіріктіріліп отыр. Шетелге шыққан еліміздің азаматтары ағылшын тіліне деген ынтасының өскені де жобадағы ұсыныстың көкейкестілігін ашып беріп отыр.

«Қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениет болуға тиіс», - деген қағидасы да өз деңгейінде даму үстінде. Цифрлық Қазақстан жобасы да Елбасы жолдауының негізгі бағыты болып табылады. Заманауи мәдениет көшіне қазақстан ғалымдары да өз үлестерін қосып отыр. Қ.Сәтпаев атындағы политехникалық университетінің түлегі Достай Раманқұловтың әлемдік Нобель сыйлығының лауреаты болуы да Қазақстандағы білім беру жүйесінің көрсеткіші болып табылады [2]. Өскемендік А.К.Бахтиннің «Өнеркәсіпте жарылыс үшін арзандық энергетикалық қоспасы» жаңалығы үшін шведтік компанияның «Нитро Нобель» сыйлығының лауреаты болуыда, Альфреда Нобельдің статуеткасы мен 120 мың доллар мөлшерінде сыйлыққа ие болуы да қазақстандық ғылымның дамуының нәтижесі деп бағалауға болады [3].

«Мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек, мәдени өнімдеріміз тек кітап түрінде емес, әртүрлі мультимедиалық тәсілдермен де шыққаны абзал», яғни «біріншіден халықтың орасан зор мәдени мұрасың соның ішінде осы заманғы ұлттың мәдениетін фольклорын дәстүрлер мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау. Ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген көркем, ғылыми, өмірбаяндық дестелер жасау», - деген бағыты бойынша елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша да өте үлкен шаралар атқарылды. «Рухы берік, санасы ояу, мәдениеті озық, әдебиеті ерен өрен елдің болашағы да баянды болады», - деп, халықтың бай дәстүрлері мұраларын жинақтау, сақтау және дәріптеу, туған өлке мәдениетін т.б. аса мән берілді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы – «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу» - бұл негізгі ұстаным тұрғысынан қарастырылды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жобасы Елбасының «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасының мақсаты жаңа тұрпатты қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту және ол жобаның мемлекетті стратегиялық тұрғыдан дамыту бағыты үш құрамдас бөліктен тұрады: білім беру жүйесін инновациялық даму жолына түсіру; қуатты ақпараттық революция, яғни ақпараттық технологиялар паркін қалып-тастыру; жастарға рухани тәлім-тәрбие беру. Сонымен бірге ұлттық жобаның негізгі идеясы жаңа тұрпатты азаматты тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы қалыптасқан мемлекет деңгейіне жеткізумен байланысты. Қазақстан Республикасы Президентінің интеллектуалды ұлтты қалыптастыру міндеті өте маңызды және тереңірек ұғынуды қажет етеді, себебі ол Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасын құру, әлемнің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елінің қатарына Қазақстанның енуі үшін негізгі бағдар болып саналады.

Елбасының бағдарламалық еңбектерінде көрсетілгендей, білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтау, білімнің халықаралық стандартын менгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман, интеллектуалды дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының кәсіпкер азаматтарын даярлау отандық білім саясатының негізгі ұстанымын айқындайды [5; 6].

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтау ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру. Интеллектуалды тұлғаны, интеллектуалды ұлтты қалыптастыру – қоғамдағы



ең көкейтесті мәселелердің бірі. Интеллектуалды әлеует – интеллектуалды іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық ресурсы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады.

Бүгінгі таңда болашақ маманды даярлау жоғары мектеп жағдайында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бойынша, көбінесе әр түрлі кезеңдерде бұл құбылысты қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін, интеллектуалды ұлтты табысты қалыптастыру үздіксіз білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми негізделген әдістемесіз мүмкін емес екенін ескере келе, университет «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері» пәнінің тұжырымдамасын, оқу бағдарламасын, оқу құралын дайындағаны белгілі. Бұл пән республиканың көптеген жоғары оқу орындарында оқытылып отыр. Бұл пәннің ерекшелігі Елбасының әр жылғы, 1997 жылғы «Қазақстан – 2030» Стратегиясынан бастап, қазіргі «Қазақстан -2050» Стратегиялық бағдарламасына дейінгі жолдауларының тарихи- тәлімдік мазмұнын түсіндіреді, интеллектуалды тұлға мен интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастыруға негізделген индикаторларды және сол индикаторларға сәйкес құндылықтарды тұлға бойында қалыптастыруды, ақпараттық және инновациялық технологияларды т.б. оқытады [6].

2004 жылғы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Жолдауында әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру, оқушыларды жоғары сатыда бейінді оқытуды көздей-тін он екі жылдық білім беруге көшу, білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын елеулі түрде нығайту, біріншіден, бала бақшалар жүйесін қалпына келтіруге және толыққанды мектепке дейінгі білім беруді қалыптастыруға кірісу, екіншіден, реформалаудың нәтижелерінің бірі жаңа сатыдағы педагогтың өмірге келуі, көптілді білімі бар педагогтар үшін қызмет орындарына ерекше назар аудару, мұғалімдердің біліктілігін неғұрлым сапалы деңгейге көтеру, білім беру жүйесінің қызметкерлерін қайта даярлау жөніндегі республикалық және аймақтық институттардың материалдық-техникалық базасын нығайту, келешекте мұғалім мамандығы ең беделді әрі жоғары ақы төленетін мамандықтардың бірі болуы. Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады [6].

Рухани жаңғыру - ұлттың жаңғыруы бұл тікелей өсіп келе жатқан жас ұрпақтың рухани санасына, бәсекеге қабілеттілігіне, өмірді мәнді сүруге деген ұмтылысына байланысты. 90 жылдық тарихы бар қара шаңырақ Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы да үлкен табыспен келіп отыр. Әлемдік жоғары оқу орындарының жоғары қатарында болуы, педагогикалық жоғары оқу орындарының тобының басында тұруы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Интеллектуалды ұлт -2020» атты ұлттық жобаларын іске асырудағы қосқан іргелі үлесі деп бағалаймыз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Айқын. – 2013. - 13 сәуір.
2. Интернет көзі [Электрондық ресурс]: URL: [www.time.kz](http://www.time.kz).
3. Интернет көзі: [Электрондық ресурс]: URL: [https://www. Google.kz](https://www.Google.kz).
4. Интернет көзі: [Электрондық ресурс]: URL: <http://nuralib.kz/kk/nezavisimost>.
5. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2013. - 36б.
6. «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру». Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат». - 2013. – 305 б.

**БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН «КӨРКЕМ ЕҢБЕК»  
ПӘНІН ОҚЫТУҒА ДАЯРЛАУ**

*Қазақстан, Алматы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*

*Аңдатпа*

Мақалада 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін «Көркем еңбек» пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға даярлаудың кейбір мәселелері сөз болады. 12 жылдық білім берудің басты талаптарына сай бастауыш мектептегі «Көркем еңбек» пәнін жеке тұлғаға бағдарлап оқытуға баса мән беріледі.

*Түйінді сөздер:* бастауыш сынып, 12 жылдық білім беру, жаңартылған білім беру мазмұны, кіріктірілген пән, көркем еңбек, бейнелеу өнері.

*Аннотация*

В статье рассматриваются некоторые проблемы подготовки будущих учителей начальных классов, учитываются особенности методики преподавания предмета «Художественный труд» в системе 12-летнего образования. В соответствии с основными требованиями 12-летнего образования акцент делается на личностно-ориентированное обучение учащихся начальных классов предмету «Художественный труд».

*Ключевые слова:* начальная школа, 12-летнее образование, обновленное содержание образования, интегрированный предмет, художественный труд, изобразительное искусство.

*Abstract*

The problem of this article are considered the preparing Future primary teachers at the subject of «Art work» in the 12-th years school education. In accordance with the basic requirements of the 12-year education, the emphasis is on personal-oriented instruction in the elementary school "Art work".

*Keywords:* Primary School, 12 years education, updated education content, integrated, art work, art.

Қазіргі таңдағы адамзат тіршілігінің негізгі тұғырнамасы білім болып табылады. Жаңа заман жаңа көзқарас тудырып, іргелі жаңғыртулар жасау мен білімді дамытудың жаңа сапалық деңгейін қажет етіп отырған кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың білім беруді өз назарында ұстап отыруының мәні зор. Ол «Жаңа онжылдық–жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында: 2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс, –деп көрсетті [1]. Мемлекет деңгейінде көтеріліп отырған білім беру мәселесі бүгінгі күні әлемдік білім беру кеңістігіне енудің алғышарты болып табылады.

Еліміздегі білім берудің жаңа жүйесі, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Осы себепті 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу тұсында болашақ мұғалімдерді даярлауда көп мәселелер қарастырылуы да заңды.

ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Мектептегі білім сапасы сапалы даярланған педагогтермен айқындалады. Олар бұл білімдерін әр түрлі әдістермен білім алушыларға береді» [2], – деп, кәсіби даярлықтың жоғары сапалы қол-жетімділігі кәсіби сауаттылық негізі екенін анықтап берді. Білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратын факторлар: 1) лайықты адамдар ғана мұғалім болуы керек; 2) олар оқытушылық қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін дайындықтан өтуі қажет; 3) әрбір оқушы сапалы білім алатындай жағдайды қамтамасыз ету қажет [3]. Даярлығы жоғары білікті, кәсіби құзырлы педагог жалпы орта білім беру нәтижесі ретіндегі өзіндік менеджмент, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгерген жеке тұлға-оқушы қалыптастырады, сондықтан кәсіби даярлықтың арнаулы оқу пәндері негізінде іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық тәсілдерін

үйлестіре отырып, кәсіби құзыреттіліктерді болашақ маманға меңгерту педагогикалық оқу орны оқытушыларының басты міндеті болып саналады.

12 жылдық мектептің басты мақсаты: жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, қоғам талабына сай өзін көрсете білетін жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойында қалыптастырған, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Осы мақсаттан келесі міндеттер туындайды: тәрбиелеу және дамытушылық іс-әрекетін ұйымдастыру; құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту; оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен шығармашылық қабілетінің байқалуы мен қалыптасуына жағдай жасау.

Осындай ауқымды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған 12 жылдық мектептегі қызметке болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы даярлығын қалыптастыру мақсатында біршама базалық және кәсіптендіру пәндерінің мазмұнына 12 жылдық мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің мазмұндық ерекшеліктеріне сәйкес өзгерістер енгізілген. Жаңартылған білім беру аясындағы бастауыш мектептің оқу жоспарына енгізілген сабақтарды оқыту әдістемесін қарастыратын пәндердің бірі – «Көркем еңбек» пәнін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәні. Бұл пән «Технология» білім беру саласы бойынша бастауыш мектепте оқытылатын «Көркем еңбек» пәнін оқытуға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мақсатында жүргізіледі.

«Көркем еңбек» – бейнелеу өнері мен еңбектің негізгі түрлерін, барлық қажетті материалдарды мазмұнына қарай біріктіріп енгізген кіріктірілген курс. «Кіріктірілген пән» деген ұғым пәндерді жай қосу емес, оқу материалындағы әрекет кірігуі, оның мәні мен өзара байланысы және жинақтылығына қарағанда әлдеқайда тереңде жатыр.

Шығармашылық іс-әрекет барысында қоршаған ортадағы объектілерді бір бейнеде көрсету үшін өнер түріндегі көркемдік тіл (түс, сызық, штрих, көлемді пластика, стилдеу, көлем, кеңістік, конструкция, композиция т.б.) және материалдың физикалық қасиеттерінің (ерігіштігі, жабысуы, иілуі, бүктелуі т.б.) мүмкіндігі пән мазмұнында кіріктіріліп берілген.

Бұрынғы оқытылған екі пәннің біріктірілуі жоғары деңгейлі белгілі бір нәтижеге жетуге, шығармашылыққа баулуға жағдай жасайды.

Пәннің мақсаты: баланың өзінің пәндік шығармашылық іс-әрекеті арқылы әлемді тану үрдісінде өзін-өзі дамытуға ұмтылатын тұлғаны дамыту.

Міндеттері: жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, шығармашыл тұлғаны дамыту, оның сапалық та біліктілік қасиетін қалыптастыру, алдына мақсат қоя білетін, мұғалім қойған не туындаған проблемаларды табатын және шешетін, өзінің ойын іске асыру үшін тиісті құралдарды таңдай алатын, өзінің тәжірибесін түсінетін және бағалайтын, өзінің сөйлеу мәнері мен эстетикалық талғамын үйлестіре білетін, адамның материалдық бейнесіндегі әлеуметтік-эстетикалық арман-мұратының жетістігі ретінде өнер туындыларымен жалпы таныстыру, эстетикалық тәжірибесі мен технологиялық білімін, білігі негіздерін баланың түпкі ойының практикалық түрде іске асыру негізінде қалыптастыру. Бұл міндеттер баланың көркем шығармашылық іс-әрекеті арқылы өз бетінше дамуын және жеке тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ететін жалпы мәдени білімін іске асырады [4].

Сондықтан «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы үшін оқытылатын «Көркем еңбек» пәнін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәні - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың педагогикалық жалпы жүйесінің ең бір маңызды бөлігі. Ол студенттердің пән бойынша теориялық білімді, практикалық білігі мен дағдысын меңгеруін, оны кәсіби іс-әрекетінде пайдалануды қарастырады. Бұл пән бәсекеге қабілетті маман даярлауда қазіргі қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыратындай сапалық деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған пән болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-әдістемелік дайындау мақсатында пән бойынша теориялық материалдар, оны игертудің амалдары мен оқыту әдістерін қамтиды. Пәннің ерекшелігі бастауыш сынып оқушыларын Отандық және шетел,

халықтық сәнді-қолданбалы өнер туындыларымен таныстыру әдістемесімен қатар студенттерге бейнелеу құралдарын еңбек іс-әрекетімен кіріктіре отырып, оқушылардың сурет салу, мүсіндеу мен жапсырмалау, әр түрлі конструктор құрастыру бойынша практикалық іс-әрекеттерін қалыптастыру әдістемесін оқытуды көздейді. Осыған сәйкес студенттерді ғылыми-әдістемелік біліммен қаруландырып (пәннің ғылым ретіндегі және оқу пәні ретіндегі ерекшелігін, «көркем еңбекті» оқытудың мақсаты мен маңызын, одан берілетін білім көлемін, оны жеткізу әдістерін, білім беруді ұйымдастыру формаларын, олардың түрлері мен типтерін, қажетті құрал-жабдықтарын, т.б.), өз бетімен кәсіби әрекетін іске асыруға мүмкіндік жасайтын бірден-бір әдістемелік пән болып табылады. Сол себепті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда «Көркем еңбек» пәнін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнінің маңызы зор, яғни бұл курс – бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарындағы негізгі пәндердің бірі.

Бастауыш сынып оқушыларына «Көркем еңбек» пәнінің мазмұнын меңгертуде оқытудың құралдары мен әдістерін жаңартуды, жаңа технологияларды пайдалануды талап етеді. Бастауыш мектепте «Көркем еңбек» пәнін жеке тұлғаға бағдарлап оқыту 12 жылдық білім берудің басты талаптарына сай екенін байқауға болады. Өйткені жеке тұлғаға бағдарланған оқыту парадигмасының негізінде әрбір оқушының оқу өрісінің даралығын тану ниеті жатыр. Мұғалімнің рөлі білім беруде құзыреттіліктер, біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру ғана емес, оқушы өзінің жеке әлеуетіне сүйенетін және оқытудың жаңа технологиясын пайдаланатын тиісті білім беру ортасын құруда болып отыр.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту үдерісінде оқушының өзін іс жүзінде көрсетуіне және оқытылатын пәндерді меңгеру барысында өзінің жеке қасиеттерін дамытуға арналған оқушы мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекеті түрінде көрінеді. Ынтымақтастықтағы оқыту үдерісі әрбір оқушының өзінің даму деңгейіне сәйкес оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұғалім өзінің іс-әрекеті арқылы педагогикалық үдерісті шығармашылықпен түрлендіре алады. Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту үдерісінде мұғалім жетекші, қуат беруші, жігерлендіруші рөл атқарады [5].

Жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың басты мақсаттарының бірі оқушылар білімінің дербес модельдерін іске асырудың бір мезгілде жүргізілуі, бұл кезде әрбір оқушыға барлық оқу пәндерін меңгеруде өзіндік білім алу өрісін жасау мүмкіндігі беріледі.

Бастауыш мектепте жеке тұлғаға және нәтижеге бағдарланған оқытуды ұйымдастыру мұғалімдердің төмендегідей міндеттерді іске асыруын көздейді:

- пән бойынша тақырыпты, мақсатты нақты тандай білу;
- әр сыныпта меңгерілетін ұғымдар мен түсініктерді жете білуі;
- білім берудегі міндеттерді шешуде әдістерді, рефлексия тәсілдерін, өзінің іс-әрекетін шығармашылықпен ұйымдастыру;
- әр сынып бойынша ізденімпаздық, шығармашылық жұмыстарды жүйелеп пайдалана білуі, үлгі бойынша немесе еркін тақырыпта әртүрлі шығармашылық жұмыстарды жасай алуға машықтандыру;
- бағдарламадағы оқыту нәтижелері бойынша «көркем еңбек» пәнінен білімді меңгертуі.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына «Көркем еңбекті» оқытуда бірқатар педагогикалық талаптарды орындау қажет деп санаймыз:

- педагогтар мен оқушылардың өзара әрекеттерінің жеке тұлғаға бағдарлануы;
- әрбір оқушыға іс-әрекет түрлерін және оған сәйкес құрал-жабдықтарды тандау мүмкіндігін беру;
- оқушының тұлғалық, жеке бастық, эмоционалды-сезімдік, эстетикалық дамуында оның даралығын сақтауға ықпал ететін білім алу ортасын құру;
- дайын үлгіні жаңғырту және зерттеушілік шығармашылық іс-әрекеттің, белсенділіктің бірлескен және дербес түрін пайдалану.

Осындай педагогикалық талаптарды орындайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдері 12 жылдық білім беру жүйесіне сәйкес оқытылатын пәндердің бағдарламалық

материалдарын еркін игерте алатын, оқу әрекетін оқушының қызығушылығы мен бейімділігіне қарай шығармашылық іс-әрекет тұрғысынан ұйымдастыра білетін, оқушылардың білімі мен қабілет деңгейін бағалай алатын, баланың жеке тұлғасын іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптастыра алатын болады деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, болашақ маманды кәсіби даярлауда әрбір кәсіптік оқу пәнінің білім мазмұны мен әдістемелік жүйесі негізінде жеке тұлғаға қойылатын кәсіби деңгейлі сауаттылық шешімін табу керек. Өйткені, кәсіби даярлықта педагогке қажетті кәсіби құзыреттіліктерді толыққанды меңгерген маман жаңартылған оқу бағдарламасын меңгеретін оқушыларына білім алу нәтижесі ретіндегі құзыреттіліктерді сапалы меңгертетіні сөзсіз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Н.Ә.Назарбаев «Жаңа онжылдық–жаңа экономикалық өрлеу–Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы // Айқын. – 2010. - 30 қаңтар.
2. 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
3. Құсайынов А. Орта білім сапасын көтеру проблемалары: оны шешу жолдары. вебинар-лекциясынан.
4. ҚР Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 370 қаулысымен бекітілген).
5. Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2008.

УДК 377.2

***Кожамжарова К.***

## **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА В УСЛОВИЯХ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

*Казахстан, Алматы, Казахская национальная консерватория имени Курмангазы*

### *Аннотация*

Рассматривается важная сторона профессиональной подготовки педагога-музыканта – поддержка и сопровождение развития его личности в условиях непрерывного образования. Для этого целенаправленно используется специальный инструментарий – диагностика, коррекция, профилактика социально-психологической дезадаптации, консультирование по проблемам личностных кризисов, с применением разнообразных тренингов и упражнений.

*Ключевые слова:* профессиональная подготовка, музыкант-педагог, непрерывное образование.

### *Аңдатпа*

Үздіксіз білім беру үдерісінде педагог-музыканттың жеке тұлғасын дамытуға қолдау көрсету және сүйемелдеу сияқты кәсіби даярлаудың маңызды қыры қарастырылады. Ол үшін диагностика, түзету, әлеуметтік және психологиялық бұзылыстардың алдын алу, жеке дағдарыс проблемалары бойынша кеңес беру, әр түрлі тренингтер мен жаттығуларды пайдалану сияқты арнайы құралдар мақсатты түрде қолданылады.

*Түйінді сөздер:* кәсіби оқыту, музыка мұғалімі, үздіксіз білім беру.

### *Abstract*

An important aspect of vocational training of a music teacher is considered - support and support of the development of his personality in the teaching and educational process. For this, a special tool is used purposefully: diagnosis, correction, prevention of social and psychological disadaptation, counseling on personal crisis problems, using a variety of trainings and exercises.

*Keywords:* vocational training, music teacher, continuing education.

По определению свободной энциклопедии Википедия, непрерывное образование – это процесс роста образовательного (общего и профессионального) потенциала личности в течение всей жизни, на основе использования системы государственных и общественных институтов и в соответствии с потребностями личности и общества [1].

В своей статье мы хотим рассмотреть проблемы психолого-педагогического сопровождения развития личности будущих педагогов в условиях непрерывного образования. Так как целью непрерывного образования является формирование и развитие личности в периоды физиологического, психологического и социального созревания.

Под психолого-педагогическим сопровождением развития личности будущих педагогов (педагогов-психологов и педагогов-музыкантов) понимается комплексная система психолого-педагогических условий и направленной психологической помощи на всех этапах профессионального обучения в вузе, *в том числе, музыкальном*, включающий всех субъектов образовательного процесса с целью формирования профессионально-педагогических компетенций, содействия личностному саморазвитию и самореализации и активизации внутреннего потенциала будущего педагога в рамках деятельности психологической службы вуза.

Особенно значимо введение психолого-педагогического аспекта сопровождения развития личности, в систему непрерывного образования будущего педагога-музыканта, поскольку педагогический блок занимает в нейменьшее количество часов, чем у педагогов-психологов музыкального образования.

Психолого-педагогическое сопровождение будущего педагога предполагает применение совокупности методов, приемов и средств, направленных на диагностику, профилактику социально-психологической дезадаптации, консультирование по проблемам личностных кризисов.

Сопровождение - это направленная психологическая помощь, которая запускает механизм саморазвития и активизирует собственные ресурсы будущего педагога. Фактически, сопровождение – это длительная помощь на всех этапах обучения в вузе, которая вскрывает ресурсы для развития личности и дает возможность опираться на собственные силы.

Сопровождение подразумевает применение совокупности методов и технологий, позволяющих претворять в жизнь развивающие отношения. Следует объяснить, что происходит, понять мотивы, потребности, цели и ценности, выстроить такое взаимодействие, которое направляло самопознание субъекта. Сопровождающий создает условия для успешного движения человека по тем путям, которые он выбрал сам в соответствии с требованиями значимого для него окружения; помогать ему, делать осознанные личные выборы в этом сложном мире, конструктивно решать неизбежные конфликты; осваивать наиболее индивидуально значимые и ценные методы познания, общения, понимания себя и других.

Главная идея психологического сопровождения состоит в нахождении и поддержке положительного внутреннего потенциала личности будущего педагога. Из этого вытекает необходимость создания определенных условий для развития личности будущих педагогов.

Цель психолого-педагогического сопровождения-формирование профессионально-педагогических компетенций, содействие личностному саморазвитию и самореализации, активизация внутреннего потенциала будущего педагога.

Задачи психолого-педагогического сопровождения будущего педагога:

- 1) содействие в адаптации к условиям обучения в вузе;
- 2) помощь в выстраивании и реализации индивидуальной образовательной траектории;
- 3) формирование профессионально-педагогических компетенций;
- 4) помощь преподавателям в определении воспитательных приоритетов;
- 5) формирование психолого-педагогической направленности личности;
- 6) помощь студентам «группы риска»;
- 7) сохранение психологического здоровья личности.

Важно организовать поддерживающую психологическую среду, формирование условий, стимулирующих личностный и профессиональный рост обучающихся ВУЗа.

Востребовано формирование навыков самоорганизации, самоменеджмент.

В.А.Дегерев дает следующее определение: «самоменеджмент – это ключевая компетенция личности и состоит из способности управлять своим развитием и саморазвитием, умений ставить цели, управлять временем (тайм-менеджмент), способностей к самопознанию, самообразованию, самоорганизации, самовоспитанию, самоконтролю

Параметры самоменеджмента могут помочь в отборе компетенций студента, обеспечивающих умения и навыки принимать решения и отвечать за них; полной самостоятельности и независимости от родителей, родных и др.; на поступок; поставить цель и определить пути ее достижения; уметь добывать знания без помощи преподавателя; содержать себя и свою семью; организовать свой досуг; обладать критическим мышлением; анализировать свою деятельность и деятельность других; планировать свою профессиональную деятельность, профессиональную подготовку; общаться; уметь вписать себя в реальный мир; понимать других людей, учитывать в своем поведении интересы других людей; свободно ориентироваться в современной социокультурной среде [2]. Работа по сохранению психологического здоровья личности студента, под которым понимается это психоэмоциональная устойчивость личности; сопротивляемость аддикциям, самопринятие, способность к самореализации, сформированность ценностных ориентаций; способность приспосабливаться к условиям внешней среды подкрепляется психопрофилактикой.

Среди профессионально важных личностных качеств будущего педагога: а) общая коммуникативная компетентность; б) психолого-педагогическая направленность личности.

*На 2-3 курсах происходит профессиональная идентификация.* На данном уровне психолого-педагогического сопровождения происходит формирование профессиональной мотивации, развитие рефлексии и субъектности. На втором курсе заканчивается этап адаптации к вузовскому обучению. Третий курс характеризуется становлением новой формы учебной деятельности, при этом формирование творческого подхода к учебной деятельности сопровождается ростом социального статуса индивида в группе и закреплением студенческого стиля жизнедеятельности. Происходит также переосмысление ценностей, но рано или поздно происходит осознание себя, своей роли в профессии и желание обрести модель профессионального развития.

Важным моментом в рамках психолого-педагогического сопровождения в вузе является развитие и укрепление положительной мотивации к учебе. Особенно актуальной данная проблема становится на втором и третьем годах обучения студентов. Это связано с тем, что именно в этот период отмечается большая изменчивость мотивов профессионально-деятельностного уровня по сравнению с другими мотивами (мотив аффилиации, мотив достижения, личные мотивы, мотив престижа и др.) и, вследствие этого, наблюдается потеря интереса к профессиональной деятельности у студентов.

Оптимизация процесса формирования субъектной позиции предполагает интегрированный подход к анализу проблемы развития и становления субъектности. В качестве компонентов субъектной позиции Аксенова Г.И. рассматривает: активность во всех ее проявлениях, в том числе и в творчестве, субъектный потенциал, ценностно-смысловую сферу, пространственно-временной континуум, ответственность, сложившиеся в результате активности будущего специалиста как субъекта учебно-профессиональной деятельности и целенаправленного процесса обучения в вузе.

Формирование профессионально важных личностных качеств будущего педагога ориентировано на базовые коммуникационные навыки. Тренировка этих навыков должна иметь своей целью достижения базового уровня компетентности в следующих областях:

- активное слушание – включает использование как вербальных (словесных), так и невербальных коммуникационных приемов. Будущий педагог должен отчетливо сигнализировать о том, что все его внимание сосредоточено на другом человеке и делать это взглядом, путем посылки сигналов, обозначающих, что информация принимается, и контакт

должен быть продолжен таких, как кивание головой, фразы типа «верно», «понимаю» и т.д. Желание активно слушать лучше всего демонстрировать также путем использования открытых вопросов, что подталкивает собеседника к более полным ответам;

- эмпатия, уважение, заинтересованность, теплота и поддержка – эти составные части являются сердцевинной интерперсональных навыков. Их нельзя с легкостью подделать, и если педагоги лишены этого, то их нельзя быстро научить тому, как выполнять эти вещи способом, который бы позволил их развивать. Данный раздел является скорее областью не навыков или умений, а отношения. Тем не менее, педагогам следует подавать ясные сигналы, говорящие об их заинтересованности в восприятии обучающегося;

- сотрудничество – важно, чтобы обучающийся мог чувствовать, что педагог ясно понимает его нужды и готов к тому, чтобы работать вместе для их удовлетворения;

- молчание – необходимо научиться правильному использованию молчания как способа вдохновить обучающегося высказаться как можно более полно, затронуть сложные темы и вспомнить важные сведения;

- управление потоком информации – хотя предоставление обучающимся возможности для свободного общения и является важным, но в то же время студента надо научить навыкам сохранять контроль в своих руках путем тактичного направления содержания беседы в сторону диагностики проблемы;

- суммирование – так как за время консультации может быть получено большое количество сведений, студент должен научиться суммировать главные данные, возникшие в ходе консультации, также должен убедиться в том, что понимание это разделяется другой стороной.

В понятии «профессиональная направленность» выделяются стороны, выражающие ее содержательную и динамическую характеристики. Содержание определяют полнота и уровень направленности (круг мотивов предпочтения профессии), а динамику – ее интенсивность, длительность и устойчивость. М.А.Белоконь в своем исследовании установил, что направленность личности выступает в качестве побудительной силы в дальнейшем успешном профессиональном становлении. Позитивную направленность автор соотносит с состоянием вовлеченности в свою профессию указывающим на то, что профессиональная деятельность является центральной жизненной ценностью, основанием жизненного самоопределения личности, способом самоактуализации, источником самоуважения и путем к желаемому социальному статусу. Повышение способности самопознания и рефлексии, а также доступ к психологическим методам саморазвития обеспечивает сочетание адекватной самооценки высокой степени сближенности с профессиональным эталоном, а также развитие профессионально важных личностных качеств; понимание студентами действенности психологической науки в преодолении ими жизненных трудностей и подлинный интерес к ней.

Выделение такой характеристики, как психологическая направленность личности очень своевременно и актуально, так как позволяет уточнить и дифференцировать разные стороны и аспекты профессиональной подготовки специалистов-психологов. Известная как исследователь психологической культуры личности Л.С. Колмогорова пишет: «Очевидно, вслед за понятиями «педагогическая направленность», «эстетическая направленность» можно также выделить «психологическую направленность» личности, сущность которой пока остается неизученной. Мы считаем, что общая психологическая направленность личности - это направленность на внутренний, душевный, психический мир человека, выраженный и устойчивый интерес к нему, активное стремление строить отношения и деятельность на основе учета психологических особенностей людей. Преобладающая, особая внутренняя позиция - психологическая (в отличие от педагогической, правовой и др.). Для этой направленности характерно то, что человек, его внутренний мир стоят как бы в центре индивидуальной системы ценностей. Индикаторами психологической направленности личности являются: выраженный и устойчивый интерес к психологическим знаниям, психологическому аспекту действительности, внутреннему миру человека; выбор



деятельности, соответствующей направленности на внутренний мир человека; психологическая позиция» [3, С.13].

При этом автор считает психологическую направленность личности в качестве одной из составляющих структуры психологической культуры (ее ценностно-смыслового компонента), наряду с психологической грамотностью (когнитивный компонент) и психологической компетентностью, рефлексивно-оценочным и культуротворческим компонентами.

Выпускной курс является не только завершающим этапом образования – это своеобразный итог, отчет о проделанной работе за четыре года обучения. На четвертом курсе, доминируют ценности, обусловленные грядущими серьезными испытаниями – прохождением государственных экзаменов и защитой выпускной квалификационной работы. Сталкиваясь с необходимостью построения себя как профессионала, студенты начинают выделять доминирующую ценность – практический опыт. Часто опыт профессионала замещается образом успешного студента.

Среди профессионально важных личностных качеств будущего педагога-выпускника:

а) профессиональная коммуникативная компетентность. Под коммуникативной компетентностью специалиста следует понимать определенный уровень сформированности личностного и профессионального опыта взаимодействия с окружающими, который необходим индивиду, чтобы успешно выполнять свою социально-профессиональную роль. Коммуникативная компетентность представляет собой комплекс знаний и навыков и формируется не только в результате приобретения практического опыта взаимодействия с другими людьми, но и в процессе обучения. Уровень образованности, общей и коммуникативной культуры будущего специалиста во многом зависит от системы подготовки в высшем профессиональном образовательном учреждении. Именно поэтому одной из актуальных задач современной высшей школы становится введение в образовательный стандарт комплекса дисциплин коммуникативного цикла, в первую очередь – основ теории коммуникации. Профессиональная коммуникативная компетентность формируется на базе общей коммуникативной компетентности и определяет эффективность общения и деятельности в целом. Профессиональную компетентность определяет избирательность коммуникативных интересов, специфика делового общения. Постепенно профессиональная коммуникативная компетентность и профессиональные коммуникативные навыки становятся для врача значимыми в медицинской практике. В целом профессиональная компетентность не всегда равнозначна общей, а только при значимости для человека профессиональной идентификации личности. Коммуникативная компетентность будущего педагога - профессионально значимое качество. Профессия педагога предполагает в той или иной степени выраженное интенсивное и продолжительное общение. От умения общаться, устанавливать и развивать взаимоотношения с людьми во многом зависит профессиональная успешность будущего педагога. Умение общаться, или коммуникативная компетентность, обеспечивает взаимопонимание, доверие в отношениях, эффективность в решении поставленных задач. Коммуникативная компетентность предполагает не только наличие определенных психологических знаний (например, о типах личности, о способах переживания и реагирования на стресс у разных людей в зависимости от типа темперамента, о специфике связи между типами телосложения и особенностями психического склада личности и т. п.), но и сформированность некоторых специальных навыков: умения устанавливать контакт, слушать, «читать» невербальный язык коммуникации, строить беседу, формулировать вопросы. Важно также владение будущим педагогом собственными эмоциями, способность сохранять уверенность, контролировать свои реакции и поведение в целом. Адекватная коммуникация предполагает правильное понимание обучающегося и соответствующее реагирование на его поведение.

В связи с этим личностно значимым качеством будущего педагога является *коммуникативная толерантность* (как один из аспектов коммуникативной компетентности) - терпимость, снисходительность и др. Коммуникативная толерантность показывает, в какой

Қазіргі педагогикалық парадигмада ерекше талқыланып отырған маңызды бағыттар қатарында білім берудің нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануы ерекше мәнге ие. Білім берудегі тұлғалық-бағдарлық тұрғысынан қарау бағыты жеке тұлғаны ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауды көздейді. Педагогикалық сөздіктерде тәрбие барысындағы *тұлғалық-бағдарлық тұрғыдан қарауды* педагогтардың баланы жеке тұлға ретінде және тәрбиелік ықпалдың саналы, жауапты субъектісі ретінде қабылдайтын бірізді қатынасын атайды. Педагогикада бұл теория тәрбиенің субъект-субъектілі үдеріс ретінде анықталуына байланысты ХХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап қалыптаса бастады. Оның әр түрлі философиялық, психологиялық-педагогикалық аспектілерін Ресей ғалымдары Б.Г.Ананьев, А.Г.Асмолов, М.С.Каган, В.В.Сериков, И.С.Якиманская т.б. зерттесе, Қазақстан ғалымдарынан Г.А.Уманов, А.А.Бейсенбаева, Н.Д.Хмель сынды көптеген ғалымдар зерттеген.

Бұл теория бойынша педагог әрбір балаға объект ретінде емес, керісінше, оны белсенді позицияға қойып оқушы тұлғасын *субъект* ретінде қабылдауы қажет. Білім беру үнемі ұжымдық сипатта болатыны белгілі, дегенмен, сол ұжым ішінде гуманистік қарым-қатынастар арқылы шәкірттер өздерінің тұлға екенін сезініп, басқа тұлғаларды құрметтеуге үйренеді. Дәл осы ұжым ішінде жеке тұлға өзінің мүмкіншіліктерін бағалап сынай алады, қандай қабілеттіліктерін жетілдіру, қай бағытта өздерін дамыту керек екендігін анықтайды.

Тұлғаны тұлға ғана қалыптастыра алатыны анық. Сондықтан болашақ мұғалімдер де бала тұлғасына дұрыс тәрбиелік ықпал беру үшін өз тұлғаларын жан-жақты дамытуға тырысулары керек, өзінің ішкі «Мен» - тұжырымдамасымен жұмыс істей алулары маңызды. Мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын негізгі бағдар – бала тұлғасының ерекшеліктері, әрбір баланың шығармашылық әлеуетін дамыту. Әр баланың ішкі қабілеттіліктері, мүмкіншіліктері, жас және дербес ерекшеліктері, жеке бір қайталанбас әлем ретінде қабылданады. Тәрбиелеу және оқыту барысында әр баланың тұлғасын дамытуға арналған қолайлы жағдайлар, оқушының өзін-өзі іске асыра алуына көмектесетін әдіс-тәсілдер қолданылуы қажет

Білім берудің тұлғаны дамытуға бағдарлануы оның білім алу арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізе алатындығын анықтауды басты назарға алуда. Барлық дамыған мемлекеттер білім беруге инвестиция жасаудың ұтымдылығын бағалай отырып, оны мемлекеттік стратегиялық басымдықтар ретінде қарастыруда. Сондықтан Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты - экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып анықталған (2). Осындай стратегиялық мақсаттың өзі білім беру нәтижелілігін, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттырып, экономикалық даму сапасын жоғарлату қажеттілігін айқындайды.

Мемлекеттің бәсекелестікке қабілеттілігін дамытуда жоғары оқу орындарында қалыптасатын әр болашақ маман үшін маңызды белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға

және шешім қабылдай алу, кәсіби жолында өзін өзі жетілдіре алу қабілеттілігі, өмір бойы білім алуға дайын болу сапалары өзектені түсті. Себебі ЖОО түлектері алған білімдерін өмірлік тәжірибеде толыққанды пайдалана алмау жағдайлары көп кездеседі. Аталып отырған сапаларды ғылыми әдебиеттерде болашақ мамандардың функционалдық сауаттылығы деген ұғыммен түсіндіреді. Функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын арттыру – әлеуметтік маңызы зор, қоғамның ең басты құндылықтық бағдары. Бірақ осындай жауапты міндеттерді қазіргі ЖОО-ры қаншалықты толық атқарып жатқаны туралы қанағаттанарлық жауап беру қиындық туғызады. Бұл мәселе тек біздің мемлекетімізде ғана емес, жалпы әлемдік тәжірибеде өзекті мәселелер қатарында. Дамыған елдердің басым көпшілігінде білім беру мемлекеттің негізгі басымдықтарына айналып, ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытатын және бәсекеге қабілеттіліктің кепілі ретінде бағаланады. Дүниежүзілік педагогикалық тәжірибені зерделейтін болсақ, білім беру саласында озық орындарды Сингапур, Финляндия, Жапония, Ұлыбритания т.б. дамыған мемлекеттер иеленіп келеді. Сондықтан бұл елдерде білім беру жүйесі несімен ерекшеленеді, бұл мемлекеттер осындай жетістіктерге қалай қол жеткізді деген заңды сұрақтар туындайды.

ЭЫДҰ-ның (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) 2015 жылдың білім беру саясатының перспективалары жайлы жариялаған (19.03.2015) есебінде 34 мемлекетте жүргізілген білім беру саласындағы реформаларға талдау жасалып, солардың қайсысы және қалайша табысты нәтижеге қол жеткізгені туралы баяндалған (3). Осы ЭЫДҰ өкілдерінің зерттеулері нәтижесінде мектеп реформаларының тиімділігі ең алдымен білім беру жүйесінің өзегі ретінде *оқушы тұлғасы* мен *оқыту үрдісін* фокусқа алу қажет екендігін негіздейді.

Білім беру саласында үздіксіз өзгерістер енгізу қажеттігін біз соңғы жылдары Қазақстан мектептерінің білім сапасын анықтайтын және білім нәтижелерінің тиімділігін көрсететін түрлі халықаралық деңгейдегі PISA (Programme for International Student Assessment), TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study), PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеулерінің нәтижелерінен байқап отырмыз.

Халықаралық тәуелсіз бағалау шкалаларының *нәтижелері* оқушыларымыздың білімі мен функционалды сауаттылықтарын ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейлерін, білім беру мазмұнын, білім нәтижелерінің практикалық құндылығын дамыту қажеттігін өзектендіре түсті.

Сонымен, бүгінгі таңда толғағы жеткен көптеген педагогикалық әлеуметтік мәселелер қазіргі мұғалімдердің ой-санасының жанаруымен, жаңа міндеттерді айқын түсінуімен, педагогтардың белсенділігімен, шығармашылық қатынастарымен шешілетін. Оқытушылық қызмет жөніндегі Халықаралық Саммит материалдарына жүгінеті болсақ (4), онда негізгі басымдықтар мынандай сұрақтарға берілген: оқытушыға тән қасиеттерді анықтау, оқытушыға тән қасиеттерді бағалау, оқыту мен оқуды жақсарту үшін бағалауды қолдану. Аталып отырған Халықаралық Саммиттің қорытынды идеялары оқытушылық қызметті жан-жақты жетілдіру мәселелеріне саяды. «Жақсы нәтиже беретін жүйелер – оқытушылық қызметті қызықты, құрметті мамандық ететін және үздік үміткерлерді тартатын; жоғары сапалы біліммен, жақсы ұстаздықпен, тиімді кәсіптік дамуды және перспективті мансаптық өсумен қамтамасыз ететін: реформалар мен инновацияларды жүзеге асыру кезінде оқытушылар мен мектеп басшыларымен біріге жұмыс атқаратын жүйелер болып табылады» - деген Саммиттің қорытынды идеясынан қазіргі болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейлеріне көптеген өзгерістер енгізу қажеттігі айқындалуда. Қысқаша ол басымдықтарды атап өтетін болсақ:

1) болашақ мұғалімдердің жаңартылған орта білім білім беру мазмұнын толық меңгеріп шығулары;

2) Қазақстан Республикасының Педагогикалық шеберлік орталығының Кембридж университетімен бірлесе дайындаған Деңгейлік бағдарламасының мазмұнын меңгерулері;

3) болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлықтарының практикалық бағыттылығын арттыру;

4) болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейлерін бағалау жүйесін жетілдіру;

5) мұғалімдік мамандыққа қабылдау жүйесін дамыған мемлекеттердегі стандарттарға сәйкестендіру.

Білім беру мазмұнын жаңарту, жаңа оқыту әдіс-тәсілдерін, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Білім беру саласы көптеген реформаларға ұшырайтын салалардың бірі. Қазіргі ақпараттық ағымның жылдамдығына байланысты білім беру мазмұны да жаңартылып отыруды қажет етеді. Қазақстан Республикасында жалпы орта білім берудің жаңартылған бағдаламасы 2016 жылдан бастап мектептерге енгізілуде. Білім беру мазмұнының өзгерісімен қатар ондағы оқу мен оқыту міндеттері, оқытудың әдіс-тәсілдері, оқыту формалары, оқу құралдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда.

Осыған орай қазіргі болашақ мұғалімдердің кәсіби педагогикалық даярлығында көптеген мәселелер өзектеніп түсіп отыр. Қазақстан Республикасында АОО НЗМ-нің Педагогикалық шеберлік орталықтарында мектеп мұғалімдері деңгейлік бағдарламаларды меңгеріп, сол бағдарламалардағы түзілген әлемдік озық педагогикалық теория мен тәжірибелерді жүзеге асыруда. Бұл бағдарламаның құндылығы *конструктивтік оқыту теориясына* негізделіп құрылған, яғни, мұғалімдер іс-әрекеттік және жеке тұлғаға бағдарланған теориялардың практикалық тұрғыдан жүзеге асыру тетіктерімен танысып өздерін кәсіби жетілдіру үрдісіне жұмылдырылған.

Бұл бағдарлама мазмұнымен тек мұғалімдер ғана емес, сонымен қатар мектеп басшылары, аудандық, облыстық білім беру департаменттер қызметкерлері, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері де жүйелі тренингтер арқылы таныстырылған. Бұл Бағдарлама мемлекет тарапынан қадағаланып отырған мектеп жүйесін модернизациялауға бағытталған ауқымды әлеуметтік-педагогикалық жоба.

Осындай білім беру жүйесіндегі модернизациялау үрдісіне болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейі алаңдатушылық туғызады. Себебі бұл Бағдарламаның мазмұнымен ЖОО оқытушылары да таныстырылып келеді және олар өз пәндері арқылы ұтымды стратегияларды пайдаланулары мүмкін. Бірақ болашақ педагогтарды осы Бағдарлама мазмұнымен таныстырып, оларды қазіргі мектеп сұранысына даярлау үшін арнайы тренингтер курстары енгізілуі қажет. Бұл курстың мазмұнында студенттер үшін өте маңызды болып табылатын келесі идеялар қамтылған:

1. Коллаборативті оқыту технологиясы.
2. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.
3. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.
4. Мінсіз мұғалім ұстанымдары.
5. Оқушыларды ынталандыру стратегиялары.
6. Интерактивті оқыту әдістері.
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
8. Критериалды және формативті бағалау.
9. Таланты және дарынды балаларды оқыту.
10. Диалогтық оқыту
11. Lesson Study.
12. Тізбектелген сабақтар топтамасы.

Аталып отырған тақырыптарды тек педагогика курсына қамту өту мүмкін емес болғандықтан, ЖОО-да болашақ мұғалімдерді даярлауды модернизациялау қажеттігі айқын көрініс табуда. Бірінші кезектегі мәселе болашақ мұғалімдердің жаңартылған білім беру мазмұнының сын-қатерлеріне толық дайын болып, кәсіби қызіреттіліктер жүйесін толық меңгеріп шығулары өзекті, себебі онсыз кәсіби салада көптеген қиындықтар туындауы мүмкін. Ал осы қиындықтарды шешудің негізгі бір тетігі ретінде университет ішінде студенттерге арналған педагогикалық шеберлік курстарының, студиялардың, студенттік академиялардың жұмыстарын жандандыру болып табылуда.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Құзыретті педагогтарды қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2015.
2. Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының білім беру саясатының перспективалары жайлы жариялаған есебі. - 19.03.2015 [Электрондық ресурс]: URL: <https://newtonew.com/analytics/oesr-report-2015>.
4. International Summit on the Teaching Profession [Электрондық ресурс]: URL: <https://asiasociety.org/global-cities-education-network/international-summit-teaching-profession>.

ӘОЖ 378.016.026.1:53 (574)

*Г.Б.Әлімбаева*

## **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА «ФИЗИКА» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Қазақстан, Алматы*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*

### *Аңдатпа*

«Физика және астрономия» пәнін оқыту үдерісіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып оқыту, мектеп оқушыларының сабаққа деген қызығушылықтарымен қатар, олардың жеке құзыреттіліктерінің дамуына да мүмкіндіктер туғызады. Сондықтан, жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білім берудің сапасын арттырады және ақпараттық білім беру кеңістігін ұйымдастыруда келелі мәселелерді жаңаша шешу жолдарын қарастырады.

*Түйінді сөздер:* ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, білім кеңістігі, физика сабақтары.

### *Аннотация*

Использование новых информационно-коммуникационных технологии на уроках «Физика и астрономия» дает возможность развитию компетентности у учащегося, а также способствует результативности учебного процесса. Таким образом, современные информационные технологии позволяют по новому решать проблемы организации образовательного пространства и повышать качество образования.

*Ключевые слова:* информационно-коммуникационные технологии, образовательное пространство, уроки физики.

### *Abstract*

This article of perfection of methods and forms of professional preparations of the teacher of physics are considered in the article. The usage of new information and communication technology in training gives the opportunity to develop competence of a student, and also contributes for productive training process. Thus, modern information technology allows in a new way to resolve the problems of organization of educational space and to improve the quality of education.

*Keywords:* information and communication technologies, educational space, physics lessons.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында [1]: «Орта білім беру мақсатының бірі – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда, елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізіліп, көкейкесті мәселенің бірі ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үдерісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады [2]:

- «Физика» пәнін оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;

- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;

- болашақ «Физика» пәні мұғалімдерінің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үдерісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктіліктерін жетілдіру;

- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;

- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Қоғам мен жеке тұлғаның алға жылжуы тікелей білім сапасына байланысты.

Бұл шараларды жүзеге асыруда ұлттық білім беру жүйесін компьютерлендіру, білім беруді ақпараттандыру, келешек ұрпақтың ақпараттық тұрғыдан жастайынан сауаттануын көздеген іс-шаралар қоғамға батыл еніп келеді. Елбасының бастамасымен көтерілген, «Білім беру жүйесін ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы» тың істерге жол ашып, білім беру жүйесін компьютерлендіру жұмысын мақсатты түрде жүргізіп келеді.

Ақпараттандырудың негізгі міндеттерінің бірі – білім жүйесіне заманауи ақпараттық технология құралдарын енгізу. Осыған орай, мектеп оқушыларының ақпараттық сауаттылығын қалыптастырып, оны ары қарай дамыту білім ошақтарының алдында тұрған өзекті мәселе болып отыр.

Қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі – білім беру үдерісін ақпараттандыру. Бұл бағыт заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, жеке тұлғаға бағыттап оқыту, мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын арттыруды көздейді.

Көптеген қазақстандық мамандар білімді ақпараттандыруды үдеріс ретінде қарастырып, оқу пәндерін немесе оқу пәндерінің жиынының аталуы мүмін емес. Бірақ білімді ақпараттандыруды білімді объективті, сенімді, өзекті ақпараттармен және оларды өңдеу құралдарымен қамтамасыз етуге бағытталған педагогтардың іс - әрекеті ретінде де қарастыруға болады.

Д.Ш.Матрос төмендегі шарттар орындалғанда ғана жаңа ақпараттық технология туралы айтуға болады дейді: [3] егер, ол педагогикалық технологияның негізгі ұстанымдарын қанағаттандырса – алдын ала жобалау, мақсатқа сәйкестік, біртұтастық және т.б. Ақпараттық қоғам құру, онымен байланысты заманауи ақпараттық технологиялардың біздің өмірімізге етене енуі, білім беру жүйесін ұйымдастыруға жаңаша көзқарасты талап етеді, ақпараттық қоғам талабына сай, компьютерлік технологияның соңғы жетістіктерін қолдана алатын, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуді қажет етеді.

Заманауи ақпараттық технология құралдары «Физика және астрономия» пәнін оқыту арқылы: әдістер мен техникалық құралдарды жинау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу, адамдардың білімін кеңейтетін және олардың техникалық және әлеуметтік үдерістерін басқару жөніндегі мүмкіндіктерін дамытатын ақпараттарды беру және көрсету жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

*Арнайы орта оқу орындарының білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты - оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.*

*Ақпараттық мәдениет дегеніміз – компьютерлік техниканы, интернетті, компьютерлік желіні, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды тиімді пайдалану.*


Ақпараттық мәдениет дегеніміз – электронды кітапхана қызметін, электрондық оқулықтарды дұрыс пайдалана алу [4] (1-сурет).

Білім беруді ақпараттандыру, ақпараттық технологияны оқу - тәрбие үдерісіне ендіре отырып, жеке тұлғаның білімін, кәсіби біліктілігін жетілдіруге байланысты туындайтын қажеттілігін қанағаттандыру – бүгінгі таңдағы білім саласы қызметерлері мен ғалымдар алдында тұрған күрделі міндет болып табылады.

«Физика» пәнінен білім беруде компьютерлік технологияның барлық мүмкіндіктерін интеграциялау оқушылардың өзіне және өз біліміне қатысты танымдық қызметін, шығармашылық талабын, белсенді бағыттарын ынталандыруға көмектеседі.

Қазіргі кезде, «Физика» пәнінен білім беруде компьютерлік технологияның барлық мүмкіндіктерін интеграциялау оқушылардың өзіне және өз біліміне қатысты танымдық қызметін, шығармашылық талабын, белсенді бағыттарын ынталандыруға көмектеседі.

Заманауи ақпараттық технологиялар негізінде, мектеп оқушыларының дайындық сапасын арттыруға бағытталған құрылымының негізгі бөліктерін төмендегіше анықтадық:



Сурет 1 - Ақпараттық мәдениет ұғымының құрылымы

- қарапайым формулалар бойынша есептеулер жүргізу;
- негізгі және қолданбалы компьютерлік бағдарламаларды мәтіндік және кестелік процессорлар, мәліметтер қорын басқару жүйелері, интернет желісі және т.б. пайдалана білу;
- физикалық үдерістерді ақпараттық модельдеу;
- ақпараттық ұйымдастырушылық іскерліктер;
- өздігінше ақпараттық білімін жетілдіру.

Ақпараттық технология – топ оқушыларының барлығын оқыту үшін құнды құрал болып табылады. Бұл «Физика» пәнінен білім беруде, оқытушыларға жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін ресурс. Оқытушылар

мен оқушылар материалды барынша жетік түсініп оқи алады. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, физикалық қиын мәселелерді шешуге көмектеседі.

Белгілі ғалымдардың зерттеулерін саралай келе, заманауи ақпараттық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың негізгі бағыттарын төмендегідей анықтауға болады (2 - сурет).

Негізгі мақсатымыз – оқушылардың дайындық сапасын арттыру үдерісінде олардың заманауи ақпараттық технологияны қаншалықты меңгергенін, оны пайдалану деңгейін анықтау. Зерттеу жұмысы барысында мектеп оқушыларының арасында жүргізілген сауалнама барысында төмендегі жайттар анықталды:

- келешек маман иесі ретінде ақпараттық қоғам талабына сәйкестігі;
- мектепте білім алу барысында заманауи ақпараттық технология көмегімен жинаған теориялық және практикалық білімінің жеткіліктілігі;
- «физика» пәндерін оқу барысындағы заманауи ақпараттық технологияны пайдалана оқытудың қанағаттандыруы;



Сурет 2 - Заманауи ақпараттық технология құралдарын қолданудың негізгі бағыттары

- заманауи ақпараттық технологияны қолданудағы алған білімі мен біліктілікті, меңгеру мақсатындағы тәжірибелік дайындық деңгейінің толықтығы;
- компьютерлік сауаттылық деңгейі;
- заманауи ақпараттық технология құралдарын пайдалану дәрежесі;
- «физика» пәнін оқыту барысында, электронды оқу құралдарын, компьютерлік бағдарламалық оқу құралдарын, Интернет желісін қолдану жиілігі;

- заманауи ақпараттық технология құралдарын оқу үдерісінде, жеке әрекетінде қолдану дәрежесі;

- заманауи ақпараттық технология құралдарын меңгеруге деген сұранысы, қызығушылығы;

- заманауи ақпараттық технология көмегімен білімдік, біліктілік, іскерлік дағдыларды меңгеруі;

- компьютерлік сауаттылықтың пайдасының іс-тәжірибедегі көрінісі;

- заманауи ақпараттық технологияның дайындық сапасын арттырудағы орны, рөлі.

Аталған шаралардың нәтижелері мектеп оқушыларының «Физика» пәнінен білім беруде дайындық сапасын арттырудың жолдарын анықтап, жүргізілетін іс-әрекеттерді нығыздай түсуге септігін тигізді.

Сондықтан, қазіргі кездегі білім жүйесіндегі басты мәселе мұғалімнің педагогикалық қызметін заманауи ақпараттық технологияның көмегімен ұйымдастыра алу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Ол үшін:

1. Компьютермен жұмыс жасай білу.

2. Компьютер арқылы алынған ақпаратты пайдалана алу.

3. Заманауи ақпараттық технология құралдарын оқу үдерісінде қолдана алуы қажет.

Білім саласында заманауи ақпараттық технологияны пайдаланудың сапасын арттыру үшін, әрбір оқытушы әдістемелік жүйеде заманауи ақпараттық технологияның маңызын анық білуі және бағдарламалық құралдармен жұмыс жасай алуы қажет. Сондықтан, қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі басты мәселе, заманауи ақпараттық технологияның көмегімен оқытушының педагогикалық қызметін ұйымдастыра алу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Ол үшін: *біріншіден*, компьютермен жұмыс жасай алуы, *екіншіден*, компьютер арқылы алынған ақпаратты пайдалана алуы, *үшіншіден*, заманауи ақпараттық технология құралдарын оқу үдерісінде қолдана алуы қажет.

Орта мектептің «Физика» пәнінен білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану:

- оқыту мотивациясын күшейтуге (оқу есептерін қиындық дәрежесі бойынша ұсынуды реттеу мүмкіндігі, дұрыс жауабын алғандарды уақытында ынталандыру, қажетті көмекке сүйене отырып есепті аяғына дейін шығару және т.б.);

- оқу ақпараттарын ұсыну мүмкіндіктерін кеңейтуге (әр түрлі түстерді, графиктерді, дыбыстарды қолдану және т.б.);

- оқушылардың жұмыс істейтін есептер типін кеңейтуге (модельдеу, алгоритм құру, бағдарлама құру және т.б.);

- оқушы іс - әрекетін бақылауды сапалы өзгертіп отыруға (барлық жауапты тексеру, есептің сипатын анықтай отырып жіберілген қателерді белгілеу, бақыланатын білімнің жылжымалылығы, алған нәтижелерді дұрыс нәтижелермен салыстыру мүмкіндігі және т.б.).

Сонымен, соңғы жылдары «Физика» пәнінен білім беруде заманауи ақпараттық технологияны қолданудың негізгі бағыттары мен білім беру саласын ақпараттандырудың негізгі кезеңдері белгілі болады. Міне, осы себепті білім беру саласын ақпараттандыруға байланысты оқушылардың техникалық құралдармен жұмыс жасауын, физиканы оқытуда компьютерлік құралдарды пайдалана алуының негізгі бағыттарын, жолдарын анықтау керек болып шықты.

Қорыта айтқанда, физика сабағына ақпараттық технологияларды, электронды есептеу техникасын пайдалану оқушылардың шығармашылық жұмысының өнімділігін арттыруға ықпалын тигізеді. Компьютер әдеттегі физика есептерін жаңа мазмұнмен толықтыруға мүмкіндік береді, оларды анағұрлым қолайлы, қызықты етіп пайдалануға мүмкіндік береді. Мектеп оқушыларының дайындық сапасын арттыруда, заманауи ақпараттық технологияны қолдану олардың қажетті білімді өздігінен меңгеру іскерлігін қалыптастырады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2011-2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. - 07.12. 2010.



2. Алимбекова Г.Б. Физика пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған оқу құралы. – Алматы, 2008. – 252 б.

3. Матрос Д.Ш. Информационная модель школы // Информатика и образование. - 1996. - № 3. -112 с.

4. Мусин К.С. Методология профессиональной подготовки учителей: Основные направления и тенденции развития. – Алматы: АГУ им. Абая, 1999. – 172 с.

ӘОЖ 373.5.016.026.9:51

<sup>1</sup>Ж.Қ.Сыдықова, <sup>2</sup>М.Т. Искакова, <sup>3</sup>Б.ерженбек

## ҒЫЛЫМИ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<sup>1-3</sup>Қазақстан, Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

### Аңдатпа

Мақалада ғылыми ұғымдарды қалыптастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асыру мәселелері қарастырылған. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың тәсілдері мен кезеңдері көрсетілген. Оқу пәндері арасындағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мысалдары берілген.

*Түйінді сөздер:* ғылыми ұғымдар, пәнаралық байланыс, физика, физиканы оқыту әдістемесі.

### Аннотация

В данной статье рассмотрены проблемы реализации межпредметных связей в формировании научных понятий. Показаны методы и этапы реализации межпредметных связей. Приведены примеры реализации межпредметных связей между учебными дисциплинами.

*Ключевые слова:* научные понятия, межпредметная связь, физика, методика обучения физики.

### Abstract

This article discusses the problems of implementing intersubject communications in the formation of scientific concepts. Methods and stages of implementation of intersubject communications are shown. Examples of the implementation of intersubject communications between academic disciplines are presented.

*Keywords:* scientific concepts, intersubject communication, physics, physics teaching methods

Ғылыми ұғымдарды қалыптастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың басты мақсаты – оқушыларды жан-жақты дамыту, оларға ғылыми көзқарас қалыптастыру және бір пәннен алған білімін екінші пәнді игеруде қолдана білуге дағдыландыру.

Е.Аққошқаров [1] өзінің «Физикалық ұғымдарды қалыптастырудың кейбір тәсілдері» атты еңбегінде «Әрбір оқу пәні бір-бірімен жүйелі түрде байланысқан және бірін-бірі толықтырып, дамытып отыратын ұғымдардан құралады. Өйткені, жеке оқу пәні шеңберінде тұйықталған, дараланған байланыс жүйелері толық білім алуға, дұрыс көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Оқушылардың ой-өрісін дамыту үшін пән ішіндегі байланысты пәнаралық байланыс дәрежесіне көтерудің маңызы зор» деп атап көрсеткен. Ендеше пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқушылардың білімін жетілдіруге, бір пәннен алған білімін екінші пәнді оқып үйрену барысында пайдалана білу дағдысын арттыруда маңызы зор.

Орта мектеп физика курсына «Пәнаралық байланыс» деп аталатын әдістемелік құралда пәнаралық байланыстың рөлі және мәні, мектеп физика курсына оны жүзеге асырудағы мұғалімнің міндеттері қарастырылған.

Қазіргі уақытта физиканың, математиканың, химияның, биологияның және т.б. жаратылыстану пәндерінің өзара байланысы осы пәндерді оқытуды қайта қарауды, білім беруді кең тұрғыдан қамтуды, олардың терең байланысын оқыту процесінде тиімді пайдалануды көздеуде.

Пәнаралық байланысты әдіскер-ғалымдар екі түрге жіктейді:

1. Уақыттық белгісі бойынша.

2. Мазмұндық белгісі бойынша.

Уақыттық белгісі бойынша пәнаралық байланыстарды болып өткен, ілеспелі және келешекте болатын байланыстарға бөледі.

Мазмұндық байланыстарды – факті жүзіндегі, ұғымдық және теориялық деп ажыратады.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруда төмендегі негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

- бір пәнді оқып үйрену оқушылардың басқа пәндерді үйренуге дайындалуына жәрдемдесетіндей болуын есепке алып, әртүрлі пәндерді оқып үйренуді уақыт жағынан үйлестіріп отыру;

- оқушылардың ғылыми ұғымдарын дамытудағы және олардың бойында жинақталған іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырудағы сабақтастық;

- білімді меңгертуге және жалпы іскерліктер мен дағдыларға ие болуға қойылатын талаптар бірлігі;

- бір пәнді оқып үйренгенде оқушылардың басқа оқу пәндерін оқып үйрену процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кеңінен пайдалану;

- шектес пәндер сабақтарында бір ғана мәселелерді оқып үйренудегі қайталаушылықты жою;

- әртүрлі ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерінің ортақтығын көрсету және олардың ерекшелігін ашу;

- әртүрлі пәндер (физика, химия, биология, география және т.б.) сабақтарында оқып үйренілетін құбылыстардың өзара байланысын ашу, материялық дүниенің бірлігін көрсету.

Оқушыларға ғылым негіздерін игерту процесінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру тәсілдері алуан түрлі. Мысалы, физиканы оқып үйренудің алғашқы кезеңінде төмендегі тәсілдерді ұсынуға болады:

1) жаңа оқу материалын меңгертуде оқушылардың басқа пәндер сабақтарында алған білімін пайдалану, мұнда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың үш кезеңі қарастырылады:

- жаңа ұғымды қабылдауға оқушыларды дайындауда пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

- жаңа ұғымды меңгерту процесінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

- жаңа оқу материалын бекітуде және есептер шығаруда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;

2) білімдерін кешенді түрде қолдануды талап ететін эксперименттік жұмыстарды орындау;

3) пәнаралық сипаттағы экскурсиялар өткізу, мысалы, физика және биология бойынша табиғатқа топ серуен жасау және т.с.с.;

4) қорытындылау сипатындағы қайталау сабағын өткізу, мұнда әр түрлі пәндерді оқып үйрену кезінде алған білім біртұтас етіп біріктіріледі, мысалы, физиканы, химияны және биологияны оқып үйрену процесінде энергия туралы алған білімін қорытындылау, соның нәтижесінде оқушылар энергияның сақталу және айналу заңын толық әрі терең түсінеді.

Пәнаралық байланыс әр түрлі ғылым негіздерін оқытудың мақсаты мен мазмұнының ұштастыруына, сондай-ақ оқушылардың білімі мен нанымын қалыптастыруға, олардың іскерліктері мен танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады.

Пәнаралық байланыстың мақсаты – оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, табиғат құбылыстарының біртұтастығын және өзара байланысын көрсету; бір пәннен меңгерген білім, іскерлік, дағдыларын екінші жақын пәндерде орынды қолдана білу.

Физиканы басқа ғылымдармен байланыстыра оқыту терең білім алуға, ғылыми ұғымдарды және заңдарды меңгеруге, оқу-тәрбиелік процестерді жетілдіруге, ғылыми көзқарасты қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, білім деңгейін көтеріп,

логикалық ойлау қабілетін жетілдіреді. Шығармашылық қабілеттерін және ғылыми деңгейдің дамуына ықпалын тигізеді.

Жаратылыстану ғылымдарының зерттейтін объектілері өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар. Тек әр ғылым өзіне тиісті саланы қарастырады. Мысалы: биология тірі организмдерді, химия заттардың құбылысы мен құрамын, астрономия аспан денелерін, информатика ақпараттық процестерді, физика табиғаттағы құбылыстарды зерттейді. Бұл ғылымдардың арасында сөзсіз байланыстар бар. Жалпы физика пәнін медицинамен, еңбекпен, дене шынықтырумен, әдебиетпен, музыкамен, суретпен байланыстыра өтсе, оқушылардың логикалық ойлау қабілеті, ой-өрісі сөзсіз дамиды.

Іргелі ұғымдар әртүрлі пәндердің өзара байланысқан ұғымдарының жалғасымдылықпен қалыптастырылуы барысында ұзақ процесс нәтижесінде меңгертіледі. Мысалы, «зат» ұғымын қалыптастыру физиканы, химияны және биологияны оқыту нәтижесінде жүзеге асады; бұл ұғым осы оқу пәндерін оқып игергенде ғана қалыптасқан болып саналады.

Көптеген әдіскерлердің зерттеулері мектеп оқушыларында іргелі ұғымдарды қалыптастыру және дамыту берік бекіген пәнаралық байланыстарды тағайындау нәтижесінде жүзеге асатындығын көрсетеді.

Математиканың физикамен пәнаралық байланысының айқын мысалының бірі – физикалық шамалар арасындағы функциялық тәуелділік болып табылады. Координат жазықтығын оқып үйренумен байланысты мектеп оқушылары әртүрлі графиктерді сызып үйренеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың физикадан механикалық қозғалыс жолының, жылдамдығының, сондай-ақ, балқудың, қатаюдың графиктерін салуына өз игілігін тигізеді. Сөйтіп, математикадан алған білімдерін оқушылар физикалық білім игеруге пайдалана бастайды. Олар әртүрлі математикалық шамаларды өлшеу, сан мәндерін дөңгелектеу туралы алған ұғымдарын физикалық эксперименттер нәтижесін анықтауға (әртүрлі өлшеулер жүргізу барысында) қолдана алады. Сол сияқты, оқушылар екі айнымалысы бар теңдеу туралы алған түсінігін, оны шешу жолындағы игерген тәсілдерін, тура және кері байланыс және т.б. ұғымдарды физикада жиі пайдаланады. Олар функция ұғымын игеріп, оның берілу тәсілдерін меңгереді. Одан кері функция түрлерін оқып үйренеді, олардың графиктерін сызып дағдыланады. Бұл дағдылар мен математикалық білім физиканы игеру үшін қаншалықты қажет екені түсінікті.

Физика мұғалімі оқушылардың есептеу шеберліктері мен дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру мақсатында алдын-ала математика мұғалімдерімен бірігіп, әдіс қолдануы қажет.

Физика мен математиканың пәнаралық байланысын күшейту оқушылардың екі пәннен де үлгерім сапасын жақсартады. Физика сабағында оның математикамен байланысын нығайта түссе, оқыту тиімділігі одан әрі жанданады.

Физика мен химия ғылым ретінде бір-бірін өзара толықтырып отыратыны мәлім. Өйткені, бұл екі ғылым табиғаттағы құбылыстар мен процестерді өз тұрғыларынан қарастырады. Физика мен химия үшін өте маңызды ортақ ұғымдардың қатарына зат, масса, салмақ, энергия ұғымдары, сондай-ақ энергияның, электр зарядының, электр өрісінің сақталу және айналу заңы т.б. жататыны мәлім.

Физика мен химияның пәнаралық аса маңызды теориялық байланыстары екеуінде бірдей: молекулалық-кинетикалық және электрондық теорияны, атом құрылысы теориясын т.б. оқып үйренуде айқын көрініс алады.

7-8 сыныптарда физика мен химияны оқыту кезінде заттың құрылысы жайындағы ұғымдарды қалыптастырудың негізгі кезеңдерін қарастырайық [2]:

I кезең 7-сыныпта физиканы оқытуда.

Заттың құрылысы жайындағы ұғымдарды молекулалық деңгейде қалыптастыру. Молекулалардың қозғалысы. Дене температурасының молекулалардың қозғалыс жылдамдығымен байланыстылығы. Молекулалар арасындағы өзара әрекет.

II кезең 8-сыныпта химияны оқытуда.

Заттың құрылысы жайындағы ұғымдарды атом-молекулалық деңгейде түсіндіру. Жай және күрделі заттардағы молекулалар құрамы. Физикалық құбылыстар кезінде молекулалардың сақталу және химиялық құбылыс кезінде бұзылуы. Молекулалардың кинетикалық және потенциалдық энергиясы.

III кезең 8- сыныпта физиканы оқытуда.

Заттардың иондық құрылымы жайындағы ұғымдарды қалыптастыру.

Атомның ядролық моделі. Ядро заряды және атомдағы электрондар саны. Денелердің электрленуі құбылысының мәнін, металдардағы және электролиттердегі электр тогының табиғатын, өткізгіштердің кедергісін және т.б. түсіндіру кезінде заттың иондық құрылымы жайындағы ұғымдарды нақтылау және жүйелеу.

IV кезең 9- сыныпта химияны оқытуда.

Заттардың иондық құрылымы жайындағы ұғымдарды дамыту.

Атомдардың электрондық қабаттарының құрылымы. Атом ядросының құрамы. Изотоптар. Молекулалар мен кристалдардың электрондық құрылымы. Иондық және коваленттік байланыстар. Полярлы және полярлы емес ковалентті байланыс. Иондық, атомдық және молекулалық кристалл торлар.

Жоғарыда көрсетілген кезендерден заттардың молекулалық құрылысы жайындағы ұғымдар 7-сынып оқушыларына физика сабақтарында қалыптастырылатынын көруге болады. Бұл ұғым кейіннен 8-сыныптың химия курсында дамытылады. Осының нәтижесінде оқушылар заттың атом-молекулалық құрылымы жөніндегі ұғымдарды кеңінен меңгеретін болады. 8-сынып физика және химия, кейіннен 9-сынып химия курстарында бұл ұғым дамытылады және тереңдетіледі.

Заттың құрылысы жайындағы ұғымдарды қалыптастырудың жалпы шарттарына төмендегілерді жатқызуға болады: ұғымдық жүйенің негізін құрайтын қалыптастырылатын ұғымдарды таңдау; ұғымдарды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті оқу материалының көлемін таңдау; сәйкес курсты оқыту процесінде оқушыларға ұғымдарды қалыптастырудың және дамытудың кезендерін анықтау; пәнаралық байланыстарды тағайындау; ұғымдарды тиімді қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін таңдау.

Физика мен биологияның өзара байланысы – бұрыннан келе жатқан жемісті байланыс. Физиканың биологиялық ғылымдармен ғылымдармен байланысы кең өріс алуы салдарынан биофизика, агрофизика, бионика сияқты басқа да ғылымдар пайда болды. Бұл ғылыми аралық байланыстар тиісті оқу пәндерін орта мектепте оқып үйренуден көрініс табады.

Биологиялық пәндерді оқып үйренгенде оқушылар жылу, температура, жарық, ылғалдылық және басқа осы сияқты физикалық ұғымдарды пайдаланады, газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің қасиеттерін көрінісімен танысады, таразыны, лупаны, микроскопты және басқа кейбір приборлар мен құрал-саймандарды пайдаланудың алғашқы шеберліктеріне ие болады.

Бұл алғашқы ұғымдар мен шеберліктерді физиканы оқып үйренген кезде пайдалану керек. Екінші жағынан биологияның мұғалімдері физика жөніндегі білімдерге толық түрде сүйенуі керек, бұл білімдер күрделі биологиялық құбылыстардың мәнін тереңірек түсінуге және оларды оқып үйренудің ғана емес, сонымен бірге бұл құбылыстарды басқарудың да жолдарын табуға көмектеседі. Оқыту процесінде оқушылардың білімі мен біліктерін, танымдық қабілеттерін дамыту үшін пәнаралық байланысты жүзеге асыру қажет.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Аққошқаров Е.А. Физикалық ұғымдарды қалыптастырудың кейбір тәсілдері: Мұғалімдерге арналған көмекші құрал. - Алматы, 1976. - 71 б.
2. Маусымбаев С.С., Сыдықова Ж.Қ. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру // Қазақстан мектебі. – 2006. - № 10. - 19-21 бб.

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ – ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<sup>1-3</sup>Қазақстан, Алматы обл., Қапшағай

№ 12 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен МКМ

### Аңдатпа

Бұл мақалада жаңартылған білім беру негізінде гуманитарлық –жаратылыстану пәндерін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылған. CLIL әдісі бойынша ағылшын тілін оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық, коммуникативті құзыреттілігі мен инновациялық әдіс –тәсілдері қолданылған.

*Түйінді сөздер:* CLIL әдісі арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту, көптілді білім беру, оқушылардың функционалдық сауаттылығы, вербалды-семантикалық деңгейі арқылы көптілді тұлғаны қалыптастыру үдерісі.

### Аннотация

В статье рассматриваются эффективный способ преподавания гуманитарных и естественных наук на основе обновленного образования. Методология CLIL использует теоретическую и практическую, коммуникативную компетентность и инновационные методы развития функциональной грамотности в процессе преподавания английского языка.

*Ключевые слова:* CLIL метод или предметно-языковое интегрированное обучение, полиязычное образование, функциональная грамотность, verbal-semantic level of the polylingual personality

### Abstract

The article considers an effective way of teaching humanities and natural sciences on the basis of renewed education. The CLIL methodology uses theoretical and practical, communicative competence and innovative methods of developing functional literacy in the process of teaching English.

*Keywords:* CLIL, multilingual education, functional literacy, verbal-semantic level of the polylingual personality.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру қажеттілігі айтылған. Және орта білім беру мазмұнын жаңарту мектеп оқушыларының бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру міндеттеріне тоқталған. Осыған орай Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған [1].

Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттырады, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытады. Сонымен қатар, ұлттық сананы қалыптастыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Физика саласы бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламасында жетекші орын алады, бұл әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырудағы физиканың практикалық маңызымен айқындалады.

Физика – табиғат туралы ғылым. Оның мақсаты заттар мен денелердің, құбылыстар мен процестердің физикалық қасиеттерін танып-білу, табиғат құбылыстарының заңдылықтарын зерттеу болып табылады. «Физика» пәнін табысты оқыту мұғалімнің тікелей кәсіби тәжірибесі мен құзыреттілігіне, оқу үдерісі нәтижелеріне басым көңіл бөлуіне байланысты [2].

Оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру мұғалім үшін өте маңызды. Ол үшін сабақты көрнекілік құралдармен қамтамасыз ету, физикалық эксперименттер жасау, сабақтың ғылымилығын жоғарылату, проблемалық жағдаяттар туындату, оқушылардың өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыру, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды пайдалану және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, CLIL әдістемесі бойынша физикалық терминдерді ағылшын орыс қазақ тілдерінде т.б. белсенді оқу әдістерін қолдануға болады.

Жаңартылған білім мазмұны аясында пән мұғалімдерінің CLIL технологиясы арқылы үштілділік саясатын жүзеге асыру тәжірибесімен танысады. Әр сабақта оқушылардың танымдылық-коммуникативтік құзыреттілігін дамыту және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін сабақтың түрлі кезеңінде оқушылардың үш тілде тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытудағы белсенді оқыту стратегияларын көрсетті.

Мысалы, *Ньютон заңдары / Законы Ньютона / Laws of Newton's* тақырыбындағы физика сабағының шығармашылық кезеңінде (физика пәні) CLIL технологиясы арқылы оқушылар ағылшын тілінде оқу дағдысын жетілдіру үшін бірінші тапсырмасында Бердібек Соқпақбаевтің «Менің атым Қожа» повесінен ағылшын тілінде үзінді беріліп, мәтін ішінен физикалық шамаларды тауып, олардың қай заңдылыққа бағынатынын баяндап беру ұсынылады. Лайықты деңгей тапсырмасында ол шамаларға формулалар жазылып, түрлендіру, қорытындылау жасалды. Жоғары деңгейде тиісті сан-мәндерін қойып, есепті шығару, талдау беріледі. Барлық оқу стратегиялары және орындалатын жұмыстар ағылшын тілінде жүргізіледі [5].

Жаңартылған білім беру бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);

- таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру;

- бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр [3].

Қазіргі таңда мектептерде жаңартылған бағдарлама бойынша ағылшын -орыс тілдері 1, 2, 5, 6, 7, 8-ші сыныптарда оқытылуда. Негізінен ағылшын (орыс тілі) тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын және орыс тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Қазір ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Неден бастаған жөн деген сұраққа жақсы оқулық керек дер едім. Өйткені дұрыс таңдалған оқу құралы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі кезде

ағылшын тілінен оқу құралдары өте көп, қазіргі таңда 1, 2 сыныптар «Smiles» оқулығымен оқытылуда. Ал 5-6-7-8 сыныптарда «English plus» «Орыс тілі мен әдебиеті» оқулығымен оқытылуда. Бұл кітаптардың ерекшеліктері сөйлеу мен тындау дағдыларын дамытуға арналған оқу кітабы мен дискілер, жазу тапсырмалары бар жұмыс кітабі және әр сабақтың жоспары мен әртүрлі әдіс-тәсілдер көрсетілген мұғалімге арналған кітабі, тақырыпқа сай көрнекіліктері берілген. Оқулықтың өзі оқушылар үшін өте қызықты. Себебі оқулық ішінде өте керемет суреттер, видеолар және қызықты тапсырмалар берілген. Оқушылар әр сабақ сайын сабаққа деген қызығушылықтары арта түсуде. Жаңартылған бағдарламаның бір ерекшелігі оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі. Оқулықтың соңында оқушыларға үш тілді сөздіктер берілген, бұл оқушылардың пән аралық бірлестігін дамыта түседі. Грамматикалық тапсырмалар орындағанда оқушыларға кітап соңында арнайы грамматикалық бөлім бар. Яғни оқушылар грамматика ережелерін ізтеп білу үшін басқа да ресурстарға жүгініп уақытын бос кетірмейді деп ойлаймын. Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған. [4]

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Бағдарламаның ерекшелігін тәңті болғанымызбен әттеген-ай дерлік жағдайлар да кездесіп, мұғалім жұмысына кедергі келтіріп жатқан кездер де аз емес. Ол бағдарлама мен оқулықтың сәйкес келмеуі. Бұл ата-анаға да, оқушыға да, мұғалімге де аз қиындық болмай тұр. Әрине, жаңа бастаманың қашанда қиындығы да қызығы да аз болмайды. Бірақ осы үлкен міндетті абыроймен атқарып, шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенемін [6].

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Назарбаев Н. Элеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан халқына Жолдау / Егемен Қазақстан. - 27 қаңтар, 2012.
2. Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары / Егемен Қазақстан.
3. Өмірбаева К. Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер. - 2001 .
4. Алматы: Қазақстан мектебі. – 2013, - № 2.
5. Tanner, Liz Dale and Rosie. CLIL Activities. 22 February 2012.
6. Kelly, Keith. Macmillan Vocabulary Practice Series: Science. б.м.: Macmillan ELT, 31 Jan 2008.

УДҚ373.540

***Сырымбет Б.К.***

#### **МЕТОДИКА CLIL В ОБУЧЕНИИ БИОЛОГИИ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

*Казахстан, Алматинская обл., Капшагай, гимназия № 2 имени Ш.Уалиханова*

#### *Аннотация*

В данной статье рассматриваются проведения исследования на уроках биологии в средней общеобразовательной школе. Автор знакомит с некоторыми приемами методики CLIL (Content and Language Integrated Learning). Автор проанализированы новейшие источники по данной методике.

*Ключевые слова:* методология CLIL, обучение биологии, компонент обновленного образовательного контента, современные технологии.

#### *Аңдатпа*

Бұл мақалада орта мектептегі биология сабақтарында зерттеу жүргізу қарастырылады. Автор CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдістемелерін ұсынады. Автор осы әдіс бойынша соңғы дерек көздерін талдайды.

*Түйінді сөздер:* CLIL әдіснамасы, биологияны оқыту, жаңартылған білім мазмұнын құрайтын компоненті, қазіргі заманғы технологиялар.

#### *Abstract*

This article presents the Action Research experience at the Biology lessons School. The author introduces some of the CLIL (Content and Language Integrated Learning) techniques and methodology. The author analyzes the latest sources on this method.

*Keywords:* CLIL methodology, biology training, a component of the updated education content, modern technologies.

Образование во всем мире всегда было ведущим фактором в развитии цивилизованного общества. Ведь в качестве важнейшей задачи, стоящей перед человечеством XXI века. В соответствии с Конституцией Республики Казахстан, законом «Об образовании» планомерно осуществляется работа по формированию условий для развития национальной модели казахстанской системы образования. Главным стержнем национальной модели образования является непрерывность и преемственность её структурных звеньев. В настоящее время в Казахстане идёт становление новой системы образования, ориентированной на вхождение в мировое пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в теории, практике педагогического процесса. В Послании Президента РК Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстана – 2050. Новый политический курс состоявшегося государства» отмечено: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками: казахский язык – государственный, русский язык как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1, С.120].

В современном обществе приоритетными становятся вопросы социализации современного человека в межнациональном и межкультурном пространстве. Владение английским языком в нынешнее время, рассматривается как один из инструментов расширения профессиональных знаний и возможностей. В связи с этим, появляются новые образовательные технологии обучения английскому языку. Одной из таких технологий является предметно-языковое интегрированное обучение CLIL (Content and Language Integrated Learning). Методика CLIL рассматривает изучение английского языка, как инструмента для изучения других предметов, например, биологии, таким образом, формируя у учащихся потребность в учебе, в знании биологических терминов на английском языке, что позволит им переосмыслить и развить свои способности в коммуникации. Наиболее распространённым является следующее определение: CLIL – это дидактическая методика, которая позволяет сформировать у учащихся лингвистические и коммуникативные компетенции на неродном для них языке в том же учебном контексте, в котором у них происходит формирование и развитие обще-учебных знаний и умений. Сейчас, в контексте обновленного содержания образования, как раз происходит переход к изучению предметов естественно-математического цикла на английском языке. Кроме того, при определении основных принципов CLIL, выделяют четыре «С» методики, каждая из которых реализуется по-разному, в зависимости от возраста обучающихся, социально-лингвистической среды и степени погружения в методику CLIL. Это такие методики:



1. Content (Содержание).
2. Communication (Общение).
3. Cognition (Мыслительные способности).
4. Culture (Культурологические знания) [2, С.2].

Использование данной методики, позволяет выделить ее плюсы. В первое время, конечно, могут возникнуть некоторые проблемы внедрения методики CLIL в учебный процесс, а именно в предмет, но с годами, практикой и опытом, проблемы уйдут. Одним из основных плюсов данной методики станет повышение мотивации учеников к изучению биологии на английском языке. Также изучение английского языка станет более целенаправленным, так как обучение предметам естественно-математического направления полностью перейдет на английский язык. Кроме того, обучающиеся будут иметь больше возможности, лучше узнать и понять культуру изучаемого языка, что обязательно приведет к формированию социокультурной компетенции как учащихся, так и самих учителей, как студентов, так и самих преподавателей. Ученики, студенты будут пропускать через себя достаточно большой объем языкового материала, который представляет собой полноценное погружение в естественную языковую среду. Необходимо также отметить то, что работа над различными темами позволяет ученикам и студентам выучить термины, определенные языковые конструкции (транскрипцию, правописание), что способствует пополнению их словарного запаса предметной терминологией и подготовит их к дальнейшему применению полученных знаний и умений на практике [3, С.8].

Преимущества CLIL:

- 1) позволяет учащимся более эффективно общаться друг с другом, используя иностранный язык;
- 2) расширяет межкультурные знания учащихся;
- 3) развивает навыки общения на иностранном языке в естественных условиях;
- 4) развивает мышление и открывает творческий потенциал студентов;
- 5) повышает мотивацию студентов и их уверенность в себе;
- 6) тренирует все языковые навыки;
- 7) улучшает языковую компетенцию и навыки естественной устной речи;
- 8) развивает интерес к разным языкам, к использованию их в разных сферах жизни;
- 9) не требует дополнительных часов обучения [4, С.11].

Организация процесса учебной деятельности с использованием CLIL. При использовании метода предметно-языкового обучения учителю необходимо осуществить отбор материалов, то есть определить их цель, пересмотреть содержание изученного материала, выбрать методы, средства и формы организации обучения, адекватные поставленной цели, спрогнозировать результат. Учителя, преподающие предмет на английском языке и осуществляющие предметно-языковое обучение, должны на должном уровне владеть иностранным языком, причем особое внимание следует обращать на научность стиля речи на иностранном языке. Прежде чем вводить методические приемы предметно-языкового обучения, учителям и преподавателям биологии следует определить уровень языковой подготовки учащихся. А для этого для постановки языковых целей им необходимо будет посещать уроки английского языка в их классах и непременно обратиться за помощью и побеседовать с учителем английского языка. Только после этого можно установить степень включения иностранного языка в обучение биологии. Такое сотрудничество учителей будет способствовать созданию благоприятной образовательной среды в классе.

Деятельность учителя в процессе предметно-языкового обучения на уроке включает в себя:

1. Раскрытие перед учениками алгоритма их деятельности при предметно-языковом интегрированном обучении.
2. Предоставление тематической (предметной) информации на английском языке (устный рассказ, беседа, письменный текст, видеоматериал и т.д.).

3. Предоставление различных средств предметно-языкового обучения физике, химии, биологии и информатике для полноценной работы ученика: словари, дидактические карточки, сопоставительные схемы, карточки визуальной поддержки и т.д.

4. Оказание помощи учащимся в процессе работы с использованием метода CLIL.

5. Проверка результатов предметно-языковой работы учащихся.

6. Подведение итогов работы [5, С.259].

В качестве практической иллюстрации можно привести следующие примеры использования активити CLIL на уроках биологии:

1. Активити «Петля вопросов» Раздаются листочки с вопросами и ответами на английском языке. На одной стороне вопрос, на другой стороне листа ответ другого вопроса. Когда один читает, все должны внимательно слушать, тот, кто нашел ответ, зачитывает ответ на вопрос и читает свой вопрос и так далее. Активити развивает внимательность, правильное произношение.

2. Активити «Угадай орган» Учащиеся делятся на группы. Для каждой группы раздается большой лист, заклеенный стикерами. За стикерами скрывают фото органа. В центре листа помещаются вопросы, термины. Каждый участник группы отвечает на вопрос или объясняет значение слов на английском языке и убирает по одному стикеру. Ответив на все вопросы, ученики должны назвать орган, рассказать о его деятельности и роли в организме человека.

3. Активити «Внутренний и внешний круг» Учащиеся рассчитываются на первый, второй и составляют вопросы по пройденной теме на английском языке. Затем образуют два круга: внутренний и внешний. Дети стоят лицом друг к другу и задают вопросы. Учащиеся из внешнего круга передвигаются и создают новые пары. Продолжается та же работа с вопросами [6, С.22].

Методика CLIL требует совершенно нового подхода к обучению. Именно сейчас, в обновленном содержании образования, учителям и преподавателям необходимо использовать разнообразные формы подачи материала, организации работы, делать акцент на индивидуальную, парную, групповую и творческую деятельность учащихся. Это значит, что изучение основных предметов станет для учащихся намного интереснее и эффективнее, если будет происходить в рамках деятельностного, коллаборативного и коммуникативного подхода, свойственного занятиям по методике CLIL. Этому всему, государство и готовит нас, учителей и преподавателей биологических дисциплин. Внедрение в обновленное содержание образования методики CLIL улучшит учебный процесс. Для этого в данный момент государством делается многое. В нашей школе проводятся курсы по изучению иностранного языка (А1-А2, В1-В2) английский с носителем и преподавателями английского языка, различные организации образования проводят длительные языковые курсы, с целью подготовки учителей школ и преподавателей колледжей к новому этапу в образовании, который, наверняка останется в истории Казахстана надолго.

### ***Список использованной литературы***

1. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства»: материалы мероприятий, посвященных обсуждению Послания Главы государства... / Отв. ред. Б.Султанов. - Алматы: КИСИ, 2013. – 228 с.

2. Политика трехязычного образования в Назарбаев интеллектуальных школах. – Астана. - 2013. - С.2-3.

3. Нуракаева Л.Т., Шегенова З.К. Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL). - Астана. - 2012. - С.8-10.

4. Ахметова М.С. Предметно-языковое интегрированное обучение биологии //viewer\_images/15684311/f/1.png.

5. Бабина Л.В., Вечерина Ю.О. CLIL технология на уроках английского языка. - С.359.

6. Лалетина Т.А. Интегрированный подход и использование предметно-языковой интеграции при обучении иностранному языку [Электронный ресурс]: URL: <http://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/8574?show=full>.

УДК 377.5.02:37.016

<sup>1</sup>М.С.Дюсов, <sup>2</sup>Л.Ж.Жансеитова

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

<sup>1,2</sup>Қазақстан, Алматы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

### Аңдатпа

Мақала критериалды бағалау мәселелеріне арналған. Жалпы білім беретін мектепте математиканы оқытуда критериалды бағалау жүйесін қолдану мәселесі қарастырылып, бірнеше мысал арқылы көрсетілген.

*Түйінді сөздер:* мұғалім, оқушы, бағалау, бағалау критерийі, стандартталған бағалау, дескриптор.

### Аннотация

Статья посвящена проблемам критериального оценивания. В общеобразовательной школе была рассмотрена проблема применения системы критериального оценивания при обучении математике на нескольких примерах.

*Ключевые слова:* учитель, ученик, оценивание, критерий оценивания, стандартное оценивание, дескриптор.

### Annotation

The article is devoted to the problems of criteria-based assessment. The problem of using the system of criteria-based assessment in teaching mathematics on several examples was considered in the secondary school.

*Keywords:* teacher, student, assessment, assessment criteria, standardized assessment, descriptor.

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы білімнің жаңа «ұлттық көрінуін»: 2020 жылға дейін Қазақстан білімді және жақсы экономикалы елге айналып, «жоғарғы біліктілік жұмыс күшімен» (Білімді дамыту бағдарламасы, 7 б.) танылуы керек. Нақты стратегиялық мақсат техникалық және кәсіптік білім үшін «модернизация жүйесі техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) бойынша қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының талаптарымен, дүниежүзілік шоғырлану» болып табылады [1].

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагогқа арналған ұлттық іс-қимыл» жоспарының мақсатын жүзеге асыруға да бағытталады. Ол мақсат оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады [2].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың өзіндік дамуына және функционалды сауатты болуына ерекше көңіл бөлінуде. Әрбір оқушыны әлеуметтік ортаға бейімдеп, өз білімін тәжірибеде іске асыруына бар жағдай жасауымыз керек. Сондықтан кез-келген тақырыпты өтпес бұрын, біз тақырыптарды үнемі өмірмен байланыстырып отырғанымыз жөн. Тақырыпты тек ел аумағында ғана емес, жаһандық тұрғыдан қарастырып, әрбір оқушы кез-келген тақырыпта өз ойын еркін білдіріп, оған негіздеме келтіріп жүйелі сөйлеуге дағдылануы керек. Осы тұста критериалды бағалаудың орны ерекше. Себебі бұл бағалау арқылы оқушы өз-өзіне, басқа оқушыларға баға беруді үйренеді. Өз білімі мен дағдаларының артықшылықтары мен кемшіліктерін анық көретін болады, болашақта қай бағытта даму керектігін түсінеді. Бұл тұста оқушының сабақта жұмысты қалай жасағаны, қалай ойланғаны бағаланатын болады.

Бүгінгі білім беру саласында өзгеріс көп, жаңалық жетерлік. Біріншіден, бүгінгі мұғалім басқарудың авторитарлы стилін емес, либералды стилін таңдап отыр. Яки, мұғалім тек «сабақ беруші», оқу үрдісін «басқарушы» ғана емес, ол – оқушылардың уәж дағдыларын дамытуға жағдай жасаушы, мүмкіндік туғызушы, олардың еркін ойын, өзіндік ерекшеліктерін, қабілет-қарымдарын ескере отырып жеке тұлғасын қалыптастырушы жан болуы тиіс. Екіншіден, бүгінгі педагог жаңа технологияларды іске асыру бағытында қалыпты емес жағдайда жұмыс істей алатын, білім беру процесін бүге-шүгесіне дейін түсінетін, жаңа, өзгеше рөлді қабылдай алатын, жаңашылдыққа дайын, шығармашылық әлеуеті зор, оқытудағы әдіс қоры жетерлік кәсіби маман болуы шарт. Үшіншіден, заманауи оқытушы қазіргі қоғамға қажетті сыни ойлауын – талдау, салыстыру, синтез, зерттеу, қолдану, бағалау дағдыларын және өзге де стандартты және күрделі дағдыларды білім алушы бойына мүмкіндігінше толық қалыптастырушы тұлға болғаны жөн.

Осылардың ішіндегі үшінші мәселені, яғни, бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағалау жүйесін тереңірек қарастырайық.

Қазіргі педагогикада оқытудың нәтижесін бақылау мен бағалау педагогикалық диагностика деп айтылады. Ол кез келген толық оқу іс-әрекетінің үш бөліктен (бағыттаушы, орындалатын және бақылаушы) тұратынын көрсетеді. Бірінші бағыттаушы бөлігінің болмауы оқу іс-әрекетін жекелеген іс-әрекеттердің ретсіз топтануына әкеледі. Үшінші бақылаушы бөлімнің болмауы да оны кездейсоқ, жүйесіз іс-әрекеттер жиынтығына айналдырады. Оқудың мақсаты жойылады және оның жетістігі туралы түсінік болмайды. Сондықтан кез келген іс-әрекетте өзара байланысқан үш бөліктің де болуы қажет [3].

Бағалау жүйесі білім беру үдерісіндегі ең маңызды мәселелердің бірі. Бағалау оқыту, дамыту, тәрбиелеу сияқты көп функцияларға ие.

Сонымен оқыту нәтижесін бақылау немесе тексеру оқыту процесінің міндетті компоненті болып табылады. Ол оқу процесінің барлық деңгейлерінде, әсіресе бағдарламаның қандай да бір бөлімін игергеннен кейін және оқытудың деңгейін аяқтағанда маңызды роль атқарады [3].

Осы орайда білім сапасын арттыру мақсатында критериальдық бағалау жүйесін дамыту маңызды екені сөзсіз.

Критериалды бағалау дегеніміз – білім алушының білімі мен білігін алдын ала белгіленген оқу жетістіктерімен салыстыра оқыту, соның негізінде оқушыны бағалау [4].

Критериалды бағалау кезінде алдын-ала бағалау шкаласы белгіленіп, оқушының алдына соған жету жоспары қойылады. Бағалаудың мұндай жүйесі оқушының кемшіліктерін өзіне түзетуіне мүмкіндік береді, оқушының өзін-өзі және өзгені бақылауына, бағалауына мүмкіндік туғызады, бағаның айқындылығын, адалдығын сақтайды, оқушының сабақ үрдісінде өткен тақырыпты қалай түсінгендігін оқытушыға күнделікті саралап отыруына жағдай жасайды. Осының барлығының негізінде мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс бағалаудың жалпы негізін ашады. Яғни, критериалды бағалау оқыту – тәрбиелеу, дамыту, ынталандыру төрттігін басшылыққа алады.

Әлемде білім беру ісінің нәтижесін бағалай білудің өзіндік тәжірибесі қалыптасқаны белгілі. Бұл ретте біз үшін оқушының қаншалықты білім алғандығы емес, оның алған білімін өмірлік тәжірибеде қаншалықты пайдалана алатындығы маңызды болып отыр. Ал біздің еліміздегі білім жүйесінде басым жағдайда оқушылар өздерінің алған теориялық білім деңгейімен бағаланып, сонымен ғана шектеліп жататыны белгілі. Осы орайда оқушы білімін критериалды бағалау - педагогтарға нақтылық алып келетін бірден-бір жүйе.

Бағалаудың осы түрінің артықшылықтарына, біздің ойымызша, келесі ерекшеліктерді жатқызуға болады: оқушылар олардың алдына қойылатын мақсаттарды нақты біледі, оқу барысында қандай дескрипторлар іске асырылуы қажет екендігін түсінеді, дескрипторларға сәйкес өздерінің оқу үдерісіндегі кемшіліктерін анықтай алады, сонымен қатар, «талпынады» бағаларының қойылынуына сәйкес тақырыптарға көбірек назар аударуға тырысады.

Дегенмен, бұл бағалау әдістерін өткізу барысында бірнеше мәселелерге тап боламыз. Біріншіден, мұғалімдер өз сипаттамаларында ұсынылған оқыту мақсаттарына дескрипторларды дербес әзірлейді, бұл әрине, өзіндік мәселе деуге келмейді, бірақ, мәселен, математикадан мұғалімдер ұсынатын есептердің қиындық деңгейлері әртүрлі болуы әбден мүмкін. Бұдан оқушы қандай шартқа сәйкес, яғни А, В немесе С деңгейлерінің қайсысынан есептерді шығара алса мақсатқа жетті деген баға алады деген сұрақ ойға келеді. Екіншіден, критериалды бағалауға кірістірілетін тапсырмалардың көлемі де мәселелер қатарына жатады.

Үшіншіден, критериалды бағалау шеңберінде жазбаша жұмыс туралы айтатын болсақ, математикадағы тапсырмалардың шешімдерінің жазылу жолы да белгілі бір рөл атқарады: бір оқушы тапсырманы дұрыс шешіп, бірақ бұл шешімді ұқыпты жазбайды, ал басқа оқушы, мысалы, сызықтық теңсіздіктер сызбасын салмай, бірақ есеп шешімін дұрыс жазады. Осындай жұмыстарды бағалау қиындыққа түседі, себебі дескрипторлар бойынша, мысалы, тек мынадай критерийлер ғана қойылады: мәселені шешуді дұрыс жазады, тапсырма жауап дұрыс жазылады және т.б.

Осылайша, жоғарыда аталған мәселелер объективті емес бағалаудың тікелей немесе жанама себебі болып табылады. Біздің ойымызша, объективті бағалауға қол жеткізу үшін бағалаудың стандарттау жолдарын ұстануымыз қажет. Стандартталған бағалау дегеніміз:

1) мақсатты нақтылау кезінде ұсынылған мақсаттар үшін бірдей дескрипторларды әзірлеу;

2) мұғалімге «жетті» бағасын неғұрлым нақты бағалауға мүмкіндік беретін критериалды бағалаудың қиындық деңгейіне арналған тапсырмалардың көлемін әзірлеу;

3) жазу ережелері бойынша материалдар әзірлеу;

4) критериалды бағалаудың тапсырмаларын дайындау мақсатымен тәжірибелі оқытушылардан жұмыс тобын құру.

Қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмаларды әзірлеу мысалы:

*Бағалау критерийі* – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі.

*Қалыптастырушы бағалау* – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

*Дескриптор* – тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама [4].

Жоғарыдағы айтылған мәселелерге мысалдар келтірейік.

Функциялардың туындысын табыңыз:

1 тапсырма

$$f(x) = x\sqrt[3]{x} + \frac{x^2}{\sqrt[3]{x}} - 2x^4$$

2 тапсырма

$$y = (x^3 - 7)(x^2 + 4x + 1)$$

3 тапсырма

$$y = \frac{1 - \cos x}{1 + \cos x}$$

4 тапсырма

$$f(x) = \frac{e^x + 1}{e^x - 1}$$

5 тапсырма.

$$y = \frac{x^2 - x - 4}{2x - 1}$$

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	балл
		Білім алушы	
Екі функцияның қосындысының, айырмасының туындысын, функциялардың туындыларын табады	1	Туындыны табудың бірінші ережесін қолданды: $f'(x) = \left( x\sqrt[3]{x} + \frac{x^2}{\sqrt[3]{x}} - 2x^4 \right)' = \left( x\sqrt[3]{x} \right)' + \left( \frac{x^2}{\sqrt[3]{x}} \right)' - (2x^4)'$	
		Дәрежелік функцияның қасиеттерін қолданды: 1) $x\sqrt[3]{x} = x \cdot (x)^{\frac{1}{3}} = x^{1+\frac{1}{3}} = x^{\frac{4}{3}}$	

		$2) \frac{x^2}{\sqrt[3]{x}} = x^{2-\frac{1}{3}} = x^{\frac{5}{3}}$	
		<p>Дәрежелік функцияның туындысының формуласын қолданды :1)</p> $\left(x^{\frac{4}{3}}\right)' = \frac{4}{3}x^{\frac{4}{3}-1} = \frac{4}{3}x^{\frac{1}{3}} = 1\frac{1}{3}\sqrt[3]{x}$ $2) \left(x^{\frac{5}{3}}\right)' = \frac{5}{3}x^{\frac{5}{3}-1} = \frac{5}{3}x^{\frac{2}{3}} = 1\frac{2}{3}\sqrt[3]{x^2}$ $(2x^4)' = 8x^3$ <p>3)</p>	
Екі функцияның көбейтіндісінің туындысын, функциялардың туындыларын табады	2	<p>Туындыны табудың екінші және бірінші ережелерін қолданды:</p> $1) y' = (x^3 - 7)'(x^2 + 4x + 1) + (x^2 + 4x + 1)'(x^3 - 7)$ $2) y' = ((x^3)' - (7)') \cdot (x^2 + 4x + 1) + ((x^2)' + (4x)' + (1)') \cdot (x^3 - 7)$	
		<p>Дәрежелік функцияның және тұрақты санның туындысының формуласын қолданды:</p> $y' = ((x^3)' - (7)') \cdot (x^2 + 4x + 1) + ((x^2)' + (4x)' + (1)') \cdot (x^3 - 7) =$ $= (3x^2 - 0) \cdot (x^2 + 4x + 1) + (2x + 4 + 0) \cdot (x^3 - 7)$	
		<p>Өрнекті ықшамдады:</p> $y' = (3x^2 - 0) \cdot (x^2 + 4x + 1) + (2x + 4 + 0) \cdot (x^3 - 7) =$ $= 3x^2 \cdot x^2 + 3x^2 \cdot 4x + 3x^2 \cdot 1 + 2x \cdot x^3 + 4 \cdot x^3 - 2x \cdot 7 - 4 \cdot 7 =$ $= 3x^4 + 12x^3 + 3x^2 + 2x^4 + 4x^3 - 14x - 28 =$ $= 5x^4 + 16x^3 + 3x^2 - 14x - 28$	
Екі функцияның бөліндісінің туындысын, функциялардың туындыларын табады	3	<p>Туындыны табудың үшінші ережесін қолданды:</p> $y' = \left(\frac{1 - \cos x}{1 + \cos x}\right)' = \frac{(1 - \cos x)'(1 + \cos x) - (1 + \cos x)'(1 - \cos x)}{(1 + \cos x)^2}$	
		<p>Тригонометриялық функцияның туындысының формуласын қолданды:</p> $1) (1 - \cos x)' = -(-\sin x)$ $2) (1 + \cos x)' = -\sin x$	
		<p>Өрнекті ықшамдады:</p> $\frac{-(-\sin x)(1 + \cos x) - (-\sin x)(1 - \cos x)}{(1 + \cos x)^2} =$ $= \frac{\sin x + \sin x \cos x + \sin x - \sin x \cos x}{(1 + \cos x)^2} = \frac{2 \sin x}{(1 + \cos x)^2}$	
	4	<p>Туындыны табудың үшінші және бірінші ережелерінің қолданды:</p> $1) y' = \left(\frac{x^2 - x - 4}{2x - 1}\right)' = \frac{(x^2 - x - 4)'(2x - 1) - (2x - 1)'(x^2 - x - 4)}{(2x - 1)^2}$ <p>2)</p> $(x^2 - x - 4)' = (x^2)' - (x)' - (4)'$ $(2x - 1)' = (2x)' - (1)'$	

	<p>функциялардың туындысының формулаларын қолданды:</p> $(x^2)' - (x)' - (4)' = 2x - 1$ $(2x)' - (1)' = 2$	
Барлығы		

Бұл мысалда әртүрлі ережелерді қолданумен дифференциалдау туралы білімді бағалауды қарастырамыз: екі функцияның қосындысының, айырмасының, көбейтіндісінің, бөліндісінің туындысын және қарапайым функциялардың әртүрлі түрлерін дифференциалдауды қолдану. Алайда, басқа мұғалімнің көзқарасынан, мүмкін, бұл мақсатқа жету үшін жеткіліксіз. Сондықтан, белгілі бір стандарттау қажеттілігі болуы керек.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалаудың артықшылықтары мынада – білім алушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады, білім алушының жұмысын бағалау алдын ала ұсынылған критерийлерге негізделеді, бағалау алгоритмі білім алушыларға алдын ала белгілі болады, білім алушы нақты не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі, білім алушыға өзінің білімділік деңгейі анық көрініп тұрады, критерий арқылы бағалау оқытушының білім алушы деңгейін анық біліп отыруына мүмкіндік береді, нәтижесінде білім берудің сапасы артады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Қазақстан Республикасында 2015-2020 жж. білім беруді реформалаудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру. – Астана, 2014. – 174 б.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
3. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224б.
4. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.
5. Әбілқасымова А.Е., т.б. Алгебра және анализ бастамалары: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. - Алматы: Мектеп, 2014. – 64 б.
6. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / А.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2014.

УДК 372.851

***Ж.Б.Қайыңбаева***

## **МЕКТЕПТЕ СТОХАСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

*Қазақстан, Алматы*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

*Аңдатпа*

Стохастика элементтерін жүйелі түрде оқып үйрету – оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуының басты аспектісі болып табылады. Мақалада мектеп курсынағы стохастика элементтерінің мазмұны мен оқыту әдістемесі, стохастика элементтерін оқытуға қойылатын талаптар мен мектеп оқулықтарындағы комбинаторика, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтері бөлімдерінің мазмұны қарастырылады.

*Түйінді сөздер:* ықтималдықтар теориясы, стохастика, математикалық статистика, жаңартылған бағдарлама.

#### *Аннотация*

Системное исследование обучения элементам стохастики было и остается ключевым аспектом для формирования и развития личности школьника. В статье рассмотрено содержание и методика преподавания элементов стохастики в школе, проведен анализ содержания и требований к результатам обучения элементам стохастики и содержания обучения элементам комбинаторики, теории вероятностей и статистики в учебниках математики.

*Ключевые слова:* теория вероятностей, стохастика, математическая статистика, обновленная программа.

#### *Abstract*

A systematic study of stochastic elements was and remains a key aspect for the formation and development of personality of the student. The article considers the content and methodology of teaching elements of stochastics at school analysis of content and requirements, learning outcomes and elements of the stochastic learning content elements of combinatorics, theory of probability and statistics in the mathematics textbooks.

*Keywords:* probability theory, stochastics, mathematical statistics, updated program.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев жолдауында: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Орта білім беру мазмұнын жаңарту бүгінгі күннің талабы болғандықтан осы талап деңгейінде жұмыс атқару әр ұстазға жүктелер үлкен міндет, үлкен сын» деп мәлімдеген [1]. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Жаңартылған білім мазмұны арнайы кестеге сәйкес кезең-кезеңмен енгізіледі: 2016 жылы - 1-сынып, 2017 жылы - 2, 5, 7 сыныптар, 2018 жылы - 3, 6, 8, 10-сыныптар, 2019 жылы - 4, 9, 11, 12-сыныптар. 2020 жылға қарай 12 жылдық құрылыммен жаңартылған білім мазмұнына көшу барлық сыныптарда аяқталады. Жаңартылған білім беру бағдарламасында математика пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын дамытуға жағдай жасауға бағытталған.

Бүгін біздің қоғамымызда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге, қазіргі кездегі барлық саладағы ғылым мен техниканың дамуына байланысты ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін мектепте оқытудың маңыздылығы өте зор. Математиканың мектеп курсына ықтималдықтар теориясының элементтерін енгізу жайлы танымал ғалымдар А.Н.Колмогоров, А.Д.Аксанугов, А.И.Маркушевич, Б.В.Гнеденко, И.М.Яглом, А.Я.Хинчин өз ойларын білдірген. Бұл ғалымдардың еңбектерінің нәтижесінде өмірге келген ықтималдықтар теориясы адам өмірінің әлеуметтік-мәдени, білім беру, ғылыми-өндірістік саласындағы кез-келген мәселені шешуде қолданылатын статистика ғылымының математикалық негізі болып



табылады. Қазіргі таңда ықтималдықтар теориясы мен статистика физика, химия, биология, экология, геология, география, экономика, лингвистика, психология т.с.с. білімнің барлық салаларында қолданыс табууда.

Қазақстан мектептерінің практикасына 1999 жылы жалпы білім беретін мектептердегі математика пәнінің бағдарламаларына (жоба) ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері енгізілді. 2002 жылы бекітілген ҚР орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында «Математика» пәні бойынша оқу пәнінің базалық білім мазмұнында ықтималдық теориясы мен математикалық статистика элементтері бойынша оқушыларға қойылатын талаптар ауқымы айқындалған. Ал 2003 жылдан бастап ықтималдық теориясы мен математикалық статистика элементтері мектеп бағдарламасына енгізілді. Қазіргі мектептерді реформалау мектептегі математикалық білімнің мазмұнының өзгеруіне және математиканы оқыту әдістемесінде ықтималдық-статистиканы енгізудің қажеттілігінің мазмұнды-әдістемелік жағына көңіл бөлуге әкелді.

Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистиканы оқытудың негізгі мақсаттары мынадай:

- өмірдегі нақты құбылыстарды дәл сипаттайтын стохастикалық модельдерін құру және зерттеу арқылы ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтерімен таныстыру;

- ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы бойынша есептер шығаруда ықтималдық-статистикалық аспектісінің «қолданбалық» ойлау дағдысын дамыту;

- ықтималдықтар теориясы аппараттарын қолдану негізінде оқушылардың математикалық мәдениеттілігін көтеру.


Ықтималдықтар теориясының математикалық аппараты оқушыларда қалыптасқан элементар математикалық білімге, дағдыға, ептілікке негізделгенін атап көрсетуге болады. Бұл кезеңде оқушылар нақты сандарға арифметикалық амалдар орындауды, функциялық символикаларды байыптап қолдануды, элементар геометриялық объектілер туралы түсінік қалыптасып, оларға операциялар жасауды біледі. Сондықтан ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика оқушыларға алған математикалық білімін нақты қолданатын, адам өмірінде маңызы зор математиканың бір тарауы ретінде қарастырылады.

Қазіргі қолданыстағы математика пәнінен 5-11 сыныптарға арналған оқулықтардың (авторлары: А.Әбілқасымова, Т.Алдамұратова, Д.Шыныбеков) «Ықтималдықтар теориясы мен статистика элементтері» желі мазмұнын атап өтейік:

- 5 сынып - диаграммалар, кестелер, жиындар;
- 6 сынып - қарапайым комбинаторлық есептер;
- 7 сынып - жиілік және ықтималдық, кездейсоқ оқиғаның жиіліктігі;
- 8 сынып - ықтималдық және статистика, жиілік кестесі, ықтималдығын есептеу үшін классикалық формула;
- 9 сынып - статистикалық зерттеулер, деректерді ранжирлеу, жиілік диапазоны, гистограмма, статистикалық мәліметтердің сандық сипаттамалары;
- 10 сынып - комбинаториканың негізгі элементтері және оларды ықтималдықтар теориясының есептерін шешуде қолдану;
- 11 сынып - ықтималдықтарды қосу және көбейту, кездейсоқ шама, таңдау әдістерінің элементтері [2].

Орта мектеп оқушылары алғашында математикалық статистиканың қарапайым элементтерімен танысады. Яғни олар, диаграмма салуды, диаграмма мен кестедегі мәліметтерді оқуды үйренеді. Жиындар теориясын оқыту мұғалімнен үлкен әдістемелік шеберлікті талап етеді. Оқулықтарда жиын ұғымына қысқаша түсінік беріліп, ішкі жиын ұғымдарына анықтама беріледі. Жиындарға қолданылатын бірігу, қиылысу, айырым амалдарына анықтама беріліп, белгілеулері ұсынылады. Жиындарға қолданылатын амалдарды Эйлер-Венн диаграммасы арқылы

иллюстрациялаудың оқушы үшін маңызы зор. Ол оқушылардың тақырыпты терең түсініп, көпке дейін естерінде сақтауға көмектеседі. Мысал ретінде, А мен В жиындарының қиылысуы мен бірігуі, айырымы амалдарын сурет 1 арқылы көрсетейік.




Сурет 1 - Жиындардың қиылысуы, бірігуі, айырымы

Ықтималдық теориясының бастамасы – бұл комбинаторика, онда тапсырмалар таңдау әдісімен шешіледі, яғни оқушылар барлық ықтимал шешімдерді зерттейді. Әрине, комбинаторикалық есептерді шешу үшін ықтимал нұсқадағы тармақтардың көмегімен қарастыру керек. Берілген жиындағы элементтерден қандай да бір шартқа бағынатын әртүрлі қанша комбинация құрастыруға болады деген сұрақты қарастыратын математика саласын комбинаторика деп атайды. Берілген жиын  $n$  әртүрлі элементтерден тұрсын. Бұл жиыннан бір элементті аламыз, содан кейін жиыннан бұл элементтен басқа екінші элемент алынады т.с.с., яғни әрбір таңдауда алынған элементтерден басқа жаңа элементтер алып отырамыз. Бұл қайталанбайтын таңдау. Берілген жиын  $k$  типті элементтерден тұратын болсын, мұнда әрбір типтің ішіндегі элементтер бірдей. Кезекті таңдауда, алдыңғы алғаннан басқа, немесе алдында алғандағыдай жаңа элемент аламыз. Бұл қайталанатын таңдау деп аталады. Қайталанатын таңдауға өзгеше сипат беруге болады. Берілген жиын әртүрлі  $p$  элементтен тұрсын. Бірінші элементті жазып алып, оны жиынға қайта қайтарамыз. Екінші элементті аламыз. Бұл жаңа немесе алдыңғы қайтарылған элемент болуы мүмкін. Мұндай таңдау қайталанатын таңдау. Жиыннан алынған элементтер таңдауларды құрайды.

Есеп шығаруда қолданылатын комбинаторикалық әдістің бірі – жалпы бір схемаға негізделген «бұтақтар» әдісі. Мүмкін таңдау саны әр қадам сайын алғашқыда қандай элемент алынғанына байланысты болатын комбинацияны құру процесін «бұтақтар» түрінде қарастырған ыңғайлы. Алдымен бір нүктеден әр түрлі неше таңдау алуға болатын бағыт көрсетіледі, яғни әрбір тармақ бір элементке сәйкес келеді. Алынған бағыттардан, екінші қадамда қанша таңдау жасауға болса, бір нүктеден сонша тармақтар (стрелка) жүргізіледі.


*1-мысал.* а) Теңге екі рет, б) үш рет лақтырғандағы мүмкін нәтижелердің «бұтақтарын» салып көрсет.



*Шешуі:* а) теңгені бір рет лақтырғанда елтаңба ( $E$ ) немесе сан ( $C$ ) жағымен түсетін екі жағдай болады. Сондықтан бірінші қадамда бір нүктеден шығатын 2 тармақ болады.

Теңгені екінші рет лақтырғанда да екі жағдай болады. Сонда екінші қадамда төрт нүкте аламыз, яғни теңгені екі рет лақтырғанда төрт жағдай болуы мүмкін,  $EE, EC, CE, CC$ .

б) Дәл осылайша теңгені үш рет лақтырғанда  $EEE, EEC, ECE, ECC, CEE, CEC, CCE, CCC$  жағдайлар болады. Оның бұтақтары төмендегі суреттегідей.



Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары «оқиға», «ықтималдық» және «кездейсоқ оқиға». «Оқиға» ұғымының қалыптасуы қарапайым ықтималдықтық модельдері қарастырудан басталады. Мысалы, теңгені лақтырсақ, ол жоғары көтеріліп барып жерге түседі. Бұл әрекет сынақ немесе тәжірибе деп аталады. Теңгенің «елтаңба» немесе «цифр» жағының жоғары қарап түсуі оқиға болады. Дәл осылайша, ойын сүйегін лақтыру, урнадан шар алу, нысананы дәлдеп ату - интуитивті деңгейде «элементар тәжірибелер» ұғымын қалыптастырады. Бұл мысалдардан оқушылар оқиғаны тәжірибенің нәтижесі екенін, ал оқиға туғызу үшін тәжірибе, сынақ жүргізу керек екенін аңғарады. Оқушыларға оқиғалардың түрлетін – ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға, үйлесімді, үйлесімсіз оқиғалардың анықтамасын түсіндіруде күнделікті тұрмысымыздағы көптеген құбылыстардан мысалдар келтіру тиімді. Қарастырылған мысалдардың негізінде қос-қостан үйлеспейтін және тең мүмкіндікті элементар оқиғалардың жиыны ретінде «оқиғаның толық группасы» ұғымы қарастырылады. Осы ұғымдардың барлығы ықтималдық теориясының маңызды ұғымы «оқиға» ұғымының анықтамасын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Орындалу мүмкіндігіне қарай оқиғаларды классификациялаудың оқушылар үшін дүниетанымдық маңызы зор. Бізді қоршаған ортада ақиқат, мүмкін емес және кездейсоқ оқиғалардан басқа оқиғалардың болмайтынын түсіндіру қоршаған ортаның ықтималдық моделіне сүйенеді. Мұндай модельдердің мысалдары физика, химия, география, биология, тарих т.б. пәндерден алынып, пәнаралық байланыс жүзеге асырылады [3].

Оқиғаларды классификациялаудың негізінде «ықтималдық» ұғымының қалыптасуы жатыр. Егер бір нақты оқиғаның орындалуының мүмкін немесе мүмкін еместігіне қандай да бір сандық мән сәйкес қойсақ, атап айтқанда әрбір ақиқат оқиғаға 1 санын, ал мүмкін емес оқиғаға 0 санын сәйкес қойсақ, онда әрбір кездейсоқ оқиғаға  $(0;1)$  интервалынан бір нақты сан сәйкес келетіні түсінікті. Оқиғаның ықтималдығынан бұрын оқушыларға «оқиғаларға амалдар қолдану» тақырыбын өткен дұрыс. Бұл тақырыпта олар оқиғалардың арасындағы қатынасты, байланысты, қарама-қайшылықты меңгереді. Оқиғалар арасындағы қамту қатынасы ( $AB$ ) мынандай сөз тіркестерімен анықталады: « $A$  оқиғаның орындалуы  $B$  оқиғасын тудырады», « $B$  оқиғасы  $A$  оқиғасының бөлігі болады». Осы қатынастың негізінде тең оқиғалардың анықтамасын логикалық түрде беруге болады. Оқиғалар арасындағы қатынас пен амалдарды Эйлер-Венн диаграммалары арқылы көрнекі түрде қолдану керек.

Оқушылар теориялық жиын туралы түсініктерінің негізінде жиындарға және оқиғаларға қолданылатын амалдарды салыстырады. Оқиғалар мен жиындарға қолданылатын амалдардың анықтамаларындағы айырмашылық тек терминде ғана екеніне көз жеткізуге болады. Сондықтан жиындар теориясы мен ықтималдықтар теориясының терминдерінің сәйкестік таблицасын құру пайдалы.

Ықтималдықтар теориясының келесі негізгі ұғымы – ықтималдық. Бұл ұғымның да қалыптасуы «оқиға» ұғымын қалыптастыруды жүргізіледі. Қазіргі кезде «оқиға ықтималдығының» статистикалық, аксиомалық, классикалық, анықтамалары белгілі. Мектеп курсында оқиға ықтималдығының классикалық және геометриялық анықтамасы беріледі.

Кездейсоқ оқиғаның бір тәжірибе нәтижесінде пайда болатынын, немесе пайда болмайтынын алдын ала білу мүмкін болмағанымен, тәжірибені бірнеше рет қайталау барысында оның орындалуының белгілі бір заңдылығын байқауға болады. Бұл заңдылық оқушыларға таблица арқылы көрсетіліп, статистикалық тәсіл деп аталады. Мектеп оқулығында «оқиғаның ықтималдығы дегеніміз - оқиғаның пайда болу мүмкіндігін білдіретін сан» деген анықтама беріледі. Осы санды анықтау үшін «салыстырмалы жиілік» ұғымы енгізіледі. Қандай да бір тәжірибе  $n$  рет қайталансын. Сонда қарастырылып отырған  $A$  оқиғасы  $m$  рет орындалсын.  $\frac{m}{n}$  санын  $A$  оқиғасының салыстырмалы жиілігі деп атайды [4]. «Салыстырмалы жиілік» анықтамасын меңгеріп, осы ұғымды қалыптастыру үшін өмірден, өнеркәсіптен, физика, химия, биология пәндерінен оқушыларға белгілі мысалдар қарастыру қажет.

Кездейсоқ тәжірибелердің мысалдарын қарастырғанда элементар нәтижелерді кодтаудың түрлі тәсілдерін қарастыру, олардың қайсысы ыңғайлы және үнемді болатындығын талқылау пайдалы. Домино және карта сияқты дәстүрлі ойындар математика сабақтарындағы кездейсоқтық пен ықтималдық мәселесін қарастыруда онтайлы болмақ. Қазіргі кездегі мектеп оқушыларында ықтималдық – статистикалық материалдарда кездейсоқ деп бірдей шарттар комплексінде болуы да, болмауы да мүмкін оқиға аталады. Мысалы, «Ойын сүйегін лақтырғанда 6 ұпай түсті» оқиғасы кездейсоқ болады. Жоғарыда берілген анықтамада атап өтетін өте маңызды талап бар: бұл оқиға пайда болатын шарттарды бірнеше рет қайталау мүмкіндігі болуы керек, әйтпесе оның кездейсоқтығы туралы қорытынды шығара алмаймыз. Кез келген кездейсоқ оқиға туралы сөз болғанда біз әрқашан белгілі бір шарттардың бар болатындығын ескереміз. Оларсыз бұл оқиға туралы айтудың ешқандай мағынасы болмайды. Осы шарттар комплексін кездейсоқ тәжірибе немесе  $m$  эксперимент деп атайды. Әрі қарай біз кездейсоқ деп кездейсоқ экспериментпен байланысты кез келген оқиғаны айтамыз. Экспериментке дейін біз оқиға пайда болатын немесе пайда болмайтындығын дәл айта алмаймыз, ол тек эксперимент өткеннен соң анықталады. Сондықтан, ықтималдықтар теориясында кез келген кездейсоқ экспериментпен байланысты оқиғаны кездейсоқ деп атайды, оның ішінде ешқашан пайда болмайтын мүмкін емес оқиға да, әр экспериментте пайда болатын ақиқат оқиға да бар.

Жеке тарау ретінде негізгі статистикалық сипаттамалары қарастырылуы тиіс: арифметикалық орта (бірнеше санның қосындысын қосылғыштардың санына бөлгеннен шыққан бөлінді саны), мода (берілген сандар қатарындағы жиілігі ең көп сан), өзгеріс ауқымы (берілген сандар қатарындағы ең үлкен сан мен ең кіші санның айырмасы), медиана (шамалардың орташа мәнін сипаттайтын статистикалық сипаттама), осыларға өмірден көптеген мысалдар келтірілуі керек [5].

Сыныптың бейінділігіне байланысты «Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтері» тақырыбының оқытылуының математикалық абстракциялану деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Жалпы орта білім беру мектептерінің жоғары сыныптарында математика курсына енгізілген стохастика саласының мазмұнын екі блокқа бөлуге болады: инвариантты және вариативті. Инвариантты блокқа (бағдарламада анықталған) стохастикалық ұғымдар мен ережелер, фактілер кіреді, яғни оқушылар аталған саланың негізгі ұғымдарымен танысады. Ал, вариативті блокта әр түрлі бағыт бойынша оқитын оқушылар үшін стохастикалық саланың мазмұны мен оны оқыту әдістемесі жан-жақты қарастырылу қажет. Мұнда қандай да бір бағыт бойынша (біздің елімізде іс жүзінде екі бағыт бойынша жұмыстар жүргізілуде) жұмыс жоспарын құруда оқушылардың қажеттіліктері, олардың дербес психологиялық ерекшеліктері, бейімділігі мен қызығушылықтары ескерілуі керек. Мысалы, жаратылыстану-математикалық бағыттағы

сыныптар болса, онда бағдарлама бойынша оқытылатын тақырыптармен қоса мынадай бөлімдерді толығырақ қарастыруға болады: комбинаторика бөлімі бойынша (Бином Ньютонын), ықтималдықтар теориясы бойынша (толық ықтималдық пен Байес формуласын, тәуелсіз қайталамалы сынақтарды, кездейсоқ шаманың түрлерін және оларды беру әдістерін, үлкен сандар заңын); математикалық статистика бойынша (статистикалық бағалау және статистикалық болжамды, корреляция теориясының элементтерін).

Техникалық және технологиялық салаларды таңдап алған оқушылар үшін ықтималдықтар теориясының негізін, яғни «ядросын» мынадай тақырыптармен толықтыруға болады: толық ықтималдық және Байес формуласы (мысалы, көптеген факторларға тәуелді болған ракета сынығының ықтималдығын табу), тәуелсіз қайталамалы сынақ (мысалы, бірдей құрылғыдан тұратын аспаптың тоқтаусыз жұмыс істеуі жайлы есеп), кездейсоқ шама және оның түрлері (мысалы, байланыс жұмысы жайлы есеп), ал, математикалық статистиканы оқытуда мынадай тақырыптарды қарастырған дұрыс: статистикалық болжамды тексеру (мысалы, құрылғыға диодты қосқанда оның жұмыс жасауына әсерін тигізу) және корреляция теориясының элементтері (мысалы, жұмыс істеп тұрған құрылғының температурасының өзгеруімен және оның жұмыс уақыты арасындағы байланыс тығыздығын анықтау). Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарда ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика негізін мынадай сұрақтармен толықтырылған дұрыс: толық ықтималдық және Байес формуласы (мысалы, әртүрлі әлеуметтік топтарда сұрақ-жауап алу арқылы нақты пікір алу мүмкіндігінің ықтималдығын бағалау), кездейсоқ шаманың түрлері (мысалы, маркетинг саласындағы есеп), статистикалық болжамды тексеру (мысалы, психологтар жүргізген тренинг бойынша респонденттің «алдында» және «соңында» мазасыздану (тынышсыздығы) деңгейінің өзгеруі), корреляция теориясының элементтері (мысалы, халықтың сатып алуына қарай товар бағасының тәуелділігін анықтау) және регрессиялық талдау (мысалы, сұраныс және ұсыныс тәуелділігін құру).

Сонымен қатар, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқытуда жаңа педагогикалық ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдалану керек. Оларды пайдаланудағы басты мақсат – оқушыларға білім алу процесінде көмектесу. Бұл мақсаттарға оқыту программалары, дәрістерді қолдауға арналған электрондық оқулықтар, тексеру программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді.

Интернет ресурстарын ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика сабақтарында қолданудың тиімділігі:

- 1) сабақта кең көлемдегі ақпараттарды қолдану мүмкіндігі пайда болады;
- 2) оқу материалдарын жаңа мәліметтермен тез толықтыру қамтамасыз етіледі;
- 3) сабақтар қызығалықты, сапалы, нәтижелі болады;
- 4) оқушының бағасы мұғалімнің ойына тәуелсіз және әділ болады;
- 5) оқушыда оқуға деген құлшыныс артады.

Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика есептерін Mathcad, MS excel көмегімен шығару арқылы, компьютерді математика сабағында қолдану барысында оқушылардың математикаға деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Практика мектеп оқушыларына ықтималдықтар теориясын оқытудың қиын да, күрделі процесс екенін көрсетеді. Оқушыларға үйрету тұрғысынан қарағанда бұл мұғалімдер үшін де күрделі болады. Мектеп математика курсына ықтималдықтар теориясы сабағы құрылымдық болғандықтан және оның құрылымының әр бір бөлігін бір-бірін толықтыратындықтан, жіберілетін қателіктер мен кемшіліктердің орнын жеңілдетпейді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. ҚР Президентінің 2014 жылы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы.
2. Әбілқасымова А.Е., Бекбоев И.Б., Жұмағұлова З.А. Алгебра және анализ бастамалары 10-11 сынып. - Алматы, 2007.

3. Мынжасарова М.Ж. Негізгі мектеп математика курсындағы ықтималдық-статистикалық желінің маңызы // «Жас ғалымдардың қазіргі заманғы зерттеулері: проблемалар және оларды шешу жолдары» атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Астана, 2007.

4. Берікханова Г.Е. Комбинаторика, ықтималдық және статистика. Оқу-әдістемелік құрал. – Семей, 2008.

5. Жаңбырбаев Б.С. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. – Алматы: Мектеп баспасы, 1988.

## 5 – СЕКЦИЯ

### ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В КОНТЕКСТЕ ВНЕДРЕНИЯ НОВЫХ ЦИФРОВЫХ И ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

---

ӘОЖ 378. 048.2

*Г.Ж.Менлибекова*

#### ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДӘУІРІНДЕГІ АНДРАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ

*Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

##### *Аңдатпа*

Мақалада цифрлық технологиялардың басымдығы тән жаңа дәуірдегі андрагогикалық білімнің, яғни ересектерге арналған білім беру мен оқытудың мазмұнын құрылымдаудың әдіснамасына қатысты мәселелер қарастырылады. Андрагогикалық білімнің цифрлық технологиялар дәуіріндегі әлеуметтік, экономикалық, рухани, кәсіби әлеуеті сөз болады.

*Түйінді сөздер:* цифрлық дәуір, цифрлық технология, андрагогикалық білім, андрагогикалық ұстаным, оқу, математика.

##### *Аннотация*

В статье рассматриваются вопросы методологии структурирования андрагогического образования - образования и обучения взрослых в эпоху цифровых технологий. Раскрывается социальный, экономический, духовный, профессиональный потенциал андрагогического образования.

*Ключевые слова:* цифровая технология, цифровая эпоха, андрагогическое образование, андрагогический принцип, математика.

##### *Abstract*

The article considers the matters of methodology of structuring the content of Andragogical education - education and adult training in the epoch of digital technology. A social, economical, spiritual and professional capacity of the adult education are disclosed.

*Keywords:* digital technology, digital age, andragogical education, principle adult education, mathematics,

Қазір төртінші өндірістік революция жағдайында кез келген мемлекеттің, кез келген елдің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін және экономикалық өсуін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірегейі цифрлық технологиялардың дамуы болып табылады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында нақты айқындалған стратегиялық міндеттерді (өнеркәсіпті және электр энергетикасын, көлікті және логистиканы, ауыл шаруашылығын, мемлекеттік органдардың ішкі қызметін цифрландыру; электрондық сауданы және қаржы технологияларын және қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту; мемлекет – азаматтарға, мемлекет – бизнеске; «ақылды» қалалар; байланыс желілерін және АКТ инфрақұрылымын кеңейту; АКТ саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру; халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау); инновациялық даму алаңдарын қолдау; технологиялық кәсіпкерлікті, стартап мәдениетті және ҒЗТКЖ-ны дамыту; «Венчурлік» қаржыландыруды тарту; инновацияға сұранысты қалыптастыру) [1] дәйектілікпен шешуде адами капиталды дамытумен байланысты жүзеге асырылатын білім экономикасына көшуді қамтамасыз етуде андрагогикалық білімнің әлеуетін жүйелі де кешенді ғылыми зерттеудің қажеттілігінің ғаламдық серпінді шақырулардан туындап отырғаны өркениеттік дамудағы батыл қадамдарды сипаттайды.

Цифрлық технологиялар сауда транзакциясын орындау тиімділігін арттырады, оның ашықтығы мен есептілігін жақсартады, кідірістерді жояды және жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді, цифрлық емес тауарлар мен қызметтердің (мысалы, аймақтық кеден

реформалары жолымен) ауыстырылуымен байланысты транзакциялардың құнының төмендеуі цифрлық сауданың өсуін ынталандыруды қоса алғанда, айтарлықтай экономикалық әсері болады [2]. Цифрлық күн тәртібі АТК белсенді түрде қолдануды ғана емес, сонымен қатар жаңа бизнес-процестерді, цифрлық модельдерді және цифрлық активтерді құруды білдіреді [3].

1. Бондаренко Е.А. Формирование медиакультуры подростков [Электронный ресурс]: URL: [http://ipk.admin.tstu.ru/sputnik/index/str/elektron\\_bibliot.files/Jornal/Vio\\_130/cd\\_site/Articles/art\\_1\\_5.htm](http://ipk.admin.tstu.ru/sputnik/index/str/elektron_bibliot.files/Jornal/Vio_130/cd_site/Articles/art_1_5.htm).

2. Буктрейлер как способ продвижения книги: методическое пособие / Нац. б-ка, Рес. Бурятия, Отдел метод. обеспечения муниц. библиотек; [отв. ред. Ж.Б.Ильина; отв. за вып. Р.И. Хамаганова; сост. И.Н. Цыдыпова]. – Улан-Удэ, 2015 –16 с.

УДК 372.2.01

*Г.З.Таубаева*

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯСЫ**

*Қазақстан, Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

*Аннотация*

Мақалада экономиканың инновациялық дамуы жағдайында сапалы білім беруге деген сұраныстардың дамуы, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру саласы бойынша педагог-мамандарды даярлау мәселелері туралы баяндалады. Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық үдерістеріне кедергі келтіретін мәселелерді талдау негізінде қазіргі заманғы педагог-мамандарды оқыту жүйесін жетілдірудің басым бағыттарына назар аударылады. Сонымен қатар, педагог-мамандардың өзіндік білім алуға және кәсіби деңгейін көтерудегі білім беру сабақтастығының маңызды факторлары туралы сөз болады.

*Түйінді сөздер:* мектепке дейінгі білім беруді модернизациялау, педагогикалық кадрларды даярлау, инновациялық технология, білім беру ресурстары, үздіксіз білім беру.

*Аннотация*

В статье рассматриваются проблемы подготовки специалистов для сферы дошкольного образования в условиях инновационного развития экономики, возрастающих требований общества к качественному образованию. На основе анализа проблем, тормозящих инновационные процессы в дошкольном образовании, выделяются приоритетные направления совершенствования существующей системы подготовки педагогических кадров. Подчеркивается значимость фактора непрерывности образования, основывающегося на желании самостоятельно учиться и совершенствовать свой профессиональный уровень.

*Ключевые слова:* модернизация дошкольного образования, подготовка педагогических кадров, инновационные технологии, образовательные ресурсы, непрерывное образование.

*Abstract*

Article explores the problems of training for pre-school education innovative development of economy, the increasing demands of society towards quality education based on an analysis of the problems hindering innovation in pre-school education are priority areas for improving the existing system of teacher training. Identifies conditions that ensure the quality of training the student to professional activities. Stresses the significance of the fluidity of education based on the desire to learn and improve their skills.

*Keywords:* modernization of preschool education the training of teachers, training of teachers, innovative technology, educational resources, continuing education.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңарту міндеттерін шешу жаңа идеялар мен тұжырымдамалардың қорын іздестіруді қажет етеді, осының негізінде педагог кадрларды даярлаудың халықаралық деңгейіне қол жеткізуге болады.

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарында қазіргі қоғамдағы ғылыми жетістіктерге ие болатын, кәсіби және өмірлік мәселелерді өз бетімен шешуге қабілетті, алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде қолдануға және көбейтуге қабілетті, тез өзгермелі қоғамда ойлай алатын, шығармашылық көзқарасы жоғары, өз қызметінің нәтижесі үшін жауап бере алатын және өзін-өзі оқытуға бағытталған мамандар қажет екендігі көрсетілген [1].

Осылайша, Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндеттері қарастырылады:

1) 3 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 73,4 %-дан (2013 ж.) 81,6 %-ға (2015 жылы) өсті (2014 ж. – 78,6 %);

2) мектепке дейінгі ұйымдар желісінің дамуы педагог кадрлар санының өсуіне ықпал етті (2013 жылмен салыстырғанда 13,9 мың адамға көбейді);

3) мектепке дейінгі білім берудің мазмұндық аспектілері дамуға көңіл бөлінді (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жаңартылды. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпы білім беретін үлгілік бағдарламасы және мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы әзірленді) [2].

Аталмыш бұл мемлекеттік бағдарлама инновациялық экономикалық дамудың, қоғамның және әрбір азаматтың ағымдағы қажеттіліктеріне жауап беретін сапалы білімнің қолжетімділігін арттыруды көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың (2018 жылғы 10 қаңтар) «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» (10.01.2018) атты Қазақстан халқына жолдауында «...2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет», - деп атап көрсетті [3].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасы мен (бұдан әрі – Бағдарлама) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (бұдан әрі – ҮОЖ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына (бұдан әрі – Стандарт), сәйкес ұйымдастырылады [4].

Стандартта мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған.

Мектепке дейінгі білім беру мәселелерін шешуде мынадай міндеттер көзделеді:

- базалық білімнің инновациялық сипатын қамтамасыз ету;
- білім беру жүйесінің институттарын әлеуметтік даму құралдары ретінде жаңғырту;
- үздіксіз білім берудің қазіргі заманғы жүйесін құру, кәсіби кадрларды даярлау және қайта даярлау;

- білім беру қызметтерінің сапасы мен өзектілігін тұтынушылардың белсенді рөлін бағалау, халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу механизмдерін қалыптастыру.

Бұл міндеттердің бірі - әлеуметтік даму институттары ретінде мектепке дейінгі білім беруді модернизациялау болып табылады. Дегенмен, қазіргі білім беру тәжірибесінде білім беру жүйесін тиімді дамытудың, мемлекеттің маңызды экономикалық ресурсы ретінде мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін инновациялық үдерістерге кедергі келтіретін бірқатар проблемалар бар. Бұл проблемалар:

- білім беру ұйымдарының инновациялық даму үдерістеріне, сондай-ақ қоғамның ақпараттық кеңістігіне кірмеуі;

- қазіргі білім беру технологияларын жеткіліксіз пайдалану;
- білім беру жүйесіндегі маман кадрларды жаңартудың төменгі динамикасы;
- шетелдерде отандық білім беруді дамытудың тиімді механизмдерінің жоқтығы;
- білім беру сапасын бағалау жүйесін тиімді қамтамасыз ететін университеттер мен жұмыс берушілер арасында бәсекеге қабілетті механизмдердің болмауы және кері байланыс [5].

Осыған байланысты, болашақ мамандарға мектепке дейінгі білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын, сонымен қатар инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеруге мүмкіндік беріледі [6].

Педагогикалық практика барысында студенттерді кәсіби қызметке дайындау белгілі бір дәрежеде жүргізу, педагогикалық білім беру үдерісінде барлық деңгейлерді (бакалавраит, магистратура, докторантура) өзара сабақтастықта жүргізу; педагогтарды инновациялық модельге бағыттау; педагогикалық жанашылдыққа студенттердің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру және мотивациялық-тұтастыққа деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру; студенттерді педагогикалық, психологиялық, арнайы және әдістемелік

тұрғыда дайындау және олардың өзара байланысы; студенттер арасында инновациялық мәдениеттілікті қалыптастыру; педагогикалық практиканы ғылыми зерттеушілікпен бірлікте жүргізу көзделеді [6].

Сондықтан, жоғары кәсіби білім беру бағдарламасының вариативті компоненті мазмұнында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері төңірегінде таңдау компоненттерін іріктеу өте маңызды болып табылады, сонымен қатар білім беру әрекеттерінде жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандырып және студенттердің жеке мүдделері мен шығармашылық бағдарлары ескеріледі.

Таңдау компонентінің қатарында мектепке дейінгі білім берудегі қазіргі технологияларын меңгеру, мектепке дейінгі білім берудегі менеджмент, педагогикалық зерттеу жобаларын ұйымдастыру және жоспарлау, тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасын дамыту, білім беру жүйелерін модельдеу және т.б. қамтылады. Бұл мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытудың шынайылығына және келешектегі кәсіби дайындықты едәуір жақындатуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық кадрларды даярлау сапасы, мектепке дейінгі ұйымдарға педагогті психологиялық-педагогикалық тұрғыда дайындау қажеттілігі - бұл қоғам мен мемлекеттің сұранысынан туындап отырғанын білеміз.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын әдістер мен инновациялық технологияларды дұрыс таңдауы маңызды болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, біз педагогикалық білім беру үдерісінде студенттің өзара әрекетін қамтамасыз етуге, кәсіби қызметтің дұрыс көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуге, жүйелі әрекеттер жасауға, туындаған мәселелерді шешуге, тиімді инновациялық технологияларды игеруге, т.б. үйретіледі. Мұндай мақсатқа қол жеткізу білімді интеграциялауда жаңа іскерлік пен дағдыны, кәсібилілікті қажет етеді.

Дәстүрлі білім беру жүйесі студенттердің біліміне, дағдылары мен іскерліктерін меңгеруге бағытталады. Ал, білім берудегі қазіргі көзқарас жеке таным алгоритмін қалыптастыруды көздейді және оның мақсаты ақпараттық басқарудағы тұрақты ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі жағдайда, сапалы және қол жетімді білім беру әрекеттерінде білім беру инфрақұрылымын технологиялық жаңғыртуды талап еткен кезде болашақ маман мынадай кәсіби міндеттерді шешуге дайын болуы керек:

- мектепке дейінгі білім берудің инновациялық құрылымдары мен вариативті үлгілерін жаңа бағдарламалық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету және енгізу;

- білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде балаға қол жеткізе алатын интегративтік сапаларды таңдау кезінде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту;

- мүмкіндігі шектеулі балаларға, олардың өміріне кедергі келтірмей, арнайы білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу, жеке оқу бағыттарын дамыту үшін ерекше жағдай жасау;

- мектепке дейінгі білім берудегі пәндік-дамушы ортаның модульдері мен инновациялық технологияларды жобалау;

- мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығының мазмұнды және процессуалды компоненттерін оңтайландыру;

- білім беру, ғылыми және технологиялық үдерістерді кіріктіру мақсатында мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі ұлттық және халықаралық білім беру жобалары мен бағдарламаларына қатысуын кеңейту [7].

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы мектепке дейінгі білім берудің алдағы перспективалық жоспарында төмендегі мәселелерді қарастырады[8]:

- студенттермен үздіксіз білім беру саласындағы жаңа перспективалы бағыттарды жасау және педагог практикант- мамандармен тығыз байланыстарды жүзеге асыру;

- баланың және оның ата-аналардың құқықтарын жүзеге асыруда сапалы мектепке дейінгі білім беру үшін педагог-зерттеушілер мен педагог-практиктердің жұмысын үйлестіру, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларды модернизациялаудың қазіргі тұжырымдамасын ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру мазмұны мен технологияларын дамыту мәселелерін шешуде студенттердің жұмысын үйлестіру.

Бұл кафедра мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мамандар даярлаудың, сонымен қатар мектепке дейінгі педагогика саласындағы ғылыми-әдістемелік зерттеулердің инновациялық ақпараттық орталығы болып табылады. Сонымен қатар, кафедрадағы білім беру үдерісі мектепке дейінгі білім беру саласындағы әлемдік ғылыми зерттеулерді басқара алатын, бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, өзекті мәселелерді шеше алатын, әлеуметтік-экономикалық өзгеріске бейімделе алатын маман дайындауға мүмкіндік береді.

Сондықтан, жеке тұлғаның қажеттіліктеріне қарай үздіксіз білім беру жүйесін құру үрдісінде аталмыш кафедра үнемі инновациялық білім беру нысандарының сапасын жақсартуға (екінші жоғары білім, оқытудың сырттай формасы, қашықтықтан оқыту) бағытталған. Алайда, студенттің университетте алған білімі мен білігі өмірінің барлық кезеңінде табысқа жетудің кепілі болып табылмайды.

Ақпараттық қоғамда оларды қайта қарастыру және кеңейту қажет: оларды оқуға және өз білімін жалғастыруға деген ықыласпен толықтыру керек. Студенттің өз бетінше білім алуын қадағалау және оқуды жалғастыру үшін тиімді тәжірибе мен практикалық мүмкіндіктер қажет. Осылайша, оқытудың жеке мотивациясы мен білім беру ресурстарының қолжетімділігі үздіксіз білім беруді жалғастыруда негізгі фактор болып табылады.

Білім беру ресурстарының қатарына мыналар жатады: студенттер білім беру үрдісінің маңызды механизмі ретінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, өткізу және жастардың ғылыми мансапты (карьера) таңдауға ынталандырудың тиімді әдісін құру; студенттерді ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды коммерциализациялауға тарту арқылы жастардың кәсіпкерлігін дамыту. Бұл болашақ тәуелсіз білім берудегі студенттердің қажеттіліктерін түсіну мақсатында білім беру қызметтерінің жүйесін дамытуға мүмкіндік береді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» (10.01.20108) атты Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2018
4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМБС) Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту. - 13.05.2016. - № 292.
5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМБС) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы. - 13.05.2016. - № 292.
6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М., 1998.
7. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы. – Алматы, 2016.
8. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының жылдық жоспары.

УДҚ 378.016.02:

***Балгазина Б.С.***

## **ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКУ**

*Казахстан, Алматы, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая*

#### *Аннотация*

В статье описывается опыт использования технологических ресурсов в процессе обучения русскому языку как иностранному. Эти технологии обладают широкими возможностями, влияют на стиль преподавания и методы получения студентами знаний; позволяют увеличить эффективность обучения русскому языку до максимума.

*Ключевые слова:* методика обучения языку, информационно-коммуникационные технологии обучения.

#### *Aңдатпа*

Мақалада орыс тілін шетел тілі ретінде үйрету үдерісінде технологиялық ресурстарды пайдалану тәжірибесі сипатталған. Бұл технологиялар үлкен мүмкіндіктерге ие, оқыту стиліне және студенттерді оқыту әдісіне әсер етеді.

*Түйінді сөздер:* тіл үйрету әдістері, оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары.

#### *Abstract*

This article describes the experience of the use of technological resources in the process of teaching Russian language as foreign. These technologies have the wide possibilities influence on the teaching style and methods for students of knowledge, and they can increase the effectiveness of teaching the Russian language to the maximum.

*Keywords:* language teaching methods, information and communication technologies of teaching.

Сегодня Интернет и веб-технологии занимают важное место в обучении вообще и в обучении иностранным языкам в частности. В «Словаре методических терминов» [1] авторы говорят об использовании компьютерных программ при дистанционном обучении. Однако и при очном обучении языкам компьютеры и интернет играют большую роль: с появлением технологий мультимедиа, интернета, телекоммуникационных сетей рамки использования компьютера расширяются. Наблюдается тенденция использования на занятиях средств наглядности, отобранных из глобальной сети, из гипермедийных изданий учебного и общеобразовательного назначения, освоение редактора презентаций (Microsoft, Power Point) и др.

В данной работе мы рассматриваем проблему использования Интернета и информационно-коммуникационных инструментов при обучении иностранному языку.

Внедрение компьютера в жизнь современного общества, специальные знания, необходимые преподавателю при подготовке и использовании учебных компьютерных материалов, позволяют говорить об обучении с помощью компьютера как о самостоятельном направлении в методике преподавания иностранных языков, в частности русского языка как иностранного [2].

Перспективам использования информационных и коммуникационных технологий в образовательном процессе посвящены работы таких российских ученых, как Е.С.Полат, Э.Г.Азимов, О.И.Руденко-Моргун, Л.К.Серова, Т.В.Васильева, И.О.Роберт и др. [7; 2; 8; 10; 4; 9].

Компьютерное языковое обучение получило широкое распространение благодаря разработке индивидуального подхода к обучению, согласно которому для каждого учащегося типичен тот или иной способ осуществления деятельности по овладению иностранным языком. Обучение в соответствии с данным подходом предполагает:

- а) самостоятельность учащихся (определение предпочтительных приемов работ и др.);
- б) учет социокультурных особенностей, эмоционального состояния, морально-этических и нравственных ценностей учащихся;
- в) целенаправленное формирование коммуникативно-речевых умений, соответствующих наиболее характерным для личности обучающегося учебным стратегиям и др.

Владение информационно-коммуникационными технологиями (ИКТ) - это не только умение получать информацию, но и умение быть «технически коммуникабельным», то есть умение донести свою информацию до обучающихся, своевременно внедрять в учебный процесс новые технологии и формы работы со студентами.

С развитием веб-технологий список ИКТ-компетенций преподавателя расширяется. Если раньше ИКТ-компетенция преподавателя включала в себя: приобретение практических

навыков по созданию, редактированию и форматированию текстовых документов, составлению таблиц, работе со вставками различных объектов, умение сканировать, готовить презентации и т.д., - то сейчас время предъявляет более серьезные требования: умение проектировать, создавать и продвигать собственные веб-сайты, обрабатывать цифровые фотографии и небольшие видео и др.

Компьютеры, подключенные к сети, помогают преподавателям отслеживать и оценивать успехи обучаемых, а при необходимости и корректировать их обучение. Появляется возможность включать в задания для самостоятельной работы гипертекстовые ссылки на электронные источники. Учащиеся могут создавать собственные гиперсвязи и использовать мультимедийные элементы в своих заданиях для самостоятельной работы, курсовых и дипломных работ.

«Первые компьютерные программы, появившиеся в 1960-70-е гг., представляли собой грамматические и лексические языковые задания - дриллы, предполагавшие целенаправленную отработку отдельного учебно-речевого действия, его многократное воспроизведение, выполнение аналогичных ему действий с целью запоминания языкового явления и его автоматизации. Положительной стороной компьютерных языковых упражнений такого рода стала высокая повторяемость усваиваемых единиц, их «изоляция», снимавшая языковые трудности в процессе овладения этими единицами. В 1970-е гг. было обращено внимание на содержательную сторону компьютерных материалов, на ориентацию последних в область формирования коммуникативных умений обучающихся» [5, С.48].

Сегодня для увеличения эффективности обучения языку можно использовать следующие технологические ресурсы.

*1. Веб-сайты, базирующиеся в сети Интернет:*

- а) фильмы и файлы движения: Youtube ([www.youtube.com](http://www.youtube.com));
  - б) русское телевидение и радио: разные телеканалы и радиостанции;
  - в) русский государственный корпус русского языка: Ruscorpora ([www.ruscorpora.ru](http://www.ruscorpora.ru));
  - г) словари: Multitran online dictionary ([www.multitran.ru](http://www.multitran.ru)), Rambler dictionary ([www.rambler.ru/dict](http://www.rambler.ru/dict));
  - д) грамматика: Грамота ([www.gramota.ru](http://www.gramota.ru));
  - е) динамический («живой») способ (переписка и разговор): Skype ([www.skype.com](http://www.skype.com)).
- Все эти указанные способы базируются во всемирной электронной сети.

*2. Портативная аппаратура для личного пользования:*

- а) смартфоны (iphone, Galaxy S etc.);
- б) PMP (Personal Multimedia Player) и MP3/MP4 player (плэйер);
- в) Ай-пад, Галакситаб и электронная книга.

В отличие от тех электронных ресурсов, о которых было сказано выше (1), это аппаратура личного пользования. Учащиеся могут обращаться к базе данных, не считаясь со временем и местом. Благодаря развитию беспроводных технологий, учащиеся имеют доступ к нужной им информации при помощи смартфонов, Ай-падов, Галакситабов и т.п. Разнообразная аппаратура, т.е. личный мультимедийный плэйер (PMP, personal multimedia player), MP3/MP4 плэйер и т.д., используются для обучения русскому языку.

Также, на наш взгляд, при обучении иностранцев русскому языку будут эффективны следующие инструменты обучения: аудасити (Audacity), уордпресс (Wordpress), скайп (Skype), подкастинг (podcasting), баркемп (BarCamp) [3].

Внедрение и использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в образование позволяет решать следующие задачи:

- создать условия для использования компьютеров в обучении по предметам базисного учебного плана;
- сократить время на поиск и доступ к необходимой учебной и научной информации;
- высвободить дополнительное время у преподавателей вузов на совершенствование и развитие образовательного процесса;



- облегчить совместное использование учебных ресурсов географически распределенными институтами;
- сделать дистанционное образование намного более доступным.

Информатизация высшей школы – это, прежде всего, изменение содержания, методов и организационных форм учебной работы. Главными «проводниками» этой работы в вузе являются педагоги и, следовательно, решение задач подготовки, переподготовки и повышения квалификации педагогических кадров – обязательная составная любой программы информатизации образования.

Повышение квалификации в области информационных и коммуникационных технологий для работников образования в настоящее время приобретает особенное значение, так как большинство специалистов высокой педагогической квалификации сформировали профессиональные знания и умения в эпоху аналоговых технологий.

Если раньше педагоги повышали квалификацию, как правило, один раз в пять лет, то современное динамичное развитие информационных технологий обязывает этот период значительно сократить и даже создать условия для постоянного повышения квалификации по этому направлению для того, чтобы сократить неизбежное отставание преподавателей вуза от реального состояния и возможностей информационно-коммуникационных технологий.

Как показывает практика, в области ИКТ-подготовки уровень повышения квалификации работников образования в основном перешёл с этапа начального освоения компьютерных технологий к этапу изучения методики эффективного использования этих технологий в своей профессиональной деятельности [6, С.327].

Курсы повышения квалификации преподавателей русского языка как иностранного могут быть организованы как на уровне университета, так и на уровне кафедры. Особо следует отметить возможности виртуальных социальных сетей преподавателей. Одна из известных социальных сетей, где есть специальный раздел «Социальные сети в образовании», - Ning (<http://www.ning.com/>). На её основе создана русскоязычная Социальная сеть учителей <http://mypedsovet.ru/>. Такие сети в образовании объединяют преподавателей, учителей из разных городов, стран. Преподаватели получают возможность делиться своим опытом, учебными материалами, давать консультации, проводить форумы, дискуссии, виртуальные конференции и т.д.

Таким образом, использование в учебном процессе ИК-технологий можно рассматривать с разных точек зрения: как разнообразные формы и способы подачи учебного материала; как повышение квалификации и самосовершенствование преподавателей.

Указанные в данной работе информационно-коммуникационные технологии и инструменты обучения эффективны для внедрения в учебный процесс как на начальном, так и на продвинутом этапах обучения языку.

### ***Список использованной литературы***

1. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Словарь методических терминов (Теория и практика преподавания языков). - СПб., 1999.
2. Азимов Э. Г. Использование компьютера в обучении русскому языку как иностранному. - М., 1995.
3. Балгазина Б., Ким Се Иль. Веб-технологизация процесса обучения русскому языку как иностранному: реальность и перспектива // The Journal of Foreign Studies. Foreign Studies Center Chung-Ang University. - №17. - 30/09/2011. - С.191-204.
4. Васильева Т.В. О возможных путях интеграции компьютерных дидактических материалов в систему занятий по русскому языку как иностранному // Традиции и новации в профессиональной деятельности преподавателя русского языка как иностранного: Учебная монография / Под общей ред. С.А.Хаврониной, Т.М.Балыхиной. - М.: Российский университет дружбы народов, 2002.

5. Гарцов А.Д. Новые информационные технологии в высшей школе // Информационные технологии в методике преподавания языка: новые приоритеты. - М., РУДН, 2004. - 198 с.
6. Потапова Р.К. Новые информационные технологии и лингвистика. - М., 2002. -575 с.
7. Полат Е.С. Новые педагогические технологии. - М., 1997.
8. Роберт И.О. Современные информационные технологии в образовании. Дидактические проблемы: перспективы использования. - М.: Школа-пресс, 1994.
9. Руденко-Моргун О.И. Компьютерные технологии как новая форма обучения РКИ // Традиции и новации в профессиональной деятельности преподавателя русского языка как иностранного: Учебная монография / Под общей ред. С.А.Хаврониной, Т.М.Балыхиной. - М.: Российский университет дружбы народов, 2002.
10. Серова Л.К. Компьютерные технологии на начальном этапе преподавания РКИ // Традиции и новации в профессиональной деятельности преподавателя русского языка как иностранного: Учебная монография / Под общей ред. С.А.Хаврониной, Т.М.Балыхиной. - М.: Российский университет дружбы народов, 2002.

УДК 373.5.02.016:004

*Л.Х.Жунусова*

## **ИНФОРМАТИКАДАН ҚИЫНДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Қазақстан, Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

*Аңдатпа*

Мақалада информатиканы оқыту әдістемесінің мәселелерінің бір бөлімі қарастырылған. Ол информатикадан қиындығы жоғары есептерді шығару мәселесі. Информатика көпсалалы техникалық ғылым болып саналғандықтан бұл жерде есеп шығаруды ұйымдастыру мәселесі әрқашан өз шешуін күтіп тұрады. Мақалада информатикадан қиындығы жоғары есептерді шығаруәдістемесі мен қатар оқыту технологиялары жайлы да айтылған.

*Түйінді сөздер:* информатика, оқыту әдістемесі, педагогикалық технология, оқу үрдісі, компьютер.

*Аннотация*

В статье рассматривается раздел методики преподавания информатики. Это вопрос проблем компьютерной науки. Информатика – multidisciplinary technical science, поэтому проблема организации отчета все еще не решена. В статье также говорится о проблеме информатики и технологии решения высокотехнологичных проблем.

*Ключевые слова:* информатика, методика преподавания, педагогическая технология, учебный процесс, компьютер.

*Abstract*

The article provides a part of the teaching methodology of computer science. It is a matter of computer science problematic issues. Computer science is a multidisciplinary technical science, so the problem of organizing the report is always waiting for its solution. The article also speaks about the problem of computer science and high technology problem reporting technology.

*Keywords:* computer science, teaching methodology, pedagogical technology, educational process, computer.

Еліміздің, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік инновацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – мектептің, ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті. Адам ұрпағымен мың жасайды дегендей, ұрпақ тәрбиесі қай кезде де халықтық мәселе болған. Тарихтан білетініміз: дарындылар, қабілеттілер аса жоғары бағаланған, сондықтан қазіргі мектеп мұғалімдері алдында тұрған аса маңызды міндет – талабы таудай жеке тұлғаны өсіріп шығару. Ал еш нәрсеге бейімділігі жоқ қабілеті жоқ адамның болмайтыны педагогикада дәлелденген. Оқушы талантын тауып, дарынын дамытар жұмысты бастауыш сыныптан бастап жүргізу керектігі айдай анық. Жеке тұлға қалыптастыруда әр оқушының

қабілетін танып, біліп, дамытып, шыңдап, жол сілтеп адам дәрежесін көтеру керек және жаңашыл жұмысқа бет бұру керек, ол үшін ұлттық мәдениетті көтеру, ұлттық педагогиканы, халық мұрасын пайдалану арқылы намысты, имандылық пен ізгілікті, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарап, өз бағасын бере білетін, рухани байлықты қастерлейтін, өз ошағын, Отанын қорғай білетін азамат тәрбиелеу. Сол үшін ұлттық мектебімізде жаңа білім беруде жаңаша әдіс- тәсілмен жүргізуіміз керек.

Бірақ мектептің түрін өзгерткеннен (гимназия, лицей, т.б.) ойлаған мақсатқа жете алмаймыз. Ондағы оқыту мазмұны, білім беру технологиясы баланың талантына, дарынына, талап-тілегіне қарай ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, бабалар тарихын негізге ала отырып, жеке тұлға қалыптастыруға бағытталу керек. Қазіргі таңда педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, білім беру мазмұны жақсарып, жаңа көзқарастар пайда болып, білім беру құрылымында қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар өмірге келуде. Оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды алдымен жете меңгерген, одан соң оны оқу мазмұнына балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай пайдаланудың маңызы зор. Педагогикалық технология ұғымы іс-тәжірибемізде жиірек қолданылып, практикаға енуде. Ал «технология» түсіндірмесін сөздікте қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амадардың жиынтығы, ал педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті – деп В.Кларин айтып өткендей, педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің жобасы. Ал педагогикалық жүйе дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық қалпыдастыруға қажетті өзара байланысқан әдістер құралдарының жиынтығы. Олай болса, дәл қазір бізге осы педагогикалық технологияны дамыту приктикада пайдалану [1],[2].

Егер өткен уақытта мұғалім алдына тек оқушыларға белгілі бір мөлшерде ғана білім беру боса, қазіргі уақытта білім беріп қана қоймай, оқушының оқыту процесінде дамуыда есептелуі тиіс.

Педагогикалық технологияның негізі – саралап оқыту. Бұл бойынша оқушы білімді меңгеру деңгейін төртке бөлуге болады. Бірінші төменгі деңгей – міндетті деңгей, қалғаны оқушы қабілетіне қарай игеріледі. Сонда міндетті деңгейді мемлекеттік өлшем ретінде алсақ, білім берудің шығармашылық сипаты қалыптасады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология – оқушының шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі, оқыту мен тәрбиелік тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі. Мектептің ескі құрылысы мен білімнің жаңа мазмұны арасындағы қарама-қайшылықты жою үшін жүйелі түрде саралап, білім берудің түпкі мақсаты өмірдің сан тараулы дамуын меңгеретін адамға табиғи мүмкіндігі негізінде дамыта тәрбиелеу. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен қазіргі заманғы педагогикалық технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық жағынан дамыған елдердің тәжірибесі экономи- ка, ғылым мен мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр, ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын меңгеру міндетіміз [3].

Қазіргі заманауи білім концепциясына сәйкес ақпараттық білімнің мақсаты қоғамды өмірде қажетті оқушылардың ақыл-ойын дамыту, ойлау қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Ақпараттық білімнің 5-6 сыныптардағы информатика пәні оқушылардың танымдық процестерін дамыту мақсаттарына, 7-11 сыныптарында программалау бөлімі танымдық процестерді жетілдіру мақсаттарында тапсырмалар беру керек. Л.С.Выготскийдің айтуынша, оқыту бұл – баланың дамуының алғы шарты болып табылады, себебі ол баладан бұрын пайда болған жүйе және ол әр уақытта бала дамуының алдында жүреді. Егер оқушы өзбетімен информатикадан олимпиадалық есептерді, қиындығы жоғары есептерді шығара алатын болса, онда оның интеллектуалды дамуының жоғары көрсеткіші болып табылады.

Мұғалім дәстүрлі білім беру әдістерін пайдалана отырып, оқыту процесін оқушының дамытушылығы мен әсерітигізе алатындай етіп ұйымдастырады.

Біздің ойымызша, бұны жүзеге асыру үшін қиындығы жоғары есептерді берілетін тапсырмаларды кірістіріп қарастыру керек.

Оқыту теориясында есеп ұғымын мен метод қолданылады. Есеп шығару оқытудан шығармашылық ойлауды, қандайда бір оқу мәтін менгеруді немесе қандайда бір танымдық іс-әрекетті талап етеді. Енді ғалымдардың есеп ұғымына қатысты пікірлерін келтірейк. А.Н.Леонтьев бойынша, есеп, қандайда бір шартты орындаудағымақсат. К.И.Нешков және А.Д.Семушкин, есепті анық атқаратын функциясына сай, мынадай типтері белгілі: дидактикалық есептер; танымдық есептер және дамытушы есептер. Ал Ю.М. Колягиннің ойынша, есеп білім берудің негізгі компоненталары, олар: білім алу, тәрбиелеу және дамытуға сәйкес болуы керек [4].

Оқу-тәрбие үдерісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар: Лысенкованың алдын ала оқыту, Хазанскиннің есептер шығару, Палтышевтың физиканы есептеп шығару, Шаталовтың интенсивті оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтің мәселелік оқыту оқытудың белсенді әдісі, т.т. Ал, соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясымен Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Қараевтің оқытуды дифференциялау және білім беру демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүр.

Адамның өмір бойында дамыту ол оның психологиялық дамуымен тығыз байланысты екендігі белгілі. Бұл дегеніміз, тапсырмалар оқушылардың ми жадысын, зейінін және ой қозғау мүмкіндігіне дамытуды ескерк отырып, оқушының жадын дамытуға әртүрлі нормалармен суреттермен жұмыс жасаған дұрыс.

Қабылдау процесінде адамның өткендегі тәжірибесі ерекше маңыз алады. Сыртқы ортадан дамылсыз ақпарат келіп отырады. Кісі бұлардың бәрін бірдей дұрыс қабылдай алмайды, немесе үлгермейді. Егер бала өмір бойы поезды көрмей өссе, оны бірден жақсы тани алмайды. Адамның сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстарын қабылдауы селқос үңілу емес, белсенді қабылдау. Белсенді қабылдау дүниені тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Қабылдау - ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. Қабылдаудың физиологиялық негізіне бірнеше тітіркендіргіштердің жиынтығы мен олардың қарым-қатынасында пайда болатын уақытша жүйке байланыстары жатады. Мұны И.П.Павлов *қатынас рефлексі* деп атаған. Мәселен, анализаторында осындай қатынас рефлексінің жасалуы (яғни тітіркендіргіштердің бір-бірімен байланысы) заттың түрі түсі, мөлшеріне қарамай-ақ оның тұлғасын тануға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, қабылдау - түйсіктегідей бір анализатордың қызметі емес, бірнеше анализаторлардың бірлесіп қызмет істеуінің нәтижесі. Мәселен, киноны екі анализатордың (, есту) өзара байланысып жұмыс істеуінен болады.

Қабылдаудың объектісі кейбір жеке қасиеттерден, жеке бөліктерден тұрғанымен, біз оларды бүтіндей, тұтастай қабылдаймыз.

Кей кезде бұрынғы тәжі-рибемізде ұшыраған кейбір объектілердің жеке бөлік-тері, шет жағасы, үзінділері қабылданса да, біз бұларды тұтас зат форма-сында қабылдаймыз. Адам алдындағы үш нүктені жеке нөкат ретінде қабылдамайды. Мұны үш бұрыштың тұтас бейнесі деп түсінеді. Өйткені, қабылдаудағы жеке бөліктер жиналып келіп, тұтас нәрсенің бейнесін құрайды.

Толып жатқан объектілердің ішінен біреуін іріктеуіміз (оның қасиетін, сапасын) *қабылдаудың таңдамалылығы* делінеді. Мәселен, кітап оқығанда ондағы бірер сөз қате жазылған болса да байқамай оқып кете береміз. Егер кітапта «университет» деген сөз «унверситет» деп қате жазылса да, біз оны «университет» деп дұрыс оқимыз. Кітап оқығанда оның мазмұнына ерекше көңіл болінетіндіктен, мұндай қателер қозге түспей қалады. Ал

жеке создерге, жеке өріптерге шүкшия көз салған жағдайда (мәселен, корректорлар) текстін мазмұны ұғылмай, күңгірт қалып қоятын кездері болады.

Қабылдауда зейін аударып, талғаудың зор маңызы бар. Мұндай жағдайда объектінің назар аударылған белгілерін, қасиеттерін, керек жақтарын қабылдаймыз. Біздің назар аударатынымыздың ішіндегі ең бастылары, қазірде істепжатқан әрекетімізге қажет қызықтыратын, қажетімізге жарайтын нәрселер болып табылады.

Қабылдаудың таңдамалылығы әр түрлі объективтік (объектілердің ерекшеліктеріне - күші, қозғалысы, қарым-қатынасы т.б.) және субъективтік (адамның қабылданатын затқа қызығуы, оны қажетсінуі, сол кездегі психикалық көңіл-күйі т.б.) себептерге де байланысты болып келеді.

Ой қозғауды дамыту үшін сигналдарды шифрлау және дешифрлау, символдар жасыру мәселеге есептің шарттарына кері шартпен жұмыс істеу тапсырмаларын дайыдау керек. Сол сияқты ақпараттық диктант жүргізіп отыру қажет [5].

Оқытудың жаңа технологияларының барлығы оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, оқытушы оқыту барысында қажетті ақпараттық, техникалық құралдарды пайдаланып, оқушының терең білім алуына жағдай жасайды.

Информатика пәнінен стандарт емес тапсырмаларын орындау арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады.

Қорыта келгенде, информатикадан қиындығы жоғары есептерді шығару жүйелі түрде ұйымдастырушылық қана өзінің жемісті нәтижесін береді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Агеева И.Д. Занимательные материалы по информатике и математике. – М.: Творческий центр Сфера, 2006.

2. Босова Л.Л., Босова А.Ю., Коломенская Ю.Г. Занимательные задачи по информатике. – М.: Бином.Лаборатория знаний, 2005.

3. Босова Л.Л., Босова А.Ю., Коломенская Ю.Г. Уроки информатики в 5-6 классах. – М.: Бином.Лаборатория знаний, 2004.

4. Зубрилин А. А. Занимательные задачи на уроках информатики // Информатика в школе: Приложение к журналу: Информатика и образование, 2004. - № 5.

5. Жунусова Л.Х., Буканова А. Методические аспекты развития критического мышления на занятиях компьютерных наук // Международный журнал экспериментального образования. - № 4, 2016. – Ч.3.- С.406-408.

МРНТИ 14.25.09

***Ш.Т.Шекербекова***

## **МӘЛІМЕТТЕР ҚОРИ БАҒДАРЛЫ КУРСЫН ОҚИТУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС ОРТАСЫН ЖАСАУ**

*Қазақстан, Алматы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*

Андатпа

Мақалада информатиканың бағдарлы курсына мәліметтер қорын оқыту қарастырылады. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану–математика бағытында мәліметтер қорын оқытудың ерекшеліктері қарастырылып, оқытуды сүйемелдейтін электрондық ресурс жасау сипатталады.

*Түйінді сөздер:* Мәліметтер қоры, мәліметтер қорын басқару жүйесі, электрондық ресурс, MS SQL Server, Joomla.

#### Аннотация

В статье рассматривается обучение базе данных в профильном курсе информатики. Описаны особенности обучения базе данных в естественно-математическом направлении общеобразовательной школы и разработки создания электронного ресурса, поддерживающего обучение.

*Ключевые слова:* База данных, система управления базы данных, электронный ресурс, MS SQL Server, Joomla.

#### Abstract

The article discusses the database learning profile of informatics. The features of teaching a database in the natural-mathematical direction of a comprehensive school are considered, and the development of an electronic resource that supports learning is described.

*Keywords:* Database, database management system, electronic resource, MS SQL Server, Joomla.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда әр алуан саладағы адамның қызметі ақпарат пен ақпараттық өзара әрекеттестікті алу, түрлендіру, жеткізіп беру, сақтау, пайдалану, қолданбалы сипаттағы қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді жасау мен пайдалану үдерістерімен тығыз байланысты.

Информатиканы оқытудың құралы ретінде білім беру электрондық ресурстарын қолданумен жүзеге асырылатын оқыту әдістемесі ерекше рөл атқарады. Электрондық ресурстар да аппараттық қолдауды, яғни компьютерді қажет етеді. Электрондық ресурстарды қолданып оқыту жаңа педагогикалық технологияның бір түрі болып табылады, ол педагогиканың негізгі заңдарына бағынады және білім берудің дәстүрлі дидактикалық ерекшеліктерін ұстанады, бірақ оқу ортасының жаңа шарттары мен критерийлерімен толықтырылады.

Жаратылыстану-математика бағытына арналған «Мәліметтер қорының негіздері» бағдарлы курсына оқытуға арналған электрондық ресурс ортасын жасауға «Joomla» ортасын қолдануға болады. Біздің жағдайда электрондық ресурс құруға «Joomla 3» ортасын пайдаланылды.

Алдымен мәліметтер қорын басқару жүйесі дегеніміз не екендігіне тоқталып өтеміз. Бұл мәліметтер қорын құруға, енгізуге және оны көптеген пайдаланушылардың бірлесе отырып пайдалануына арналған тілдік және программалық құралдардың кешені [1].

Барлық мәліметтер қорларын басқару жүйелері екі топқа бөлінеді:

- жергілікті (локальді);
- желілік.

Жергілікті – бір компьютерде жұмыс істейтін мәліметтер қорларын басқару жүйелері. Оларға dBase, FoxPro, Microsoft Access және т.б. жатады.

Желілік – клиент-сервер технологиясының көмегімен мәліметтер қорын бірнеше компьютерлер қолданатындай мүмкіндік бар мәліметтер қорларын басқару жүйесі. Оған InterBase, Oracle, MySQL, Microsoft SQL Server және т.б. мысал бола алады. Осы аталған жүйелердің ішінде жаратылыстану-математика бағытында оқитын жоғарғы сынып оқушыларына Microsoft SQL Server ортасында мәліметтер қорын құруды оқытуды қарастырамыз. SQL Server – басқару жүйесі, мәліметтер қорын қорғау, архивтеу және қайта қалпына келтіру құралдары, Transact-SQL сұраныстар тілі бар толық функционалды серверлік мәліметтер қорын басқару жүйесі. Мәліметтер қорын ықшамды және сенімді сақтауды, және үлкен көлемдегі ақпараттарды өңдеуді қамтамасыз етеді [2].

Енді «Joomla» ортасының ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Joomla - бұл әлемдегі ең мықты ашық кодтармен (Open Source CMS) берілгендерді басқару жүйесі (Систем Управления Содержимым). Оны көптеген елдерде түрлі мақсаттарға пайдаланады, мысалы кішкентай сайттардан үлкен кешенді порталдарға дейін. Joomla сөзі қазақша мағынасы «бәріміз бірге» немесе «біргеміз». Басқа жүйелерден Joomla-ның басты айырмашылығы – бұл сіздің арнайы біліміңіздің болу-болмауына қарамай, сайтты басқарудың оңай болуы. Joomla - PHP және JavaScript тілдерінде жазылған.

Joomla-ның ең басты артықшылығы оның сенімділігі, тегін таратылуы және қорғаныш мықтылығы. Joomla тез орнатылады, қолдану оңай және сенімді. Joomla GPL лицензиясымен

қорғалған тегін бағдарламалық қамсыздандыру болып табылады. Ең алдымен Контенттерді басқару жүйесіне (CMS) анықтама беріп өтейік. Контенттерді басқару жүйесі (CMS)-бұл сіздің сайттағы мәліметтеріңізді басқаруға арналған бағдарламалық қамсыздандыру. Сайттағы мәліметке мәтін, фотография, музыка, видео, құжаттар және т.б жатады.

CMS Joomla-ны мынадай мақсаттарда қолдануға болады:


- корпоративтік сайттар немесе ақпараттық порталдар;
- корпоративтік интранет (локальды) сайттар;
- онлайн газеттер, журналдар, мақалалар;
- электрондық коммерция;
- шағын бизнеске арналған сайттар;
- коммерциялық емес және мекемелер сайты;
- белгілі бір ұйым сайты;
- мектеп сайттары.

Joomla-ны кез келген қолданушы орната алатындай етіп қарастырылған. Сонымен қатар сіздің мақсатыңызға қарай сайтты кеңейтуге мүмкіндік бар. Интернеттен өзіңізге ұнаған модульді жүктеп алып, сайтыңызға орнатуға болады.

Joomla-ның стандартты мүмкіндіктері:

- жаңа беттерді шексіз қосуға болады;
- шаблондарды еш қиындықсыз және тез алмастыру мүмкіндігі;
- сайттағы материалдарға шектеу қою мүмкіндігі;
- RSS-ті қолдайды;
- кері байланысты ұйымдастыру.

Біз жұмыс істейтін сайттың администратор панелі арқылы білім беретін сайттың алғашқы бетін құрастырамыз. Біздің жағдайымызда «Информатик» сайты деп атадық. Құрылған сайттың алғашқы беті келесі суретте келтірілген (сурет 1).




Сурет 1 - Электрондық ресурстың алғашқы беті


«Информатик» сайтының бас мәзірлері: Басты бет, Оқу құралы, Оқыту, Авторизация, MS SQL Server 2012 болып келеді. Оқу құралының құрылымы Бағдарлама, Дәріс, Зертханалық жұмыстар, Тапсырмалар, Тест тапсырмалары және Пайдаланған әдебиеттер тізімінен

Электрондық ресурстың оқу құралы мәзірінен Бағдарлама мәзіріне өткенде жаратылыстану–математика бағытына арналған «Мәліметтер қорының негіздері» бағдарлы курсының бағдарламасы келтірілген (сурет 2).

Сол сияқты Дәріс бөліміне өтетін болсақ, онда курстың дәрістер тақырыбы шығады. Сәйкес дәріс тақырыбын таңдау арқылы дәрістердің теориялық материалдарын оқып үйренуге болады. Ал Зертханалық жұмыстар бөліміне өтетін болсақ әрбір зертханалық сабақтың тақырыбы шығады (сурет 3).




Сурет 2 - Бағдарлама бөлімі



Сурет 3 - Зертханалық жұмыстар бөлімі


Оқу құралы мәзірінің тапсырмалар бөлімінде оқушыларға арналған мәліметтер қорын құруға тапсырмалар және реферат дайындауға тапсырма тақырыптары берілген. «Мәліметтер қорын құру» тапсырмалары 11 тапсырмадан тұрады (сурет 4). Мысалы, «Сақтандыру компаниясы», «Қонақ үй», «Ломбард», «Оқу жүктемесін бөлу» және сол сияқты кешенді тапсырмалар берілген.



Сурет 4 - Мәліметтер қорын құру бойынша тапсырмалар



Сонымен қатар, теориялық және зертханалық жұмыстар мен тапсырмалардан бөлек оқушылар ізденіп, өз білімдерін жетілдіру үшін немесе тапсырмаларды жасау барысында қиындық туған теориялық материалдарды оқып үйрену үшін әдебиеттерге сілтемелер келтірілген (сурет 5).



Сурет 5 - Сілтеме келтірілген әдебиеттер тізімі

Электрондық ресурста теориялық, зертханалық жұмыстар мен тапсырмалардан басқа оқушылардың білімін тексеруге арналған тест тапсырмалары, пайдаланған әдебиеттер тізімі, MS SQL Server 2012-ні компьютерге орнатудың программасы келтірілген. Осы программа арқылы оқушылар MS SQL Server 2012-нің программасын өз компьютерлеріне көшіріп, орната алады.

Осы айтылғандардан басқа электрондық ресурста информатикаға қатысты қызықты мәліметтер, Әлемнің, Қазақстанның ақпараттық технологиялары бойынша жаңалықтары, Сайтта отырғандар туралы мәліметтер модулдері келтірілген.

Жаратылыстану–математика бағытына арналған «Мәліметтер қорының негіздері» бағдарлы курсының электрондық ресурсында теориялық материалдар, зертханалық жұмыстар мен тапсырмалар, оқушылардың білімін тексеруге арналған тест тапсырмалары, пайдаланған әдебиеттер тізімі берілген. Сонымен қатар, ресурста MS SQL Server 2012-ні компьютерге орнатудың программасы келтірілген. Осы программа арқылы оқушылар MS SQL Server 2012-нің программасын өз компьютерлеріне көшіріп, орнатуларына болады.

Жаратылыстану–математика бағытына арналған «Мәліметтер қорының негіздері» бағдарлы курсының электрондық ресурсын осы бағытта оқитын оқушылар сабақ барысында пайдалануларына болады.

Сонымен бірге, электрондық ресурста оқушыларға арналған информатикаға қатысты қызықты мәліметтер, Әлемнің ИТ жаңалықтары, Қазақстанның ИТ жаңалықтары және сайтта отырғандар туралы мәліметтер модулдері жасалынған.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Шекербекова Ш.Т., К. Елубаев. Ключевые понятия при изучении баз данных в высших учебных заведениях на основе клиент-серверных технологий / Проблемы информатики, 2012. - № 4. - 280 с.

2. Шекербекова Ш.Т., К. Методика изучения баз данных на основе языка SQL / Материалы XXII Международной конференции-выставки ИТО-2012: Сборник трудов. - Часть II. - С.36.

3. Шекербекова Ш.Т., Қуанышұлы Ы. Мәліметтер қорын оқытудағы негізгі түсініктерді қалыптастыру жайлы /Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҰИА академигі, Қазақстан ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының иегері, техника ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Уалиевтің 75-жылдық мерейтойына және 55 жылдық ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған «Механика

жүйелерін және физикалық процесстерін математикалық моделдеу» атты III Халықаралық ғылыми- практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2016. – 180 б.

ӘОЖ: 378.075.8:539

<sup>1</sup>Ж.Қ.Сыдықова, <sup>2</sup>М.Т.Искакова, <sup>3</sup>Е.А.Оспанбеков

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Қазақстан, Алматы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

